

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымының**

2021

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК
МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ ҚЫЗМЕТІ**

1-бөлім

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

- | | |
|----|---|
| 11 | 1.1. Мектептер желісі және оқушылар контингенті |
| 13 | 1.2. Оқушыларды конкурспен іріктеу |
| 19 | 1.3. Виртуалды және Демалыс мектебі |

2-ТАРАУ. ПЕДАГОГ КАДРЛАР

- | | |
|----|--|
| 23 | 2.1. Мұғалімдерді конкурспен іріктеу |
| 27 | 2.2. Педагог кадрлардың сапалық құрамы |
| 30 | 2.3. Біліктілікті арттыру жүйесі |
| 38 | 2.4. Педагог қызметкерлердің жұмысын бағалау |
| 41 | 2.5. Педагог мамандардың жетістіктері |

3-ТАРАУ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

- | | |
|----|--------------------------------|
| 49 | 3.1. Білім беру бағдарламалары |
| 64 | 3.2. Білім беру ресурстары |
| 68 | 3.3. Тәрбие жұмысы |
| 75 | 3.4. Қосымша білім беру |
| 79 | 3.5. Оқушылардың әл-ауқаты |
| 84 | 3.6. Кәсіби бағдарлау жұмысы |

4-ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

5-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ

- 101 5.1. Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу
- 104 5.2. Критериалды бағалау жүйесі
- 104 5.3. 5, 10-12-сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалау
- 107 5.4. Зияткерлік мектептерді аккредиттеу
- 108 5.5. NIS-PROGRAMME білім беру бағдарламасын және NIS сертификатын тану

6-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 113 6.1. Оқу үлгерімі және білім сапасы
- 114 6.2. Халықаралық және республикалық олимпиадалар, конкурстар, конференциялар және ғылыми-зерттеу жұмыстары
- 127 6.3. Халықаралық емтихан нәтижелері
- 128 6.4. Жоғарғы оқу орындарына түсу

7-ТАРАУ. ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ АШЫЛУЫ ПРИЛОЖЕНИЯ

ҚОСЫМШАЛАР

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСТАР МЕН ОЛИМПИАДАЛАР ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

ДББҰ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫ МЕН ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ



Құрметті оқырман!

Біз Сізді «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жұмысының қорытындысымен таныстырып, оқушылар мен кәсіби педагогикалық қоғамдастықтың жетістіктерін жеткізгіміз келеді.

2021 жылы еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толды. Осы аралықта алдағы күнде асқақ мақсаттарға жетуге ден қойған білім беру жүйесінің ұлттық моделі нық қалыптасып, қарқынды дамуда.

Еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыруды өз миссиясы ретінде бекіткен Зияткерлік мектептері де осы бағытта көш бастап келеді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығының қорытындысы Зияткерлік мектептердің 2021 жылғы іс-шараларының негізгі тақырыбы болды. Онда жетістіктер мен табыстар, жалпыұлттық патриоттық идеяны ілгерілету, қоғамның дамуына үлес қосуға ынталы, оның бір бөлшегі екенін сезінетін, азаматтық құндылық мен бірлік ұғымын қадірлейтін, елін мақтан тұтатын азамат тәрбиелеу, тұлғаның отаншылдық сезімін бекіту мәселелері қамтылды.

Зияткерлік мектептер де еліміздегі басқа мектептер сияқты пандемия сынағынан өтті. Мектептердің барлық ресурсы қашықтан оқытуға қолдау көрсетуге бағытталды.

Бұл режим тиімді тәжірибе жинақтап, айрықша құндылықтар қалыптастыруға сеп болды. Қашықтан оқу барысында ойлау мен сана, кеңістік ұғымы өзгеріп, оқу үдерісін ұйымдастыру, уақытты тиімді үйлестіру жөнінде жаңа көзқарас пайда болды. Онлайн-сабақтар мәдениетінің қалыптасуын, оқушылар, мұғалімдер және ата-аналардың АКТ-құзыреттілігінің артуын, оқу материалдарының қорын жинақтау тәжірибесін, мұғалімдердің желілік ынтымақтастығын және ұжымдық жұмысының беки түсуін қашықтан білім берудің оң нәтижелері деп атауға болады. Дегенмен мұндай режимнің эмоциялық байланыс пен адамдардың бетпе-бет жүздесіп, кездесер қарым-қатынасына салқынын тигізгенін жоққа шығара алмаймыз.

Сол кезеңде білім беру үдерісін ұйымдастыру сапасын төмендетпеу маңызды міндет болғандықтан, сапаға айрықша мән берілді және оның үдесінен шыға білдік. Қашықтан оқыту режимінде оқу үдерісінің оңтайлы да сәтті ұйымдастырылғаны оқушылардың оқу жетістіктері мен халықаралық емтихандар нәтижелерімен расталып отыр.

Зияткерлік мектептердің түлектері қазақстандық және халықаралық үздік жоғары оқу орындарына, атап айтсақ, 6 түлек Айви лигасының университеттеріне, 677-сі (29%) Назарбаев университетіне, 78-і (3,3%) QS рейтингі бойынша әлемнің үздік жоғары оқу орындарына, 560-ы (24%) басқа шетелдік жоғары оқу орындарына түсті.

2021 жылы SAT1 емтиханының қорытындысына сәйкес оқушылардың орташа балы 1281-ді болды. Мұндай нәтижеге бүкіл әлем бойынша тестіленген оқушылардың 11%-ы ғана жеткен.

IELTS халықаралық емтиханының орташа балы 6,5 балдан 6,7 балға дейін артты. Әрбір екінші оқушының нәтижесі 7,0 балл және одан жоғары; түлектердің 70,2%-ы 6,5 және одан жоғары балл алған.

Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми сайыстарда 301 оқушы жүлделі орындарға ие болды, былтырға қарағанда 11%-ға жоғары. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің құрама командасы республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша еліміздің Үздік олимпиадалық командасы атанды. Сонымен қатар Республикалық ғылыми жобалар байқауында алтын медаль саны бойынша 1-орынға шықты. Зияткерлік мектептердің оқушылары Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет беделді Халықаралық география олимпиадасында (IGeo) алтын және күміс медальдарға ие болды.

Календарь ключевых событий 2021 года



Түркістан қаласында Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі ашылды

Қараша ■



Назарбаев Зияткерлік мектептері еліміздің барлық өңіріндегі және шетелдік серіктес мектептердің 50 мың жоғары сынып оқушысына «Жасампаздық уақыты» «Тәуелсіздік сабақтарын» ұйымдастырды

Қыркүйек ■



Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада Назарбаев Зияткерлік мектептерінің командасы «Үздік олимпиадалық команда - 2021» номинациясында I орын алды

Сәуір ■



Химия пәнінің мұғалімі Асхат Жұмабеков «Global Teacher Prize» халықаралық байқауының финалына өтіп, әлемнің топ-50 үздік мұғалімінің тізіміне кірді



Мұғалімдер күні қарсаңында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 3 мұғалімі: Атырау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің химия пәнінің мұғалімі Бейсенбекова Гүлзия Сапарбекқызы және Тараздан екі мұғалім-сарапшы - тарих пәні мұғалімі Исатаева Любовь Жантаевна және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Молдабек Эльмира Жандарқызы республикалық кәсіби байқаудың жеңімпаздары атанды

Қыркүйек ■



27 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрайымы Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызын қабылдады. Кездесу барысында Елбасы Зияткерлік мектептерінің қазіргі жағдайы және алдағы даму жоспарларымен танысты.

Қыркүйек ■




9-17 тамыз аралығында «Мұғалім тәжірибесіне әдістемелік қолдау көрсету» тақырыбындағы Тамыз конференциясы аясында алғаш рет еліміздің педагог мамандарына негізгі пәндер бойынша секция отырыстары ұйымдастырылды. Назарбаев Зияткерлік мектептері, жетекші және пилоттық мектептер мұғалімдері 84 вебинар, шеберлік сабақтары мен презентациялар өткізді

Қыркүйек



Зияткерлік мектептердің оқушылары, түлектері, ұстаздарының өмір жолы, оқудағы жетістіктері, шығармашылық дамуы, тұлғалық және кәсіби өсуі туралы «Арманға қанат бітірген» кітабы жарыққа шықты. Сондай-ақ кітапта ата-аналардың балаларының қалыптасуы мен есеюі жолындағы Зияткерлік мектептердің маңызы туралы тұжырымдары ұсынылған

Қараша



2021 жылдың 11-12 қарашасында «Отбасы, мектеп, қауымдастық: бала мүддесіне қызмет етеміз» тақырыбында XII халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. 12 жыл ішінде алғаш рет конференция онлайн-форматта өтіп, виртуал алаңға 8000-нан астам қатысушы жиналды

Қараша



«Педагогикалық өлшемдер орталығы» филиалының «Қалыптастырушы бағалауда қарекетшіл мұғалім болу» қазақстандық жобасы алғаш рет HundrED халықаралық жобасының (Финляндия) инновациялық идеялар тізіміне кірді

Желтоқсан



ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

1.1

Мектептер желісі және
оқушылар контингенті

1.2

Оқушыларды
конкурсмен іріктеу

1.3

Виртуалды және
Демалыс мектебі

1.1. Мектептер желісі және оқушылар контингенті

2021 жылдың соңындағы мәлімет бойынша, 21 Зияткерлік мектепте 15 638 оқушы (кестені қараңыз), оның ішінде Нұр-

Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектепте - 1 316 оқушы оқиды, балабақшаға 154 тәрбиеленуші барады, «РФММ» КеАҚ-та - 2 712 оқушы, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалда - 1 401 оқушы оқиды.


Зияткерлік мектептер оқушыларының сынып бойынша саны
(2021 жылғы 10 желтоқсандағы мәлімет бойынша)

Мектеп атауы	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып	12-сынып	Барлығы
Нұр-Сұлтан қ. ФМБ					213	172	249	117	148	144	1 043
Нұр-Сұлтан қ. ХБ					168	162	141	174	170	127	942
Ақтау қ. ХББ					142	142	138	93	64	122	701
Ақтөбе қ. ФМБ					141	119	165	135	75	158	793
Алматы қ. ФМБ					140	192	215	144	163	139	993
Алматы қ. ХББ					188	264	148	111	73	155	939
Атырау қ. ХББ					99	135	129	113	66	138	680
Қарағанды қ. ХББ					143	142	136	134	75	131	761
Көкшетау қ. ФМБ	56	55	49	49	118	140	99	70	60	108	804
Қостанай қ. ФМБ					117	111	113	87	69	83	580
Қызылорда қ. ХББ					115	144	160	116	75	108	718
Павлодар қ. ХББ					119	143	151	94	64	104	675
Петропавл қ. ХББ					119	137	132	72	59	121	640
Семей қ. ФМБ					120	141	130	91	66	129	677
Талдықорған қ. ФМБ	55	55	50	53	116	141	117	84	71	99	841
Тараз қ. ФМБ					115	120	188	126	61	87	697
Түркістан қ. ХББ					161	71	94				326
Орал қ. ФМБ					120	120	165	111	73	118	707
Өскемен қ. ХББ					120	119	135	86	51	98	609
Шымкент қ. ФМБ					164	146	140	107	76	139	772
Шымкент қ. ХББ					140	120	143	117	80	140	740
Барлығы	111	110	99	102	2 878	2 981	3 088	2 182	1 639	2 448	15 638

*Дереккөз: БАББО «Оқушылар контингенті» бөлімі

Оқушылар контингентінің әлеуметтік-экономикалық мәртебесі

(2021 жылдың 1 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша 15 829 оқушы):



1.2. Оқушыларды конкурспен іріктеу

Зияткерлік мектептердің оқушылар контингентін қалыптастыру мақсатында 2021-2022 оқу жылына 2020 жылдың 2 желтоқсанынан 2021 жылдың 23 қаңтарына дейін конкурс арқылы іріктеуге үміткерлердің құжаттары қабылданды.

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты оқушыларды 20 Назарбаев Зияткерлік мектебіне конкурс арқылы оқуға қабылдау 2021 жылдың 11-12 наурызынан 27-28 мамырына ауыстырылды.

Конкурсқа 17 664 оқушы, оның 11 970-і қазақ тілінде оқуға, 5 694-і орыс тілінде оқуға құжат тапсырды.

Осы жылы кешенді тестілеуден өткен үміткерлердің орташа балы 680,8 балл

болды, бұл 2020 жылғы көрсеткіштерден 83 балл төмен (763,8 балл).

Орташа балл көрсеткіштері бойынша Нұр-Сұлтан қ. ФМБ НЗМ мен Нұр-Сұлтан қ. ХБ НЗМ (790,1 және 773,6 балл) және Алматы қ. ФМБ НЗМ мен Алматы қ. ХББ НЗМ (774,8 және 710,5 балл) үміткерлері де, грант иегерлері де көш бастап келеді. Орташа балдың ең төмен көрсеткіші Қызылорда қ. ХББ НЗМ үміткерлері (580 балл), ал тестілеу қорытындысы бойынша Петропавл қ. ХББ НЗМ грант иегерлері нәтижелерінен байқалды (818,9 балл). Үміткерлердің ең жоғары және ең төмен орташа балы арасындағы айырмашылық 209,7 балл, ал грант иегерлерінің балы арасындағы айырмашылық - 351,8 балл.

Конкурсмен іріктеудегі кешенді тестілеуден үміткерлердің мектептер бойынша нәтижелері

Зияткерлік мектеп	Ең жоғары балл	Екі күн тестілеуге қатысқан үміткерлер		ҚР отырысының қарауына жіберілген үміткерлер		Грант иегерлері	
		Орташа балл	Ең төмен балл	Орташа балл	Ең төмен балл	Орташа балл	Ең төмен балл
Нұр-Сұлтан қ. ФМБ	1 264	790,1	238	904,7	451	1 127,0	1 022
Нұр-Сұлтан қ. ХБ	1 275	773,6	272	907,5	529	1 143,7	1 067
Алматы қ. ФМБ	1 255	774,8	250	892,5	425	1 170,7	1 103
Алматы қ. ХББ	1 237	710,5	179	877,3	453	1 088,8	983
Ақтау қ. ХББ	1 254	607,0	75	823,3	475	967,5	813
Ақтөбе қ. ФМБ	1 242	646,4	281	821,4	489	964,5	818
Атырау қ. ХББ	1 160	624,7	50	787,3	418	964,3	855
Көкшетау қ. ФМБ	1 214	710,0	299	843,8	525	946,5	778
Қарағанды қ. ХББ	1 185	657,6	279	813,8	520	947,2	795
Қостанай қ. ФМБ	1 206	648,3	234	802,7	492	874,1	682
Қызылорда қ. ХББ	1 215	580,4	218	780,7	437	925,0	788
Орал қ. ФМБ	1 253	657,2	288	830,3	414	982,6	862
Өскемен қ. ХББ	1 179	641,6	257	810,0	480	906,2	740
Павлодар қ. ХББ	1 206	673,3	218	826,6	416	954,9	805
Петропавл қ. ХББ	1 125	610,9	315	760,3	410	818,9	634

Семей қ. ФМБ	1 206	648,6	276	828,3	526	895,0	726
Талдықорған қ. ФМБ	1 211	704,5	319	868,7	529	1 016,6	790
Тараз қ. ФМБ	1 225	625,7	269	816,3	457	1 010,3	870
Шымкент қ. ФМБ	1 258	662,1	219	842,7	432	1 055,6	919
Шымкент қ. ХББ	1 217	641,9	265	832,6	448	1 033,8	901
Барлығы	1 275	680,8	50	852,6	410	1 001,9	634
Ескертпе: Кешенді тестілеуден ең жоғары балл - 1300 балл.							

Жеке пән бойынша ең жоғары балл алғандар:

- математикадан (400 балл) - Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Павлодар, Шымкент қалаларынан 31 үміткер (2020 жылы - 115, 2019 жылы - 46);
- сандық сипаттамалар бойынша (300 балл) - Шымкент қаласындағы ФМБ-дан 2 үміткер (2020 жылы - 3, 2019 жылы - 0);
- бірінші тіл ретінде оқытылатын қазақ тілі пәнінен (200 балл) - Павлодар, Петропавл, Талдықорған қалаларын қоспағанда, барлық қаладан 44 үміткер (2020 ж. - 117, 2019 ж. - 45);
- екінші тіл ретінде оқытылатын қазақ тілі пәнінен (200 балл) - Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Көкшетау, Қарағанды, Қызылорда, Орал, Тараз, Шымкент қалаларынан 36 үміткер (2020 жылы - 113, 2019 жылы - 121);

• бірінші тіл ретінде оқытылатын орыс тілі пәнінен (200 балл) - барлық қалада 330 үміткер (2020 жылы - 40, 2019 жылы - 15);


• екінші тіл ретінде оқытылатын орыс тілі пәнінен (200 балл) - Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Талдықорған, Тараз, Шымкент қалаларынан 31 үміткер (2020 жылы - 88, 2019 жылы - 24);

• ағылшын тілінен (200 балл) - барлық қалада қазақ тілінде білім алатын 313 үміткер (2020 жылы - 85, 2019 жылы - 45);

• ағылшын тілінен (200 балл) - Павлодар қаласынан басқа барлық қалада орыс тілінде білім алатын 156 үміткер (2020 жылы - 135, 2019 жылы - 93).

Соңғы үш жылдағы конкурс нәтижелеріне жүргізілген салыстырмалы талдау үміткерлердің тесттің барлық бөлімінің тапсырмаларын орындау деңгейінің төмендегенін көрсетті.

Үміткерлердің тестілеудегі үш жыл ішіндегі орташа балдары



6-сынып оқушыларының оқу жылын толықтай қашықтан оқыту форматында өтуінің оқу сапасына тигізген әсерін көр-

сеткіштің төмендеуінен байқауға болады. Общая информация по конкурсному отбору 2021 года

Зияткерлік мектеп	Үміткерлер саны			1 бос орынға үміткерлер саны		
	Барлығы	қазақ тілінде оқу	орыс тілінде оқу	Барлығы	қазақ тілінде оқу	орыс тілінде оқу
Нур-Сұлтан ФМН	1 365	789	576	6,3	6,6	6
Нур-Сұлтан МБ	1 338	714	624	8	7,4	8,7
Алматы ФМН	1 701	1 005	696	11,8	14	9,7
Алматы ХБН	1 455	987	468	7,6	8,2	6,5
Ақтау ХБН	965	763	202	6,7	7,9	4,2
Ақтобе ФМН	845	587	258	5,9	6,1	5,4
Атырау ХБН	1 042	582	460	8,7	8,1	9,6
Кокшетау ФМН	705	456	249	4,9	4,8	5,2
Караганда ХБН	371	236	135	3,1	3,3	2,8
Костанай ФМН	363	179	184	3	3,7	2,6
Кызылорда ХБН	1 049	846	203	8,7	8,8	8,5
Уральск ФМН	540	333	207	4,5	4,6	4,3
Усть-Каменогорск ХБН	420	250	170	3,5	3,5	3,5
Павлодар ХБН	441	329	112	3,7	3,4	4,7
Петропавловск ХБН	547	431	116	4,6	4,5	4,8
Семей ФМН	552	429	123	4,6	6	2,6
Талдықорган ФМН	1 093	895	198	9,1	9,3	8,3
Тараз ФМН	752	548	204	6,3	6,9	5,1
Шымкент ФМН	1 065	833	232	6,3	6,9	4,8
Шымкент ХБН	1 055	778	277	7,3	8,1	5,8
Барлығы	17 664	11 970	5 694	6,3	6,7	5,7

Конкурснен іріктеу қорытындысы бойынша 2021 жылдың 26 шілдесінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының «Өркен» білім беру грантын (бұдан әрі - грант) беру жөніндегі республикалық комиссияның (бұдан әрі - Республикалық комиссия) отырысы өтті. Комиссия шешімімен 2 784 адам грантқа ие болды.

20 Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7-сыныптарына өткен грант иегерлері

Сынып	Жіберілген оқушы саны			Грант иегерлерінің саны		
	барлығы	қаз.	орыс.	барлығы	қаз.	орыс.
20 НЗМ 7-сыныбы	8 423	5 133	3 290	2 784	1 784	1 000



Еліміздегі 6-сынып оқушыларының жалпы санының 5,6%-ы конкурсқа қатысқан.

Олардың басым бөлігі – Алматы (17,9%), Нұр-Сұлтан (15,3%) және Шымкент (12%) қалаларынан, аз бөлігі Қостанай (2,05%), Көкшетау (2,1%), Семей (2,5%) қалаларынан.

Жеке өңірлерде (Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Қызылорда, Тараз қалаларында) конкурсқа бір орынға 8-12 адамнан түсті.

«Жаратылыстану» тестін қосымша бөлім ретінде енгізу және апробациядан өткізу

«Жаратылыстану» тестін 2022 жылдан бастап тестілеу құрылымына қосу мақсатында апробация жүргізу 2021 жылғы конкурспен іріктеудің басты ерекшеліктерінің бірі болды. Дегенмен конкурс нәтижелерін статистикалық және психометриялық тал-

дау барысында апробация нәтижелері ескерілмеді және үміткерлердің жалпы қорытынды балына қосылған жоқ.

Апробация аясында:

- тапсырмалар сапасы және олардың қиындық деңгейін анықтау (және басқа психометриялық сипаттамалар);
- тест тапсырмасын орындау уақытының дұрыс бекітілуі;
- тапсырмалардың тілдік нұсқаларының баламасы және т.б. бағаланды.

Барлығы 103 тапсырма апробациядан өтті. Тапсырмалардың орташа пайызы – 44,8%, бұл тесттің жақсы дискриминатив көрсеткіштеріне сәйкестігін көрсетті. Қазақ тілінде білім алатын үміткерлердің орташа балы 200 балдан 86,1 бал, ал орыс тілінде білім алатын үміткерлердің орташа балы 96,9 бал болды.

Мектептер бойынша «Жаратылыстану» бөлімінен үміткерлердің орташа балы

Зияткерлік мектеп	Орташа балл (ең жоғары балл - 200)	
	қазақ тілінде оқыту	орыс тілінде оқыту
Нұр-Сұлтан қ. ФМБ	91,2	102,1
Нұр-Сұлтан ХБ	89,5	98,6
Алматы қ. ФМБ	93,1	106,1
Алматы қ. ХББ	88,6	99,0
Ақтау қ. ХББ	80,4	89,0
Ақтөбе қ. ФМБ	85,1	96,1
Атырау қ. ХББ	79,4	85,2
Көкшетау қ. ФМБ	87,6	102,3
Қарағанды қ. ХББ	82,8	98,3
Қостанай қ. ФМБ	87,3	97,6
Қызылорда қ. ХББ	82,9	87,8
Орал қ. ФМБ	82,3	95,5
Өскемен қ. ХББ	87,5	103,4
Павлодар қ. ХББ	90,1	104,3
Петропавл қ. ХББ	84,2	88,5
Семей қ. ФМБ	88,5	99,4
Талдықорған қ. ФМБ	87,0	101,7
Тараз қ. ФМБ	84,8	92,7
Шымкент қ. ФМБ	85,5	89,7
Шымкент қ. ХББ	83,6	87,1
Жалпы қорытынды	86,1	96,9

Жүргізілген апробация қорытындысынан тест тапсырмаларының сапасы, үміткерлердің орташа балдары мен тапсырмаларға контенттік талдау жасалған психометриялық анализ нәтижелеріне сүйеніп, тест тапсырмаларының мазмұны мен күрделілік деңгейінің 5-6-сыныптарға арналған «Жаратылыстану» пәнінің қолданыстағы оқу бағдарламасына сәйкестігі анықталды. Апробация тест материалының жарамдылығы мен тестің жаратылыстану пәнінен

үміткерлердің сауатын бағалау қабілетін анықтады.

Апробацияның оң нәтижесі конкурспен іріктеудің 1-күніне 20 тест тапсырмасынан тұратын, ең жоғары балл ретінде 200 балл белгіленген «Жаратылыстану» бөлімін енгізуге мүмкіндік береді. Осы ретте конкурстың кешенді тестілеуінен жиналатын жалпы ең жоғары балл 1 300-ден 1 500-ге дейін артады.

Конкурсмен іріктеудің жаңартылған форматы

Тест күні	Тест бөлімі	Тапсыр-малар саны	Беріле-тін уақыт (минут)	Ең жоғары балл	Шекті балл	Кешенді тестілеуден алған жоғары балдар бойынша мектептер мен оқыту тіліне қарай бос орындар санына сәйкес грант тағайындау (ең жоғары балл - 1500)
Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді зерделеу қабілетін бағалау тесті						
1	Математика	40	60	400	140 (35%)	
	Сандық сипаттамалар	60	30	300	120 (40%)	
	Жаратылыстану	20	30	200	-	
Тілдік тест						
2	Қазақ тілі	20	120	200	-	
	Орыс тілі	20		200	-	
	Ағылшын тілі	20		200	-	

*Үміткерлердің жалпы балы тең болған жағдайда 1) математика; 2) сандық сипаттамалар; 3) жаратылыстану; 4) оқыту тілінен (бірінші тілі) барынша жоғары балл жинаған үміткерлер басым болады

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №879 қаулысымен оқушыларды 7-сыныпқа конкурсмен іріктеудің кешенді тестілеу құрылымына «Жаратылыстану» бөлімі қосылды.

Конкурсмен іріктеудің жаңартылған жүйесін аккредиттеу

Оқушыларды Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарына конкурсмен іріктеу жүйесін аккредиттеуге дайындау аясында Сараптау және сертификаттау зерттеу орталығының (Research Center for Examination and Certification) (бұдан әрі - RCEC) критерийлеріне сәйкес жыл бойы

деректер жиналып, өңделіп, талданды. Осы жылдың желтоқсан айында RCEC сарапшыларымен алғашқы кездесу өтіп, онда оқушыларды конкурсмен іріктеу жүйесінің аудит рәсімдеріне қатысты толығырақ ақпарат ұсынылды, 2022 жылға арналған алдын ала және қорытынды аккредиттеу жөніндегі жұмыс жоспары келісілді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7 сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеудің жаңартылған жүйесін аккредиттеу кестесі



Жаңартылған іріктеу жүйесін аккредиттеу сырттан тәуелсіз баға алуға, жүйенің жарамды, сенімді және ашық екенін растауға мүмкіндік беріп, халықаралық стандарттарға сәйкестігін көрсетеді. Халықаралық аккредиттеу агенттігінің сертификаты мен сапа белгісі Қазақстан Республикасында, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерде конкурспен іріктеуді ұйымдастыру, өткізу қызметтерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Оқушыларды 7-сыныпқа конкурспен іріктеуден сынама тестілеу

Сынама тестілеу – үміткерлерге 7-сыныпқа конкурспен іріктеу форматы мен шарттарымен таныстыру мақсатында жыл сайын өткізілетін рәсім. Тестілеу Зияткерлік мектептерде компьютерлік форматта жүргізіледі.

Елімізде коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты 2020-2021 оқу жылында оқушыларды Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарына конкурспен іріктеуден сынама тестілеу өткізілген жоқ.

2021-2022 оқу жылында сынама тестілеу 2021 жылдың желтоқсаны және 2022 жылдың қаңтары мен ақпанына жоспарланған.

Сынама тестілеу құрылымына жаңа тест бөлімі – «Жаратылыстану» енгізіліп, оны орындауға қатысты бейненұсқаулық әзірленді.

2021 жылдың желтоқсанында сынама тестілеуге 3256 оқушы қатысты.

«Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсуге дайындалу және мүмкіндіктерін бағалау» онлайн-курсы www.academia.kz сайтында оқушыларды конкурспен ірікте-

уге дайындаудың балама мүмкіндігін ұсыну мақсатында «Knowledge Engineering» ЖШС-мен бірлесіп әзірлеген онлайн-курс сатылады. Бұл курс конкурспен іріктеу тестінің барлық бөлімінен өткен материалды бекітуге арналған оқыту материалдары мен тапсырмалардан, сондай-ақ сынамалы тестінің екі нұсқасынан тұрады.

Ағымдағы жылы курс мазмұны «Жаратылыстану» бөлімінен оқу сабақтарымен және білімді бекітуге арналған тапсырмалармен толықтырылды.

1.3. Виртуалды және Демалыс мектебі

Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарының 5- және 6-сынып оқушыларын Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының «Өркен» білім беру грантыбойынша Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарында оқуға конкурспен іріктеуден өтуге дайындау мақсатында Виртуалдық және Демалыс мектептері жұмыс істейді.

Виртуалды мектепте оқу аясында оқушылар қазақ және орыс тілінде «Математика», «Қазақ тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерінен сабақтар өтеді және білімді бекітетін тапсырмалар орындайды. Осы жылдан бастап Виртуалды мектепте оқушылар конкурспен іріктеу форматының өзгеруіне байланысты «Жаратылыстану» пәнін оқиды.

2021 жылы Виртуалды және Демалыс мектептерінде тіркеу, оқу және бағалау белгіленген кесте бойынша кезең-кезеңімен жүргізілді:

Виртуалды және Демалыс мектептерінің жұмыс кестесі

Оқу	5-сыныптар	6-сыныптар
Виртуалды мектеп сайтында тіркелу	29 наурыздан 23 мамырға дейін	11 қазаннан 24 желтоқсанға дейін
Виртуалды мектеп сабақтарын оқу және тапсырмаларын орындау (онлайн)	19 сәуірден 23 мамырға дейін	25 қазаннан 24 желтоқсанға дейін
Виртуалды мектептегі қорытынды тестілеу (онлайн)	17 мамырдан 23 мамырға дейін	17 желтоқсаннан 24 желтоқсанға дейін
Демалыс мектебі (Зияткерлік мектептерде)	1 маусымнан 10 маусымға дейін	желтоқсан/қаңтар (5 күн)

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарының 5-сыныбының 933 оқушысы Виртуалды мектепке тіркеліп, оқуға қатысты (460 адам қазақ тілінде, 432 оқушы - орыс тілінде және 41 оқушы екі курсқа да тіркелді), оның ішінде 407 оқушы (208 оқушы қазақ тілінде және 199

оқушы орыс тілінде) Демалыс мектебінде оқыды.

Осы оқу жылында Виртуалды мектепте оқыған еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 6-сынып оқушыларының саны 3340-қа жетті, олардың ішінен 1262 оқушы қазақ тілінде, 1992 оқушы орыс тілінде білім алды, ал 86 оқушы екі курсқа да тіркелді.


748 оқушы (422 оқушы қазақ тілінде және 326 оқушы орыс тілінде) Виртуалды мектепте қорытынды тестілеуден жақсы өтіп, Демалыс мектебіне оқуға шақырылды.

Оқушылардың Виртуалды мектепте оқу нәтижесін анықтау мақсатында қорытынды тест алынады. Қорытынды тест компьютерлік тестілеу форматында өткізіледі. Жалпы балдан 50 және одан жоғары пайыз (20 және одан жоғары балл) жинаған оқушылар конкурспен іріктеу тестілеуінің бейінді пәндерінен

күндізгі сабақтарға қатысып, кеңес алу мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі Демалыс мектебіне шақырылады.

ВиртуалдыжәнеДемалысмектебінде оқу оқушылардың оқу тиімділігі мен қызығушылығын арттырып, қажетті дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

2021 жылғы конкурспен іріктеуге қатысқан Виртуалды мектеп оқушыларының орташа балы







ПЕДАГОГ КАДРЛАР

2.1

Мұғалімдерді
конкурсмен
іріктеу

2.2

Мұғалімдерді
конкурсмен
іріктеу

2.3

Біліктілікті
арттыру
жүйесі

2.4

Педагог қызмет-
керлердің жұмы-
сын бағалау

2.5

Педагог
мамандардың
жетістіктері

2.1. Мұғалімдерді конкурспен іріктеу

2021 жылы бос орындарға конкурспен іріктеудің 5 рәсімі өткізілді, оларды өткізу үшін «Педагогикалық өлшеулер орталығы» 18 пәннен тест спецификациясын жаңартып бекітті. 200 контекстік ресурсты қоса алғанда, 2250 тест тапсырмасы әзірленіп, сараптамадан өтті. Тест спецификациялары мен тапсырмалар үлгілері nis.edu.kz сайтының «Бос орындар» бөліміне жүктелген.

Конкурстың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша әр үміткерге арналған жеке есептің жасалу үдерісі автоматтандырылды. Пәндік тест және эссені бағалау нәтижелерін статистикалық өңдеу барысында жүйе пән саласындағы кәсіби даму және оқыту әдістемесінен әркімге жеке есепті ұсынымдарымен автоматты түрде жасап береді.


2021 жылы бос орындарға конкурспен іріктеудің 5 рәсімі өткізілді, оларды өткізу үшін «Педагогикалық өлшеулер орталығы» 18 пәннен тест спецификациясын жаңартып бекітті. 200 контекстік ресурсты қоса алғанда, 2250 тест тапсырмасы әзірленіп, сараптамадан өтті. Тест спецификациялары мен тапсырмалар үлгілері nis.edu.kz сайтының «Бос орындар» бөліміне жүктелген.

Конкурстың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша әр үміткерге арналған жеке есептің жасалу үдерісі автоматтандырылды. Пәндік тест және эссені бағалау нәтижелерін статистикалық өңдеу барысында жүйе пән саласындағы кәсіби даму және оқыту әдістемесінен әркімге жеке есепті ұсынымдарымен автоматты түрде жасап береді.

Бос орындарға маман алу конкурсының бірінші кезеңі барлық Назарбаев Зияткерлік мектептерінде және Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектепте компьютерлік тестілеу жүйесінде онлайн-трансляция арқылы бір мезгілде өткізіледі.

2021 жылы конкурспен іріктеуге жыл бойы маусым, тамыз, қазан және желтоқсан айларында 2919 үміткер қатысты, бұл 2020 жылғы үміткерлер санынан екі есе артық (1471 педагог). Конкурспен іріктеуге барлық қатысушы ішінен 526 үміткер (18%) бірінші кезеңнен сәтті өтті.


2020-2021 жж. әр жылда мұғалімдердің конкурспен іріктеуіне қатысқан үміткерлер саны



Ең көп үміткер Алматы ФМБ (314), Шымкент ХББ (301), Талдықорған (217), Тараз (211) және Петропавл (197) қалаларының Зияткерлік мектептерінде байқалса, Қостанай (61), Нұр-Сұлтан ХБ (58), Атырау (55) қалаларында үміткерлер саны аз болған.

Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша Нұр-Сұлтан қ. ХБ (28%), Алматы ФМБ (27%), Алматы ХББ (26%), Нұр-Сұлтан ФМБ (25%), Қызылорда және Қостанайда (23%) үміткерлер көп болған, керісінше, Петропавл және Шымкент ФМБ (14%), Атырау және Шымкент ХББ (13%), Талдықорған (8%) қалаларында аз болғаны байқалды.


2020-2021 жж. мектептер бойынша үміткерлер саны



Педагогикалық психология (651), биология (338), ағылшын тілі (333), қазақ тілі (291) және математика (288) мамандары үміткерлер санының көп үлесін құрайды. Ал

конкурсқа қатысқан география (70), өзін-өзі тану (29), музыка (22), бастауыш сыныптар (26), экономика (22), АӘД (8) пәндерінің мамандары аз болған.

2021 ж. пәндер бойынша үміткерлер саны



Тестіден өткендердің орташа пайызы – 18%. Ағылшын тілі (41%), қазақ тілі мен әдебиеті (35%), география (33%) пәндерінің үміткерлері орташадан жоғары пайыз жинаса, экономика (11%), өзін-өзі тану (10%), дене шынықтыру және өнер (9%), химия (7%), педагогикалық психология (5%) пәндерінің үміткерлері орташадан төмен

пайыз жинаған. Сондай-ақ педагог-ұйымдастырушы кураторлардың бос жұмыс орындарына орналасуға арналған конкурсқа қатысатын үміткерлер педагогикалық психологиядан пәндік тест тапсырады. 2021 жылы ұсынылған үміткерлердің жалпы орташа балы 340 болды.

2021 жылы 1-кезеңнің нәтижелері бойынша ұсынылған үміткерлердің орташа балы

№	Мектеп																				
		ағылшын тілі	биология	география	информатика	өнер	тарих	қазақ тілі мен әдебиеті	математика	музыка	бастауыш сыныптар	АӘД	психология	орыс тілі мен әдебиеті	өзін-өзі тану	физика	дене шынықтыру	химия	экономика	жалпы қорытынды	
1	Нұр-Сұлтан қ. ХБ	346	318	346			365	363	401					386						355	
2	Нұр-Сұлтан ХМ	362	305		303		320	336	307		341		346	336		303		300		342	
3	Нұр-Сұлтан қ. ФМБ	348	319			321	347	352	356				339	307	321		302	388		341	
4	Ақтау	357	301	319	300	366	387	360	310				357			300		300		335	
5	Ақтөбе	347	300	300	364	381	362		368				326				369			354	
6	Алматы қ. ФМБ	351	329	304	304		353	340	378				339			314	310	305		340	
7	Алматы қ. ХББ	388	306	300	300	300		339	303				382							343	
8	Атырау	381	356						364					316		381				363	
9	Қарағанды	358	313		313				311				375	360		352		321		338	
10	Көкшетау	348	320		331		427	333			321		330	338		303				334	
11	Қостанай	368			353					321			313							354	
12	Қызылорда			338	303		314	336						316						330	
13	Павлодар	380		401	316	358	354	351	315	301			313							343	
14	Петропавл	346					310	345	328		301		354	339		356		356		341	
15	Семей		326	308	342	313	327	333	305							303	344			327	
16	Талдықорған	313	301	300	300	388	347	348	409					404			310	301	361	346	
17	Тараз	355	317	315	349	313		348	318				321	399		303				344	
18	Түркістан	357	325	325	325		345	348	339				352	307		321	321	325		341	
19	Орал	358	301		310		338	350					316	368		300	361	308		336	
20	Өскемен	361			324		306	332	362				313	329		305				333	
21	Шымкент қ. ФМБ	348	319		340		313	400	320	361						329		309		346	
22	Шымкент қ. ХББ	361	300		359		300	353	311			301	304	325	301	328				337	
Жалпы қорытынды		357	319	321	326	343	344	347	344	326	331	301	338	346	311	323	334	323	341	341	

Атырау қ. ХББ (363), Нұр-Сұлтан қ. ХБ және Қостанай қ. (351) Зияткерлік мектептерінде ұсынылған үміткерлер ең жоғарғы орташа бал жинақтаса, Көкшетау (331), Қызылорда (330), Семей қалаларында (325) ең аз орташа бал жинаған. Ұсынылған үміткерлерде «Ағылшын тілі» (357), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (346), «Орыс тілі мен әдебиеті», «Тарих» (344), және «Математика» (342) пәндерінен ең жоғары орташа балл болды.

Нәтижелерді талдау үміткерлердің негізгі және орта мектеп бағдарламаларының негізгі тапсырмаларын жақсы орындайтынын көрсетті. Жоғары мектеп оқу бағдарламасында кездесетін жоғары және ілгері деңгейдегі тереңдетілген және олимпиадалық тапсырмалар қиындық тудырады.

Эссені бағалау нәтижелерінен үміткерлердің эссе тақырыбына сәйкес өз ойларын бірізді баяндай білуін, оқыту әдістерін таңдау себебін түсіндіруін, оларды сабақта қолдану қабілетін көрсетеді. Алайда, үміткерлердің жұмыстарында пәндік бағыт көрсетілмейді, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында қолданылатын


оқыту әдістерінің тиімділігі түсіндірілмейді, заманауи зерттеулер негізінде мысалдар келтірілмейді. 41 үміткердің эссесінде плагиат анықталды, бұл іріктеуге қатысқан үміткерлердің 1,5%-ын құрайды.

Пәндік тест пен эссені бағалау нәтижелерін өңдеу қорытындысы бойынша 3 274 жеке есеп жасалды. Жұмысқа қабылдаған мектептер мен мұғалімдерге кәсіби даму мақсатын анықтау, оқыту әдістемесін дамыту, практиканы зерттеуге қатысты ұсыныстар жасалды.

Екінші кезең - үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша 172 (6,1%) мұғалім Зияткерлік мектептер штатына қабылданды.

2021 жылы қабылданған 178 педагог қызметкерлердің ішінен (6 мұғалім конкурстан тыс қабылданды) 95 педагог «мұғалім-тағылымгер» деңгейіне, 77-сі «мұғалім» деңгейіне, 4 мұғалім «мұғалім-модератор» деңгейіне, 2 мұғалім «мұғалім-сарапшы» деңгейіне қабылданды.

Зияткерлік мектептерге конкурспен іріктеу қорытындысы бойынша қабылданған педагог мамандардың біліктілік деңгейі



Қабылданған мұғалімдердің 56-сында (32%) магистр дәрежесі, төртеуінде PhD докторы және біреуінде ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар. Жұмысқа қабылданған қызметкерлердің ішіндегі 5 мұғалім - Назарбаев Университетінің

түлектері. Конкурстан тыс негізде штатқа физика және тарих пәнінен «мұғалім-модератор» деңгейіне және биология пәнінен - «мұғалім-сарапшы» деңгейіне 3 пән мұғалімі қабылданды.

Зияткерлік мектептерге конкурспен іріктеу қорытындысы бойынша қабылданған магистр дәрежесі, PhD докторы және ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар педагог мамандар саны



Шетелдік педагог мамандар

2021 жылы көп жыл бойы серіктес екі рекрутингтік компания арқылы (Teacher International Consultancy және Search Associates) шетелдік кадрларды тарту жұмысы жалғастырылды. Аталған рекрутингтік компаниялар арқылы 15 мұғалім: Teacher International Consultancy – 6 адам, Search Associates – 9 адам жұмысқа қабылданды. Мұғалімдердің басым бөлігі құжаттарды тікелей электронды пошта арқылы жолдады.

Осы есеп беру кезеңінде 300-ден астам шетелдік педагогтің сауалнамалары қара-

стырылды, 99 сұхбат жүргізілді, 48 кандидат шақырылды және 35 педагог қабылданды. Құжаттарға талдау жүргізілді: білім беру деңгейі (магистратура, докторантура) жөніндегі біліктілік талаптары, бірнеше елдегі IB және A-Level бағдарламалары бойынша білім беретін халықаралық аккредиттелген мектептерде жеткілікті оқыту тәжірибесі мен халықаралық емтихандарға дайындау тәжірибесінің болуы, тренер мен сарапшы халықаралық сертификатына, академиялық ағылшын тілін кәсіби деңгейде білуіне және тәлімгер дағдыларына ерекше назар аударылды.

2021 жылы PhD докторларының саны 5-тен (2020 ж.) 12-ге дейін артты, олар: 3 - физика, 2 - химия, 2 - биология, 1 - география, 1 - информатика, 1 - экономика, 1 - ағылшын тілі, 1 - бастауыш мектеп мұғалімі. Магистрлер саны 46-дан (2020 ж.) 57-ге дейін артты. 123 шетелдік педагогтің 83-інде IBDP, TESOL, TEFL халықаралық біліктілік сертификаттары бар және сертификатталған тілдік IELTS, CELTA, DELTA емтихандарын алатын құқыққа ие. Шеттілді педагогтер саны 30-дан 44-ке дейін артты.

Педагогтердің негізгі бөлігі (78%) 30-50 жас аралығында: 52 педагог 30-40 жаста және 45 педагог 40-50 жаста. Зияткерлік мектептердегі шетелдік педагог мамандардың жұмыс өтілінің орташа көрсеткіші – 3-4 жыл. Жалпы шетелдік педагогтің 71%-ы (92) бейіндік пәндер мұғалімдері, олардың ішінде: физика пәні мұғалімдері – 22% (29), химия пәні мұғалімдері – 21% (27), биология пәні мұғалімдері – 14% (19), информатика пәні мұғалімдері – 13,5% (17).

Пандемияға байланысты 2021 жылы мемлекетке шетелден кіру рәсімі өзгертілді: Қазақстанға кіру үшін Коронавирустық инфекцияның таралуына қарсы іс-қимыл

жөніндегі ведомствоаралық комиссияның рұқсаты талап етіледі. Бұл талап Көші-қон қызметінен виза жөнінде қолдау алу және Қазақстанның шет елдердегі елшіліктерінде визаға құжаттарды тапсыру кезінде де сақталады. Процедуралардың күрделенуіне қарамастан, 2021 жылы Зияткерлік мектептердегі шетелдік педагогтердің жұмысы офлайн-форматта ұйымдастырылып, жүзеге асырылды.

2.2. Педагог кадрлардың сапалық құрамы

2021 жылы 21 Зияткерлік мектепте 2703 мұғалім, оның ішінде 123 шетелдік


педагог педагогикалық қызмет атқарды. Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектепте 191 мұғалім жұмыс істейді, олардың 17-сі - шетелдік педагогтер.

Ағымдағы жылы қолданыстағы 1С-ЖҚБ кадрлық есепке алу жүйесі ДББҰ-ның басқа электрондық жүйелерімен үйлестірілді. Осылайша, қызметкер кадрларды есепке

алу жүйесінде жұмысқа қабылданып, құжаттарды рәсімдеу аяқталған соң ғана барлық электрондық ресурстарды пайдалана алады.

Мұғалімдердің құрамында жас ерекшеліктеріне қарай 2021 жылы былтырғы жылдағыдай 40 жасқа дейінгі мұғалімдердің үлесі басым: олардың үлесі 62%-ға жетеді.


Мұғалімдердің жас құрамының динамикасы, 2018-2021 жж.



Зияткерлік мектептерде жалпы педагогикалық өтілі 20 жылға дейінгі мұғалімдер басым, жалпы құрамдағы олардың үлесі


71% болды. 2020 жылмен салыстырғанда еңбек өтілі 40 жылдан асатын қызметкерлер саны артты.

Мұғалімдердің жалпы жұмыс өтілі бойынша сандық құрамы



Мұғалімдердің Зияткерлік мектептегі жұмыс өтілінің орташа көрсеткіші педагогикалық шеберлік деңгейін арттыруға сәйкес келеді.

Мұғалімдерінің педагогикалық шеберлік деңгейі бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі жұмыс өтілі, 2021 ж.



Гендерлік белгісіне қарай әйел мұғалімдер мен ер мұғалімдер арасындағы сандық арақатынас өзгеріссіз сақталып тұр.

Мұғалімдердің гендерлік құрамы




Мұғалімдердің білім деңгейі бойынша 21 Зияткерлік мектеп пен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектепте мамандық дипломымен - 686 адам (25%), бакалаврдың академиялық дәрежесімен - 1001 адам (36%), магистр дәрежесімен - 1057 адам (38%) жұмыс істейді. Пәндер бойынша магистрлердің 51%-ы бейіндік пән мұғалімдері (математика, физика, химия, биология, информатика) және 20%-ы ағылшын тілі мұғалімдері болып табылады. 130

және 67 мұғалім Назарбаев Университеті мен «Болашақ» бағдарламасының түлектері болып табылады. Қазіргі уақытта 22 мұғалім Назарбаев университетінің магистратурасында және 5 мұғалім «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алып жатыр.

17 мұғалімде ғылым кандидаты және 10 мұғалімде PhD ғылыми дәрежесі бар, бұл мұғалімдердің жалпы санының 1%-ын (27) құрайды.

Барлығы



22 мектепте педагог қызметкерлерінің (мұғалімдер мен сабақ беретін әкімшілік-басқару қызметкерлерінің) педагогикалық шеберлік деңгейлері бойынша «модератор» деңгейіндегі қызметкерлер санының 8%-ға

азайғаны және сарапшы деңгейінің 10,6%-ға артқаны байқалады. Тиісінше, «мұғалім» деңгейіндегі педагогтердің 1,9%-ға, «тағылымгер» деңгейіндегі педагогтердің 3,1%-ға төмендегені байқалады.

2017-2021 жылдардағы деңгейлердегі мұғалімдер саны



Мұғалімдер сертификатталған тренерлер ретінде Зияткерлік мектептердің тәжірибесін еліміздің орта білім беру жүйесіне таратып, өз әріптестерін мектеп және желілік деңгейде оқытады. 2021 жылдың соңында Зияткерлік мектептерде 818 тренер жұмыс істеді, оның ішінде:

269-ы (33%) – ағылшын тілін оқыту және бейінді пәндерді ағылшын тілінде оқыту (CELTA, DELTA, TKT, CLIL, CELTYL, IELTS, STEM) тренерлері;

262-сі (32%) – мұғалімдердің тәжіри-


бесі мен көшбасшылығына қатысты рефлексия дағдыларын дамыту (ПШО, ПӨО бағдарламалары);

57-сі (7%) – робот техникасы жөніндегі тренерлер;

129-ы (16%) – оқу бағдарламаларын (Triple Science, Nxplorers, IB бағдарламалары, Ықтималдық теориясы, PISA, CITO, жанар-тылған мазмұн, Microsoft) жүзеге асыру тренерлері;

101-і (12%) – оқушылардың сыни ойлау қабілеті мен дарынын дамыту тренерлері.

Тренер мұғалімдердің сандық құрамы



2.3. Біліктілікті арттыру жүйесі

Стратегиялық мақсат, Зияткерлік мектептерде жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететін білікті мұғалімдерді дайындау, халықаралық сертификаттау жүргізілетін біліктілікті арттыру жүйесі, орталықтардың желілік әдістемелік қолдау көрсетуі және мектеп қоғамдастығындағы кәсіби өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіби дамудың мазмұны мектептегі білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін педагогикалық, тілдік және көшбасшылық құзыреттерді дамытуға

бағытталған. Мектептегі қауіпсіз ортаға экологиялық, физикалық, психологиялық және ақпараттық қауіпсіздік жатады.

Терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету және қызметкерлерді оқыту іс-шараларын ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-3 бабы 1-тармағы 3-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 06.05.2021 жылғы «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы»

№305 қаулысының 3-тарауына сәйкес 2021 жылғы 17 қарашада «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының 98 қызметкерінің біліктілігін арттыру мақсатында «Үй-жайларды тексеру техникасы, жарылғыш құрылғылар орнатылуы ықтимал орындарды анықтау» тақырыбына оқыту вебинары ұйымдастырылды. Нәтижесінде ДББҰ-ның 27 құрылымдық бөлімшесіне 1 жылдық мерзімге мектептердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз етуге қатысты арнайы оқытудан өткенін растайтын сертификат берілді.

2021 жылдың 25-27 тамызы аралығында ДББҰ, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының 40 қызметкерінің біліктілігін арттыру мақсатында «Кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» және «Өрт-техникалық минимум» курсы ұйымдастырылып, қашықтан өткізілді. Курсты Зияткерлік мектептерде директордың қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі орынбасарлары мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженерлер оқыды.

Осы есеп беру жылында химия және биология пәндерінен білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» №188 ҚР Заңына сәйкес химия және биология пәндерінен 470 мұғалім мен зертханашы өнеркәсіптік қауіпсіздік курсын (прекурсорларды сақтау, қолдану және айналымы) оқып, сертификатталды.

Қашықтан жұмыс істеу жағдайында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ДББҰ мен оның филиалдарының 1059 қызметкеріне Kaspersky Automated Security Awareness Platform компаниясымен бірлесіп «Қашықтан жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік» тақырыбына онлайн-оқыту өткізілді.

Зияткерлік мектептерде 123 медицина қызметкері жұмыс істейді, олардың ішінде 21 педиатр және 102 мейірбике мектепте оқу-тәрбие үдерісіне медициналық қолдау көрсетеді. Зияткерлік мектептерде білікті медициналық қызмет көрсету деңгейін сақтау үшін 27 қызметкерге педиатрларға арналған «Медициналық реабилитология: физиотерапия» және алғашқы медици-

налық көмек көрсету жөніндегі оқыту курстары ұйымдастырылды.

Тиімді қаржылық қолдау көрсету мақсатында Зияткерлік мектептердің 29 бухгалтеріне «Бухгалтерияны тиімді басқару», «Қазақстан Республикасының салық заңнамасындағы 2021-2022 жылдардағы өзгерістер» (30 бухгалтер үшін) біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды. Мектептердің 25 бухгалтері «1С бағдарламасындағы тауарға ілеспе жүкқұжаттар және виртуалды қойма» курсында қашықтық форматында оқыды. 2021 жылдың 21-23 желтоқсаны аралығында бюджеттендіру және қаржылық-экономикалық қолдау үдерістерінде тиімді өзара әрекеттесу мен ынтымақтастық мақсатында ДББҰ қызметкерлері, Зияткерлік мектептер директорларының қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі орынбасарлары және 64 экономисіне «Тайм менеджмент: уақытты тиімді басқару» біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды.

Сатып алу мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында 18 қатысушыға «Еуразиялық электрондық порталдағы электрондық сатып алу» тақырыбында біліктілікті арттыру курстары өткізілді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының 15 заңгерінің біліктілігін арттыру үшін Алматы қаласында «Заңгерлерге арналған эмоционалдық интеллект» біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды.

2021 жылдың 18 қарашасынан 20 қарашасына дейін 21 Зияткерлік мектептің кадр бөлімінің инспекторларына «Заманауи рекрутинг. Білім беру саласындағы тиімді технологиялар» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы өткізілді.

Зияткерлік мектептерде оқушылардың қолайлы даму ортасын сақтау мақсатында мектептердің психологиялық қызметін дамыту курстары ұйымдастырылды. Зияткерлік мектептердің Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНИСЕФ Балалар қорымен өзара әрекеттестігі шеңберінде Қазақстанда мектеп психологтарының біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар өтті. 2021 жылдың 29 наурызы мен 16 сәуірі аралығында қашықтан ZOOM платформасында 54 мектеп психологына «Мектеп психологтарының кеңес беру дағдыларын дамыту»

біліктілікті арттыру курсы қашықтан өткізілді. Сондай-ақ, 57 мектеп психологына «Жасөспірімдердің ойынға тәуелділігі: анықтау, алдын алу, түзету» және 51 мектеп психологына «Менталдық саулық және жасөспірімдермен жұмыс істеудің дәлелді тәжірибесінің заманауи тәсілдері» тақырыбына біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды. Курстың тренері - Колумбия университетінің Әлеуметтік жұмыс мектебінің сарапшы-тренері, ЮНИСЕФ-тің консультанты Людмила Ким.

Курс бағдарламалары АХЖ және DSM-5 халықаралық жүйелерінің көмегімен диагностика негіздерін зерделеп, психологиялық бұзылуды анықтау құралдарын меңгеріп, менталдық саулыққа қатысты дәлелденген тәжібиренің заманауи тәсілдері туралы білімін жетілдіріп, психологтардың балалармен және ата-аналармен жұмыс істеу құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік берді.



Мұғалімдерді оқыту

- Пәндік әдістемелік білімді арттыру мақсатында 2021 жылдың 25 тамызы мен 19 қарашасы аралығында 189 математика пәнінің мұғалімі мен орталықтардың 9 сарапшысына «Математиканы оқытудың заманауи тәсілдері» біліктілікті арттыру курсы онлайн өткізілді. Курс практикаға бағдарланған, курс барысында мұғалімдер жетекші математик ғалымдардан мектеп және халықаралық пәндік олимпиадалар деңгейіндегі есептерді шешу және талдау жөнінде ауқымды тәжірибе алды.

- Функционалдық сауаттылықты оқытуда мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамыту мақсатында 2021 жылдың 10 сәуірі мен 30 маусымы аралығында математика, физика, информатика, химия және биология пәндерінің 500 мұғаліміне қашықтық форматында «Оқу сауаттылығы. Оны қалыптастыру мен бағалаудың негізгі тәсілдері» және «PISA-2021. Жаратылыстану-математика бағытындағы сабақтарда шығармашыл ойлау қабілетін бағалау» тақырыбына курс өткізілді. Оқыту PISA халықаралық тестілеу форматында тапсырмаларды әзірлеу тәжірибесі бар сарапшылардың қатысуымен нақты уақыт режимінде өтті. Мұғалімдер шығармашыл ойлауға қатысты және математикадан жинақталған тапсыр-

малар қоры негізінде сабақтарды жобалауды үйренді.

- 2021 жылдың 6-15 желтоқсаны аралығында Зияткерлік мектептердің 1075 мұғаліміне «PISA стандарттары бойынша шығармашыл ойлау қабілетін дамыту және бағалау» курсы қашықтық форматында өтті. Курстың тренерлері - философия докторы, ЭЫДҰ-ның Оқушылардың шығармашыл ойлау саласындағы оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарламасын (PISA 2022) әзірлеу директоры Игаль Розен және Coaching Agile Transitions (ICP-CAT), Coach design thinking C1, eduScrum халықаралық тренері Петрова Оксанамен бірге мұғалімдер функционалдық сауаттылықты дамыту тренажеріндегі тапсырмаларды орындау және талдау және практикумдар, зерттеу кейстері форматында оқушылардың мектепте алған білімін жаңа жағдайларда шығармашыл тұрғыда қолдану қабілеті мен пәндер шеңберінен тыс ойлау қабілетін дамытуға арналған құзыреттерін жетілдірді.

- Оқушыларды PISA-2022 тестіне қатысуға дайындау бойынша мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету үшін Педагогикалық шеберлік орталығының сарапшылары физика, химия, биология, география пәні мұғалімдеріне арналған «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және оқу сауат-

тылығын, шығармашыл ойлау қабілетін дамыту» және математика пәні мұғалімдеріне арналған «Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, шығармашыл ойлау қабілетін дамыту» курстарын өткізді. Курсқа 257 педагог қатысты. Курстар 2021 жылдың 22 қарашасы мен 3 желтоқсаны аралығында қашықтан ПШО ҚОЖ (<https://sdo.cpm.kz/>) электрондық білім беру платформаларында өтті. Курс соңында қатысушылардың берген кері байланысы оның өзекті және қажет екенін көрсетті. Мұғалімдер халықаралық құзыреттерді тестілеу форматында «NIS-Programme» бағдарламасына сай тапсырмаларды құрастыру және талқылау мүмкіндігіне ие болды.

- Зияткерлік мектептердегі бейіндік пәндердің 12 мұғалімі «Jana Talar» жобасы аясында SEAMEO STEM-ED (Оңтүстік-Шығыс Азияның ауқымды білім беру ұйымы) Аймақтық STEM-білім беру орталығының халықаралық сертификаттау бағдарламасы бойынша 7 ай бойы онлайн-форматта (синхронды және асинхронды) STEM тренерін дайындайтын курсты сәтті оқып шықты. Оқытуды Мичиган мемлекеттік университетінің (АҚШ) оқытушылары

жүргізді. Қатысушылар STEAM-білім беру құндылықтарын енгізетін практикалық құралдарды меңгерді, ғылыми пәндерді оқыту жөнінде терең білім алды, Тайланд, АҚШ және Ұлыбританиядағы жоба серіктестерінің үздік бағдарламаларымен танысып, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерден авторлық бағдарлама әзірледі.

Жыл бойы Білім беру бағдарламалары орталығы, Педагогикалық өлшеулер орталығы, Педагогикалық шеберлік орталығы және NIS Ақпараттық технологиялар және сервис орталығы Зияткерлік мектептерге өз бағыттары бойынша жүйелі әдістемелік қолдау көрсетті.

- Мұғалімдер Білім беру бағдарламалары орталығы үйлестіруі арқылы ЭЫДҰ-ның ЮНЕСКО мен «Білім беру мұғалімдері – 2030» халықаралық мақсатты тобымен бірлесіп өткізген бүкіл әлем мұғалімдерінің COVID-19 жаһандық індеті жағдайында білім беру тәжірибесін зерттеуге бағытталған «Global Teaching InSights» жобасына қатысты. Бұл бастаманың негізгі мақсаттарының бірі – түрлі елдер арасындағы жаһандық диалогқа жәрдемдесу болып табылады.

Білім беру бағдарламалары орталығы ұсынған

- Ақтөбе қ. ФМБ НЗМ-нен Ақзат Қауысова,
- Атырау қ. ХББ НЗМ-нен Айбарша Аманиязова,
- Қарағанды қ. ХББ НЗМ-нен Нұрболат Мұхамеджан, Хасенова Алтынгүл, ,
- Нұр-Сұлтан қ. ФМБ НЗМ-нен Айгерим Мусина,
- Семей қ. ФМБ НЗМ-нен Андақиева Әлия,
- Тараз қ. ФМБ НЗМ-нен Нұргүл Жаңабаева,
- Шымкент қ. ФМБ НЗМ-нен Әсілбекова Алтынай,
- Ақтау қ. ХББ НЗМ-нен Патрик Мутеивананың 9 бейнеролигі іріктеліп, бастама көтерген ұйымның ресми сайтында жарияланды.

- Педагогикалық өлшемдер орталығы мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында онлайн-құралдар әзірлеп, оқыту іс-шараларын өткізді. «Мектепте дарынды балаларды оқыту», «Педагогтерді кәсіби дамыту тренері» атты тренерлерге арналған курс бағдарламалары жаңартылды.

<https://courses.cpi-nis.kz/> платформасында мұғалімдерді қашықтан оқыту жалғасты.

1. **214** мұғалім «Сабақты саралап, дербес оқыту» курсын оқыды, олардың **31-і** «Мектепте дарынды балаларды оқыту» бағдарламасы бойынша тренер ретінде ұсы-

нылды. Курс жөніндегі сауалнамада қатысушылардың 93%-дан астамы курстың оқу материалы өзекті және оны оқыту тәжірибесінде пайдалануға болатынын, сондай-ақ тапсырмалардың практикалық маңызы бар екенін атап өтті.

2. **216** педагог «Жеке практиканы дамытуды басқару» курсын қашықтан оқыды, олардың **26-сы** педагогтерді кәсіби дамыту тренерлері ретінде одан әрі оқытуға ұсынылды. Сауалнама нәтижелерінен мұғалімдердің 98%-ы курстан оқу олардың кәсіби даму мақсаттарын (КДМ) тұжырымдау, сабақты талдау, сабақты бақылауға қатысты кері байланыс беру дағдыларын,

кәсіби даму мақсатына сәйкес зерттеу мәселесін анықтауға ықпал еткенін атап өткенін көруге болады.

Педагогтерді кәсіби дамыту жөніндегі 238 тренердің тәжірибесі қадағаланып, топтық консультациялар өткізілді, консультация барысында тренерлердің талап-тілектері анықталып, тренерлер жүргізген іс-шаралардың жоспарлары/бейнежазбалары, сабақты бақылау нысандары зерделенді және әрқайсысының жұмысына пікір айтылып, ұсыныстар берілді.

Педагогикалық өлшемдер орталығының сайтында (<http://cpi-nis.kz>) орналастырылған материалдар:

- пәннің бағыты мен педагогикалық шеберлік деңгейлерін ескеріп, кәсіби қызметте анықталған қиындықтар негізінде мұғалімнің кәсіби даму мақсатын анықтауға қолдау көрсететін «Мұғалімнің кәсіби даму мақсатын анықтайтын конструктор» онлайн-құрал;

- педагогикалық шеберлік деңгейлерін ескеріп, бағалау талаптары мен өлшемдеріне сәйкес сабақ бойынша рефлексивті есеп әзірлеуге қатысты ұсынымдар берілген бейнематериалдар.

- Педагогикалық шеберлік орталығы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының мұғалімдеріне Педагогикалық өлшеулер орталығының 10

және 12-сыныптардағы сыртқы жиынтық бағалау нәтижелеріне жасаған талдауы, Педагогикалық шеберлік орталығының зерттеулері және Білім беру бағдарламалары орталығының сараптамасы негізінде анықталған сабақ тақырыптарынан шеберлік сыныптарын өткізді.

- Зияткерлік мектептеріне бейімделген белсенді оқыту әдісін эксперимент ретінде енгізуге байланысты ДББҰ және стратегиялық серіктес АҚШ-тың Аризона штаты университеті арасында Бейімделген белсенді оқыту әдісін эксперимент ретінде енгізу және бірлескен зерттеулер бойынша қызметтер көрсету туралы келісім аясында CogBooks жүйесінде 11-сыныптың биология, химия пәндерінен және McGraw Hill ALEKS жүйесінде 11-сыныптың химия пәнінен бейімделген белсенді оқыту тәсілі жөніндегі курстарды орнататын және сабақ үлгілерін жобалауға сүйемел жасайтын менеджерлерге, 11-сыныпқа биология, химия, физика пәндерінен сабақ беретін мұғалімдерге оқыту өткізілді.

- Білім беру бағдарламасын Халықаралық Бакалавриаттың талаптарына сәйкес табысты жүзеге асыру мақсатында 2021 жылдың 30 қазаны мен 02 қарашасы аралығында Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептің (ІВ) 24 мұғалімі «Әдебиет» және «Тіл мен әдебиет» пәндерінен дипломдық бағдарламалар бойынша курстардан өтті.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептің (ІВ) 15 мұғалімі келесі дипломдық бағдарламалар бойынша курстан өтті:

- 1 The role of the supervisor in extended essay, Cat 3;
- 2 Language A: Language and Literature, DP, Cat 2;
3. Language B (English B) DP, Cat 2;
4. Theory of knowledge, Cat 2;
5. Mathematics: Application and interpretation (Cat 2);
6. English A: Language and Literature (Cat 2);
7. MYP Coordinator's workshop Cat 3;
8. MYP Interdisciplinary workshop Cat 2;
9. MYP Building self-directed learners through approaches to learning Cat.3;
10. MYP Personal Project Cat 2.

2021 жылдың 18 және 22 қазаны аралығында Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептің (ІВ) 15 мұғалімі «Келесі білім беру парадигмасын ашу» тақырыбына Халықаралық Бакалавриат ұйымының виртуалды конференциясына қатысты.

2021 жылдың 3 және 31 наурызы және 2021 жылдың 7 сәуірі мен 5 мамыры аралығында Нұр-Сұлтан қаласындағы ІВ Зияткерлік мектебінің 15 мұғалімі Халықаралық Бакалавриат талаптарына сәйкес қашықтық форматында: тарих,

антропология, география, химия, математика: талдау және тәсілдер, биология, В тілі, таным теориясы, ғылыми жетекшінің ғылыми эсседегі рөлі және экономика пәндерінен дипломдық бағдарламалар курстарынан (2-санат) өтті. Бір педагог «Мектеп әкімшілігі – бағдарламаны қосу, 2-санат» негізгі мектеп бағдарламасы бойынша оқытудан өтті.

Нұр-Сұлтан қаласындағы НЗМ директоры Сабыржан Сәдуақасов IB мектептерінің «Тәжірибе негізінде оқыту» халықаралық конференциясы (Баку) аясында Меморандумға қол қойды. Меморандумға сәйкес мектеп Кавказ бен Орта Азияның Халықаралық Бакалавриат мектептерін біріктірген Caucasus and Central Asia Association of IB World Schools қауымдастығына кірді.

- Мұғалімдердің тілдік құзыреттілігін дамыту біліктілікті арттырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Зияткерлік мектептерде жұмыс істейтін 896 физика, информатика, химия және биология пәндерінің мұғалімдері ағылшын тілін білу деңгейіне қарай курстардан өтеді.

Жоғары сыныптарда ағылшын тілінде сабақ беруге дайындық мақсатында IELTS деңгейі 5.0 балдан төмен бейінді пәндердің 80 мұғалімі үшін 2021 жылдың қазан айында Denis's School (РФ) компаниясының қатысуымен ағылшын тілінен біліктілікті арттыру курсы онлайн-форматта ұйымдастырылды. Оқыту Jet Class онлайн тілдік орта ресурсының көмегімен интерактивті режимде өтеді және академиялық дағдыларды жетілдіруге, есту арқылы ағылшын тілін қабылдау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Курстың соңында (сәуір 2022 ж.) қатысушылар қорытынды емтихан тапсырып, халықаралық шкала бойынша тіл білу деңгейінің 1 балға артқанын растауы тиіс.

Жалпы пән мұғалімдерінің 23%-ы (IELTS деңгейі 5 және одан жоғары) пәнді ағылшын тілінде оқытады. Оларға «Болашақ» бағдарламасы арқылы тағылымдамалар ұйымдастырылды. 2021 жылдың мамыр-қыркүйек айларында Нұр-Сұлтан, Павлодар, Қостанай, Ақтөбе қалаларындағы ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мек-

тептің физика және биология пәндерінің 5 мұғалімі Ұлыбританияда 16 апталық тағылымдамадан өтті. Жоғары сыныптарда пәндерді ағылшын тілінде оқыту қағидаттары мен әдістерін қарастырған тағылымдаманың кешенді бағдарламасы үш білім беру ұйымында өтті. British Study Centres және National STEM Learning Centre орталықтарында мұғалімдер зерттеу дағдыларын дамытып, ағылшын тілі мен пән бойынша білім деңгейін арттырды, Лондондағы St Mary Magdalene Academy мектебінде тағылымдамаға қатысушылар оқыту дағдыларын дамытып, Ұлыбританияның білім беру жүйесінің ерекшеліктерімен танысты.

Тағылымдама бағдарламасы пән мен тілді кіріктіріп оқыту бағдарламасының (CLIL) теориялық тұжырымдамасын практикада кездесетін, «нақты» оқыту жағдайларымен байланыстырады.

Сонымен қатар, қатысушыларға заманауи білімге әсер ететін негізгі зерттеулер, оқыту теориялары мен тәсілдерін салыстырып, теңестіруге мүмкіндік берілді. Мұғалімдер өздері зерттейтін бірқатар өзекті тақырып таңдады, олардың нәтижелерін Зияткерлік мектептердің XII халықаралық конференциясында желінің кәсіби қауымдастығында ұсынды. Мұғалімдердің басқа топтарының тағылымдамаға баруы келесі жылға кезең-кезеңімен жоспарланып отыр.

Магистратурада қашықтан оқыту форматында Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ағылшын тілі пәнінің екі мұғалімі TESL (Teaching English as a Second Language) бағдарламасын табысты аяқтап, АҚШ-тың Вебстер университетінің Master of Arts (гуманитарлық ғылымдар магистрі) дәрежесіне ие болды. Дипломдармен бірге TEFL сертификаттары да берілді. Бағдарлама аясында English for Academic Purposes, Second Language Acquisition, ESOL Methods, Curriculum Development in Language Classrooms, Principles and Practices of Language Testing сияқты ағылшын тілі пәнінің мұғаліміне қажетті пәндер мен басқа да бағдарламалар оқытылып, ECTS бойынша 66 кредиттен тұратын 11 пән оқытылды. TESL бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне бей-

імделгенін, ҚР Ұлттық тізіліміне енгізілгенін және АҚШ жоғары білім комитетімен мақұлданып отырғанын атап өткен жөн.

- НЗМ ДББҰ мен НУ арасындағы меморандумға сәйкес, 27 мұғалім сабақ оқыта жүріп, Назарбаев Университетінде «Білім беруді басқару» магистрлік бағдарламасында күндізгі сырттай оқу форматында білім алуда.

- АКТ құзыреттілігін дамыту үшін, мұғалімдердің компьютерді аппараттық және бағдарламалық жасақтау жөніндегі білімін, сондай-ақ операциялық жүйелермен жұмыс істеу дағдыларын тереңдету, желі мен мобильді құрылғылармен жұмыс істеу қағидаттары, АТ-қауіпсіздігі және ақалықтарды жою жолдарын іздеу және информатика пәнінен оқу бағдарламасын тиімді жүзеге асыру мақсатында 2021 жылдың 10 қыркүйегінен 31 қазанына дейін Cisco компаниясының информатика мұғалімдеріне арналған «IT-Essentials: PC Hardware and Software» біліктілікті арттыру курсы онлайн ұйымдастырылып, информатика пәнінің 211 мұғалімі сертификатталды. Cisco нұсқаушысы, Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің сарапшы-мұғалімі Б.Т. Зеленов курстың тренері болды.

- Microsoft Power BI бағдарламасында деректерді талдау және визуализациялау дағдыларын бастапқы деңгейден жоғары көтеру мақсатында 2021 жылдың 16 қазанынан 19 қарашасына дейін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының 12 қызметкеріне «Деректерді Power BI бағдарламасында талдау және визуализациялау» біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылып, өткізілді.

- Мектептерді нәтиже үшін командада жұмыс істеуге және ұйымды дамытуға дайын жоғары білікті, заманға сай әрі тиімді басшылармен қамтамасыз ету мақсатында «Жағдаяттық басқару: басқару тиімділігінің практикалық дағдылары» көшбасшылық құзыреттілік біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылып, өткізілді (2021 жылдың 20-21 тамызы, курс тренері Moscow Business School сарапшысы А. Толопило).

Зияткерлік мектептердің 21 директоры офлайн-форматта оқыды, оқу барысында нақты кейстерде білім беру ұйымдарының

басшысы қолданатын тиімді стратегиялары мен тактикалық сценарийлері қарастырылды. Курс бағдарламасында командада тиімді жұмыс істеуге, тапсырманы орындау алгоритміне ықпал ететін факторларды зерттеуге және қол астындағы қызметкерлердің жұмысы барысында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыру үшін басқару құралдарын тәжірибеде қолдануға ерекше назар аударылды.



Қараша-желтоқсан айларында аралас оқыту форматында Зияткерлік мектептердің әкімшілік басқару аппаратының 127 мүшесіне «Білім беру ұйымында стратегиялық жоспарлау және деректер негізінде даму бағдарламаларын жүзеге асыру. Басқару командаларын кәсіби қайта дайындау бағдарламасы» курсы өткізілді. Білім беру ұйымдарының басшылары мен «Жоғары экономика мектебі» ұлттық зерттеу университеті мен EdCrunch Academy (РФ) заманауи білім беруді дамыту институтының сарапшылары Фрумин И. Д., Каспржак А. Г., Пахчанян А., Медведев К. В., Фишбейн Д. Е. және т. б. курста тренер болды.



Оқыту барысында басшылар білім беру үдерісіне мониторинг жүргізу барысында алынған деректерді талдау негізінде мектепті дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеуді; білім беретін кәсіби қоғамдастықтар мен әлеуметтік серіктестік арқылы мектеп мәдениеті мен білім беру инновациялары негізінде педагогтердің кәсіби дамуын басқару моделін құруды үйренді. Курс басқарушылық және көшбасшылық құзыреттерін жетілдіру арқылы білім беру ұйымын басқару саласындағы кәсіби қызметтің жаңа түрін орындау үшін жүйелі білім алуға ықпал етті. Курсты аяқтау мектеп командасымен білім беруді дамыту бағдарламасының жобасын әзірлеу және қорғау, өзгерістерді басқару командасын қалыптастыру түрінде өтті.



• Қыркүйек айында Зияткерлік мектептердің 4 жетекшісі Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» курсына қатысты. Бағдарлама аясында мектепшілік бақылау және мониторинг негізінде білім беру үдерісінің сапасын басқару және бағалау дағдыларын жетілдіру, рефлексия, көшбасшылық және өзін-өзі басқару негізінде тұлғалық-кәсіби даму дағдылары жетілдірілді. Курс қатысушыларға мектепті тиімді басқарудың жеке және кәсіби даму бағыттарын анықтауға көмектесті.

2.4. Педагог қызметкерлердің жұмысын бағалау

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау олардың кәсіби құзыреттілігін, сондай-ақ кәсіби жетістіктері мен кәсіби үздіксіз дамуға бағытталған жоспарын бағалау арқылы педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Аттестаттау рәсімі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасы Төрайымының 2020 жылғы 26 тамыздағы «2020-2021 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектептің педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу туралы» №185/НҚ бұйрығына сәйкес 2021 жылдың қаңтар-маусым аралығында өткізілді.

Пандемияның өршуі мен оның салдарына, қашықтан оқытуға, кәсіби іс-шаралардың (емтихандар, конкурстар, конференциялар және т.б.) ауыстырылуына, ұйымның тілдік емтихандарды өткізу жұмысының тоқтатылуына байланысты аттестацияның аралық кезеңін ұлғайту, міндетті аттестаттау мерзімін бір жылға ауыстыру мүмкіндігін беру, аттестацияға қатысуға өтініштерді қабылдау мерзімін 2020 жылғы қыркүйектен 2021 жылғы қаңтарға ауыстыру арқылы аттестаттау рәсімдерін оңтайландыру жүргізілді. Міндетті аттестаттауға жататын педагог қызметкерлердің үштен бір бөлігінен астамы осы құқықты пайдаланды.

2020-2021 оқу жылында аттестацияға қатысуға 245 педагог қызметкер (мұғалімдер) және оларға теңестірілген 27 тұлға өтініш тапсырды. Оның ішінде 165 (67%) мұғалім міндетті аттестаттаудан, 80 (33%) мұғалім мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтті. 234-і (96%) аттестатталушы деңгейін көтеруге, 11-і (4%) растауға өтініш берді.

Мұғалімдерді аттестаттау үш кезеңмен өтті: аттестацияның I кезеңі (мектептік бағалау) Зияткерлік мектептермен 2021 жылдың 5 қаңтары мен 5 сәуірі аралығында; аттестацияның II кезеңін (тәуелсіз бағалау) Педагогикалық өлшеулер орталығы 2021 жылдың 12 сәуірі мен 28 мамыры аралығында; аттестацияның III қорытынды кезеңін Адами ресурстарды басқару департаменті 2021 жылғы 18 мамырдағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектептің педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудың қорытынды кезеңін өткізу туралы» №125/НҚ бұйрығына сәйкес 2021 жылдың 27 мамыры мен 11 маусымы аралығында өтті.

I кезең барысында аттестация рәсімдерін өткізу үшін мектептерде жұмыс топтары мектеп әкімшілігінің мүшелері, әдістемелік бірлестіктер басшылары, кәсіби дамуды қолдау жөніндегі тренерлерінен құрылды. Жұмыс тобының басты міндеті осы оқу жылына жоспарланған кәсіби даму мақсатына қол жеткізуге қатысты кері байланыс беру мақсатында мұғалімнің тәжірибесін бақылау арқылы тәлімгерлік қызметті жүзеге асыру болды. Сабақты жоспарлау, оқыту, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және сабақты кешенді талдау сияқты бағыттар бойынша сындарлы кері байланыс беріп, сабақты бақылады. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарын жүйелі бақылау, мектептегі бағалау парақтарында байқау нәтижелерін тіркеу, мұғалімнің сабақта стратегиялар мен техникаларды дұрыс қолдануын бақылау аттестацияның бірінші кезеңінде шешім қабылдауға негіз болды. Мектептегі бағалау қорытындысына қатысты шешімді мектептің аттестаттау комиссиясы мектептің Әдістемелік кеңесінің және Әдістемелік бірлестіктің ұсынымы бойынша қабылдайды.

Рефлексивті есептерді тәуелсіз бағалау рәсімінің қорытындысы бойынша (II кезең) 245 мұғалімнің 124-і мәлімделген деңгей бойынша (жалпы санынан 51%) шекті балл жинады. 2020 жылмен салысты-

рғанда шекті балл жинаған мұғалімдердің үлесі 2,6%-ға жоғары.

Бағалауға ұсынылған 245 рефлексивті есептің (РЕ) **170-і** (69,4%) қашықтан өтетін сабаққа қатысты құрастырылды.

Деңгейлер бойынша сабақ форматына қатысты сандық деректер

Педагогикалық шеберлік деңгейі	Сабақ өткізу форматы		барлығы
	қашықтан	күндізгі	
«Мұғалім»	29	11	40
«Мұғалім-модератор»	73	32	105
«Мұғалім-сарапшы»	67	31	98
«Мұғалім-зерттеуші»	1	1	2
Барлығы	170	75	245

Қашықтан оқыту бойынша рефлексивті есеп берген және өту балын жинаған мұғалімдердің үлесі күндізгі форматта өтетін сабаққа қарағанда **17%-ға** жоғары. Бұл мұғалімдердің қолданыстағы тәжірибеге талдау жасауымен және барлық кезеңдерді егжей-тегжейлі қарастыру үшін қашықтан өтетін сабақтардың бейнелерін қолдана алатындығымен байланысты болар.

2020 жылмен салыстырғанда «Мұғалім» деңгейіне өту балын жинаған адамдардың үлесі 11%-ға төмендегені, ал «Мұғалім-модератор», «Мұғалім-сарапшы» деңгейлерінің тиісінше 6,4%-ға және 7,8%-ға өскені байқалады. «Мұғалім-зерттеуші» деңгейіне үміткер екі мұғалім өту балын жинай алмады.

2020 және 2021 жылдардағы рефлексивті есепті бағалау нәтижелері бойынша шекті балл жинаған мұғалімдердің деректері



Рефлексивті есепті бағалау қорытындысы бойынша педагогтерге рефлексивті практиканы дамытуға қатысты ұсынымдармен жеке бағалау парақтары ұсынылды, атап айтқанда:

- оқушылардың бастапқы білім деңгейін, оқу материалын түсіну дәрежесін, алдыңғы білімімен өзара байланысын, оқушылардың үміт-мүдделері және қызығушылықтары, кездескен қиындықтарын анықтау мақсатында оқушылардың талап-тілектері мен жеке ерекшеліктерін зерделеу (кіру тестілеуі, сабақта бақылау, диагностика, сауалнама жүргізу, оқушылар мен ата-аналарға сауалнама жүргізу және т.б.);

- сабақ жоспарын (бірлескен жоспарлау барысында әзірленген) оқу бағдарламасын меңгеру деңгейіне және нақты сыныптың талап-тілектеріне сәйкес бейімдеу (белсенді және интерактивті оқыту әдістерін, кері байланыс беру тәсілдерін қосымша қосу);

- оқушылардың талап-тілектеріне қарай оқыту әдістерін таңдау (оқыту мақсаттарын, оқу материалының күрделілігін, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын ескеру, өзара әрекеттесу ерекшеліктерін ескеру), ресурстарды (таныстырылымдар, бейне-материалдар, ғылыми мақалалар, топтамалар, аспаптар мен реактивтер, электрондық оқулықтар, виртуалды зертханалар, бағыт парақтарын) таңдау;

- сабақтың мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес бағалау стратегиялары мен құралдарын таңдау (оқушылардың даму деңгейін, ынталандыру деңгейін,

олардың жас ерекшеліктерін, сабақтағы жұмыс нысандарын ескеру);

- оқушыларды оқыту нәтижесін анықтау, нақты белгіленген көрсеткіштері бар мониторинг жүргізіп, оның негізінде оқу мақсаттарына қол жеткізу деңгейін бағалау және оқушылардың дағдыларын дамыту;

- сабақты зерттеу нәтижелерін ескеріп, өз тәжірибеңізді дамыту үшін нақты әрекеттерді жоспарлаңыз және әріптестеріңізге ұсыныстар жасаңыз.

Педагогикалық өлшеулер орталығы «Мұғалімге оқушылардың көзқарасы», «Мұғалімге ата-аналардың көзқарасы», «Мұғалімге әріптестерінің көзқарасы» сауалнамаларын өткізді.

Қорытынды кезеңнің отырыстары TEAMS платформасында қашықтан өткізілді, сол платформаға мұғалімдердің электрондық портфолиосы алдын ала жүктелді, ал аттестатталатын қызметкердің жазбаша келісімі негізінде сұхбаттың бейнежазбасы жүргізілді. Барлық аттестатталатын қызметкерлер оқушылардың білім сапасы, оқушылардың жетістіктері, кәсіби ортада әріптестерімен қарым-қатынасы және практикада дәлелденген тәжірибесін таратуы, портфолиосы, өзінің кәсіби дамуын басқаруы туралы таныстырылымдарын көрсетті. ДББҰ аттестациялық комиссиясы III кезеңнің нәтижесіне қарап, белгіленген критерийлер негізінде ұсынымдар туралы шешім қабылдады және шешім қабылдау алгоритмі бойынша мәлімделген деңгейге сәйкестігі туралы қорытынды шешім қабылдады.

Мұғалімдерді аттестаттау нәтижелерінің сандық көрсеткіштері

Кезеңдер	Нәтиже	Аттестатталатын мұғалімдер саны		Педагогикалық шеберлік деңгейі			
				мұғалім	модератор	сарапшы	зерттеуші
		245	100%	40	105	98	2
1-кезең	Ұсынылғандар	241	98%	40	105	95	1
	Ұсынылмағандар	4	2%	0	0	3	1
2-кезең	Ұсынылғандар	124	51%	30	55	39	0
	Ұсынылмағандар	121	49%	10	50	59	2
3-кезең	Ұсынылғандар	201	82%	32	89	80	0
	Ұсынылмағандар	44	18%	8	16	18	2
Барлығы	Сәйкес келетіндер	206	84%	32	92	82	0
	Сәйкес келмейтіндер	39	16%	8	13	16	2

Аттестаттау қорытындысы бойынша мұғалімдердің 84%-ы мәлімделген педагогикалық шеберлік деңгейіне аттестаттаудан сәтті өтті.

2021 жылы педагог қызметкерлерге теңестірілген 27 тұлға аттестацияға қатысты, олардың 7-і педагогикалық шеберліктің базалық деңгейіне, ал 20-сы ілгері деңгейіне көтерілді. Педагог қызметкерлерге теңестірілген тұлғалар үшін аттестация екі кезеңде өткізілді. Аттестация қорытындылары бойынша 25 (96%) қызметкер аттестаттаудан сәтті өтті.

Аттестациядан сәтті өту үшін аттестацияның аралық кезеңінде және аттестаттау рәсімдері кезінде мұғалімдерге жүйелі әдістемелік қолдау көрсетіледі.

2.5. Педагог мамандардың жетістіктері

Зияткерлік мектеп мұғалімдері жыл сайын Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебіндегі кәсіби құзыреттілікті оңтайлы меңгергенін көрсететін дарынды, шығармашылық қабілеті бар мұғалімдер мен тренерлерді анықтауға, оларды қолдау мен көтермелеуге бағытталған IMPACT Olympiad-қа - математика, физика және информатика олимпиадалық резервінің мұғалімдері мен тренерлерінің халықаралық ашық шығармашылық конкурсына қатысады. 2021 жылдың 7 және 13 қаңтары аралығында қашықтық форматта өткен байқауға Ресей, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Қазақстанның жетекші мектептерінен 1148 мұғалім мен тренер қатысты, оның ішінде Тараз және Шымкент қалаларындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептерден 16 мұғалім қатысты. Тараз қ. ФМБ НЗМ командалық есепте жүлделі 2-орынға ие болды. Жеке есепте 16 қатысушыдан 11 мұғалім жүлделі орындарға ие болды. Тараз қ. ФМБ НЗМ информатика пәнінің мұғалімі Сәрсенбек Ақниет Шадиярбекұлы 1-орынға ие болды. Олимпиада аясында математика, физика және информатика пәндерінен Республикалық біліктілікті арттыру семинары өткізілді.



2019 жылдан бері Қазақстанда «Қоғамдық маңызы бар бастамаларды дамыту қоры» өз мамандығына аса зор үлес қосқан мұғалімдерді анықтау мақсатында «Барке» қоры бекіткен National Teacher Prize Kazakhstan Ұлттық сыйлығының конкурсын өткізіп келеді. Зияткерлік мектептерден соңғы 3 жылда 2 мұғалімнен байқау финалына шығып, былтыр Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің химия пәнінің мұғалімдері Динара Бейсембаева мен Дина Құдабаева National Teacher Prize Kazakhstan 2020 ұлттық сыйлығы байқауының жеңімпаздары атанды.

«Қазақстан мұғалімі - 2021» ұлттық сыйлығының 10 жеңімпазының қатарында Халықаралық Бакалавриат мектебінің физика пәнінен мұғалім-сарапшы Арман Иманшарипова және Ақтөбе қаласындағы Зияткерлік мектептің физика пәні мұғалімі Мират Оспанов бар. Олар байқау қорытындысы бойынша еліміздің 64 үздік педагогі қатарынан іріктелді.



Осы ұлттық премия аясында болашақ педагог студенттерге арналған «Болашақ мұғалім» номинациясының қорытындысы шығарылды. Шымкент қ. ХББ НЗМ ағылшын тілінен мұғалім-модератор Гавхарбек Махмудов «Болашақ мұғалімі» жобасы бойынша «Үздік тәлімгер» номинациясының жеңімпазы атанды, оның барысында Гавхарбек Махмудов 5 ай бойы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің студенттерімен жұмыс істеп, олардың тәлімгері болды.

Осы 2021 жылы Семей қ. ФМБ НЗМ физика пәнінен мұғалім-сарапшы Жұмабеков Асхат Советханұлы «Global Teacher Prize» халықаралық сыйлығының ТОП-50 финалистер тізіміне кірді. Асхат Жұмабеков - 2018 жылғы «Үздік педагог» республикалық байқауының жеңімпазы, 2019 жылғы National Teacher Prize Kazakhstan Ұлттық сыйлығының финалисі және беделді халықаралық байқау тарихында Қазақстанды танытқан алғашқы мұғалім. Global Teacher Prize 2021 сыйлығының шорт-парағына кірген үздік мұғалімдер әлемнің 121 елінен 8000-нан астам номинация мен өтінім ішінен іріктелді.

Асхат Советханұлы 3 жыл бойы Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытумен айналысып, өз оқушыларын осы жұмысқа тартып жүр. Ол ресейлік және фин сарапшыларымен тығыз ынтымақтастықтың арқасында оқыту семинарларын, коучингтер мен шеберлік сабақтарын өткізеді. Нәтижесінде Германия Ұлттық кітапханасының кітап палатасынан жарық көрген «Ресей, Қазақстан және Финляндиядағы инклюзивті білім беру тәсілдері: мәні, тәжірибесі, болашағы» атты ұжымдық монография жұмысы жарық көрді.

Асхат Жұмабеков - «Болашақ» бағдарламасының 2016 жылғы түлегі (Финляндия), үш кітап, бес авторлық құқық және 50-ден астам жарияланған ғылыми жұмыстың авторы. Оның оқушылары - республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері, оның түлектері - әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының грант иегерлері.



Асхат Жұмабековтің суреті «Заманауи білім беру» республикалық ақпараттық-талдау журналының мұқабасында шығып, оның сұхбаты алты бетке басылды.

**GLOBAL
TEACHER
PRIZE**
VARKEY FOUNDATION

**VARKEY
FOUNDATION**
Changing lives through education

**Global Education
SERIES**

Latest News


GLOBAL TEACHER PRIZE GLOBAL STUDENT PRIZE WINNERS FINALISTS NATIONAL TEACHER PRIZES

2021 TOP 50 FINALISTS

meet
the Global Teacher Prize 2021



Askhat Zhumabekov
Nazarbayev Intellectual School
of Physics and Mathematics,
Semey Branch, Kazakhstan



ҚР БҒМ «Үздік педагог - 2021» кәсіби байқауындағы 50 жеңімпаздың қатарына Зияткерлік мектептердің 3 мұғалімі кірді. Атырау қаласындағы ХББ НЗМ химия пәнінің мұғалімі Бейсенбекова Гүлзия Сапарбекқызы Зияткерлік мектеп педагогтеріне арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуші, «Онлайн-Мектеп» жобасында сабақ сценарийлерін құрастырушы болып табылады. Тараз қ. ФМБ НЗМ екі мұғалімі: оқушылары жыл сайын респу-

бликалық ғылыми жобалар байқауларының жеңімпазы болатын, тарих пәнінен мұғалім-сарапшы, бағдарламалар мен әдістемелік құралдардың авторы Исатаева Любовь Жантаевна және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен мұғалім-сарапшы, «Үздік мұғалім - 2020» желілік конкурсының жеңімпазы, «Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасы бойынша сертификатталған тренер Молдабек Эльмира Жандарқызы



Есептік кезеңде жоғары жетістіктері үшін ДББҰ-ның 13 қызметкері ҚР БҒМ мемлекеттік марапаттары мен төсбелгілеріне, ҚР БҒМ, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің Құрмет грамоталары мен алғыс хаттарына ие болды, ал 585 педагог ДББҰ марапаттарына ие болды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің қалыптасуына, егемендігінің нығаюына және әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Назарбаев

Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының Төрайымы Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы; Қарағанды қ. НЗМ ХББ директоры Якупов Равиль Мансурович; Түркістан қ. ХББ НЗМ директоры Касимов Балқан Маратұлы; Семей қ. ФМБ НЗМ директоры Қайыржанов Бағдан Тоқтамысұлы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.



chelznak.ru



Білім беруді дамытудағы еңбегі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін ДББҰ Басқарма Төрайымының орынбасары Испусинова Светлана Багитовна мемлекеттік «Құрмет» орденімен, Педагогикалық өлшеулер орталығының директоры Шилибекова Айдана Сембековна «Халық алғысы» медалімен, Талдықорған қ. ФМБ НЗМ филиалының математика пәнінен бірінші мұғалім-шебер Сергей Сергеевич Полянских «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.



2021 жылы Қазақстан Республикасына сіңірген ерен еңбегі мен жетістіктері үшін алғаш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» мемлекеттік наградасы тағайындалды. Еліміздің барлық өңірлерінен 20-дан астам еңбек сіңірген мұғалім ҚР Президентінің Жарлығы бойынша мемлекеттік марапаттың алғашқы иегерлері болды, олардың ішінде Нұр-Сұлтан қ. ФМБ НЗМ математика пәнінен мұғалім-зерттеуші Апеева Гүлнар Кенжебайқызы бар.



Білім беру саласындағы еңбегі мен жетістіктері үшін Петропавл қ. ХББ НЗМ тарих пәнінен мұғалім-модератор Әлибаева Гүлнар Аманжолқызы, Қостанай қ. ФМБ НЗМ орыс тілі мен әдебиеті пәнінен мұғалім-модератор Бармина Анастасия Юрьевна,

Педагогикалық шеберлік орталығының Талдау және мониторинг бөлімінің бастығы Тоқбаев Мұхамет Қажыахметұлы «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісіне ие болды



Зияткерлік мектептердегі Зияткерлік мектептерде білім беру бағдарламалары мен оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін дамытуға және еліміздің орта білім беру жүйесіне тәжірибені таратуға қосқан үлесі үшін физика-математика ғылымдарының кандидаты, Білім беру бағдарламалары орталығының жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бөлімінің аға менеджері Аубакиров Тойбек Уатаевич және Педагогикалық өлшемдер орталығының мониторинг және сыртқы жиынтық бағалау бөлімінің сарапшысы Ахметов Баймұрат Иманбайұлы «Ы. Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.

матикалық бағыттағы пәндер бөлімінің аға менеджері Аубакиров Тойбек Уатаевич және Педагогикалық өлшемдер орталығының мониторинг және сыртқы жиынтық бағалау бөлімінің сарапшысы Ахметов Баймұрат Иманбайұлы «Ы. Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.



Педагогтерді ынталандыру шаралары

Өз денсаулығына күтіммен қарауды ынталандыру, Зияткерлік мектептер педагогтерінің физикалық және психикалық саулығын сақтау және нығайту мақсатында ДББҰ Басқармасымен бекітілген (2021 жылғы 22 шілдедегі №36 хаттама) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында санаторий-курорттық орындарға емделуге (сауықтыруға және денсаулығын қалпына келтіруге) жолдамалар беру ережелеріне сәйкес педагогтерді санаторий-курорттық орындарға емделуге жіберу жұмыстары ұйымдастырылды. 196 педагогке ашық конкурс қорытындысы бойынша мұғалімнің өтінімін, денсаулық жағдайын, мұғалім мамандығына бейілін, кәсіби жетістіктері мен әлеуметтік белсенділігін ескеріп, олардың таңдауы бойынша Алматы қаласы («Қазақстан», «Көктем», «Алматы Резорт»), Түркістан облысы («Сарыағаш», «Манкент», «Ақтілек», «Sairam thermal resort», «Aragy deluxe»), Жамбыл облысы («Мерке»), Ақмола облысы («Оқжетпес»), Жамбыл облысы («Мерке»), Қостанай облысы («Сосновый бор»), Қарағанды облысындағы («Балқаш») емдеу-профилактика мекемелеріне жолдамалар берілді.

ДББҰ-да екінші жыл қатарынан «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамымен бірлесіп мұғалімдерге тұрғын үй сатып алу мақсатында «Корпоратив» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Үміткерлерді іріктеу ДББҰ Басқармасының 2020 жылғы 30 қазандағы шешімімен (№49 хаттама) бекітілген «Корпоратив» бағдарламасына қатысуға үміткерлерді іріктеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі. 2020 жылы Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8 мұғалімі, ал 2021 жылы Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 5 мұғалімі баспаналы болды.





БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

3.1

Білім беру
бағдарлама-
лары

3.2

Білім беру
ресурстары

3.3

Тәрбие
жұмысы

3.4

Қосымша
білім беру

3.5

Оқушылардың
әл-ауқаты

3.6

Кәсіби бағдарлау
жұмысы

3.1. Білім беру бағдарламалары

Зияткерлік мектептерде оқыту екі білім беру бағдарламасы: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme білім беру бағдарламасы және Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme» (бұдан әрі – NIS-Programme) білім беру бағдарламасы 21 Зияткерлік мектепте білім беру үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуын анықтайды. NIS-Programme бағдарламасы оқушыларда іргелі академиялық білім қалыптастыруға, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқыту арқылы сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған.

2021 жылы NIS-Programme бағдарламасы келесі жұмыс түрлерімен қатар тиімді жүзеге асырылды:

- NIS-Programme бағдарламасы жүзеге асуы үшін әдістемелік және ресурстық қолдау көрсету;
- NIS-Programme бағдарламасын жетілдіру;
- элективті курстардың бағдарламаларын әзірлеу;
- Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріне NIS-Programme бағдарламасын енгізу.

NIS-Programme бағдарламасын жүзеге асыруда әдістемелік және ресурстық қолдау көрсету

Әртүрлі сарапшылар айтқан жаңа норма биыл айқын байқалып, шешімдердің жан-жақты болуын талап етті. Атап айтқанда, бір жылдың ішінде оқушылар қашықтан да, дәстүрлі түрде де білім алды. Мысалы, жылдың басында оқыту негізінен қашықтан жүзеге асырылса, жылдың ортасына қарай мектептер дәстүрлі оқыту форматына қайта оралды. Осы форматтардың әрқайсысы әді-

стемелік және ресурстық қолдау көрсету кезінде әртүрлі тәсілдер мен фокусты қажет етеді. Бірінші жағдайда онлайн-оқыту барысында мұғалімдерге қолдау көрсету үшін тиімді коммуникациялық және әдістемелік алаң құру; ал екінші жағдайда мұғалімдерді аралас оқытуды жүзеге асыру мақсатында әдістемелік құрал және ресурстармен жабдықтау, сондай-ақ ковидтен кейінгі кезеңде оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, оларды жою өзекті мәселе болды.

Білім беру бағдарламалары орталығы мұғалімдерге мына іс-шаралар арқылы жүйелі түрде әдістемелік және ресурстық қолдау көрсетеді, олар:

- Ресурстар банкінің жұмысын үйлестіру;
- әдістемелік құралдарды әзірлеу;
- Зияткерлік мектептердің мұғалімдеріне NIS-Programme бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған оқыту тренингтерін өткізу;
- педагогтердің академиялық білімін тереңдетуге арналған сырттай мектеп;
- әдістемелік нұсқау хат әзірлеу.

• Ресурстар банкінің жұмысын үйлестіру
2021 жылы БББО Зияткерлік мектептер мұғалімдері әзірлейтін онлайн-сабақтардың Оқу материалдары банкі (бұдан әрі – Ресурстар банкі) үйлестіру жұмысын жалғастырды.

Ресурстар банкі қашықтан өткізілетін сабақтардың негіздемелік материалдарды жинақтап қана қоймай, желі ішінде ынтымақтаса жұмыс істеп, тәжірибе алмасуды қамтамасыз ететін, жаңадан келген мұғалімдерге ресурстық қолдау көрсететін құрал болып табылады. Мұғалімдер әзірлеген ресурстарды жинақтау оқу сапасын бақылауға және оқу үдерісінің сабақты жоспарлағаннан бастап, өткізгеннен кейінгі кезеңіне дейін мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.



1-сурет. Ресурстар банкін ұйымдастыру үдерісі

TEAMS платформасында БББО пән мамандары 16 пән тобын құрып, оларды үйлестірумен айналысады. Зияткерлік мектептердің барлық мұғалімі өз пәні тобына кіріп, әр сабаққа арналған оқу материалдарын пайдалана алады. Оқу материалдарының жинағы:

1) қадамдық нұсқаулығы бар сабақ жоспары;

2) презентация;

3) жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерге арналған практикалық/зертханалық/эксперименттік жұмыстың бейнеролигі немесе виртуалды зертханаға/симуляцияға сілтеме; лингвистикалық бағыттағы пәндерге арналған аудио-/бейнежазбалар;

4) дағдыларды бекіту және дамытуға бағытталған тапсырма;

2-12 сыныптарға арналған 22 122 сабақ әзірленіп, Ресурстар банкіне жүктелді.

Дайын ресурстардың қолжетімді болуы мұғалімді апта сайынғы сабақ жоспарын құрастырудан босатады деген сөз емес, себебі бұл ресурстар материалдарға қосымша пайдаланылатын ресурстар болып саналады.

Microsoft TEAMS пән топтарында БББО мамандары «Химия», «Биология» және «Физика» пәндерінен 7-12-сыныптарына қашықтан оқыту жағдайында зертханалық-практикалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыруға қатысты әдістемелік ұсыныстар дайындап орналастырды.

Сондай-ақ қашықтан оқытуды ұйымдастыру мақсатында тегін ресурстардың (веб-сайттар, you-tube-арналар) тізімі жасалып, Зияткерлік мектептерге жіберілді.

• Әдістемелік құралдар әзірлеу

Әдістемелік құралдар әзірлеудің негізгі міндеті — Зияткерлік мектептердің педагог мамандарына практикалық көмек көрсету. 2021 жылы екі әдістемелік құрал әзірленді:

1) 7-12-сынып оқушыларының экологиялық білімін тереңдету мақсатымен қазақ және орыс тілдерінде әдістемелік нұсқаулық әзірленді.

2) информатика сабағында цифрлық азаматтық элементтер енгізу барысында мұғалімдерге қолдау көрсету мақсатымен орыс тілінде «Цифрлық азаматтық» әдістемелік құрал әзірленді.

Әзірленген әдістемелік құралдарды <https://forum.cer.nis.edu.kz/> онлайн-платформасынан жүктеп алуға болады.

• Мұғалімдерге арналған тренингтер

Зерттеушілер Барбер мен Муршед (2008) әлемдегі 25 елдің тәжірибесін талдап көріп, мұғалімдерді таңдап және олардың оқушыларға сапалы білім беруін қамтамасыз ету үшін жағдайын оңалтудың шешуші фактор болатынын анықтады.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатымен БББО NIS-Programme бағдарламасын іске асыруға бағытталған оқыту семинарлары мен тренингтерін өткізеді.

2021 жылы БББО 53 оқыту семинарын өткізіп, Зияткерлік мектептердің 1802 мұғаліміне NIS-Programme бағдарламасын жүзеге асырудың түрлі тәсілін көрсетіп, оқыту жүргізді.



**Барлық пән
бойынша 1504
мұғалімге арналған
30 вебинар**



**Математика пәні
бойынша 260 мұғалімге
арналған
1 тренинг**



**Түркістан қ.
Зияткерлік мектептің
38 мұғаліміне арналған
22 вебинар**

2021 жылы өткізілген оқыту семинарларының саны

Зияткерлік мектеп мұғалімдері үшін дәстүрлі пәндік тренингтер (1504 мұғалімге арналған 30 вебинар) «Ынтымақтас, өздігінен білім алатын, қамқор мектеп тақырыбындағы Тамыз конференциясы аясында онлайн режимде өткізілді.

Бастауыш, негізгі және жоғары мектептің барлық пәнін қамтитын пән тренингтері мұғалімдерді еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдан кейін қолдауға және аралас оқытудың бір түрі – «Төңкерілген сынып» технологиясын қолдануға арналды. Тыңдаушыларға «Төңкерілген сынып» әдістемесін қолдануға байланысты практикалық ұсыныстар айтылып, осы технологияның негізгі тұстары, оқу материалдарының мазмұнын жасау және басқаруға водкаст, подкаст сияқты әдістерді пайдалану қарастырылды.

Сонымен қатар жаратылыстану-математика және лингвистика бағытындағы пәндер арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын және пән мазмұны арқылы шығармашыл ойлау қабілетін қалыптастыруға көңіл бөлінді.

• Педагогтердің академиялық білімін тереңдетуге арналған сырттай мектеп;

«Сырттай оқу мектебі» (бұдан әрі – Сырттай оқу мектебі) жобасы Зияткерлік мектептердің «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Экономика» пәндерінің мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында құрылды.

Сырттай оқу мектебі демалыс кезінде жұмыс істеп, Зияткерлік мектептердің барлық мұғалімінің жоғарыда аталған пәндер бойынша жұмысқа қатысуын көздейді.

Сырттай оқу мектебі негізінен тәуелсіз қызметті көздейтін және мұғалімдердің білімін кеңейтуге, тереңдетуге мүмкіндік беретін білім беру нысаны болып саналады

Оқытудың бұл түрі, қай қалада болмасын, мұғалімдердің деңгейін теңестіретін мықты құрал ретінде қызмет етеді және мұғалімдердің қалыпты, әдеттен тыс мәселелерін шешудің ұтымды әдістері мен тәсілдерін меңгеруіне, оларды жетілдіруге ықпал етеді. Сондай-ақ ол болашақта оқу үдерісінде және пән олимпиадаларына дайындалу барысында қолдануға болатын тапсырмалар жинағын

топтастырудың тамаша мүмкіндігі болып табылады.

Есеп беру кезеңінде Зияткерлік мектептердің тәжірибелі мұғалімдері функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған ілгері және олимпиадалық деңгейдегі тапсырмалар құрастырды. Тапсырмалардың мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту стратегиясын қалыптастырды.

Сондай-ақ БББО пән мамандары мен Алматы қ. ФМБ НЗМ математика пәнінің мұғалімдері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі 10-12-сынып мұғалімдеріне арналған «Кездейсоқ шамалар және математикалық статистиканың негізгі есептері» тақырыбында тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты «Математика» пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және 12-сынып оқу бағдарламасының «Математикалық статистиканың негізгі есептері» жаңа бөлімін оқытуға дайындау болды.

Тренингтің негізгі мақсаты бағдарламаға алғаш рет енгізілетін тақырыптарға байланысты мұғалімдердің пән бойынша білімін тереңдетуге бағытталған. Сондай-ақ онда осы тақырыптарды оқытудың әдістемелік нұсқалары және оқушыларды сыртқы жиынтық бағалауға дайындау мәселелері қарастырылды. Қатысушылар кездейсоқ шамалардың таралу параметрлерінің нүктелік және аралық бағалау құру, статистикалық гипотезаларды тексеру есептерін шешті.

Сырттай оқу мектебінің нәтижелерін талдау мұғалімдердің ынтымақтасып белсенді жұмыс істейтінін және олардың пән бойынша білім деңгейінің жоғары екенін көрсетті. Бұл бағыттағы жұмыс 2022 жылға жоспарланған.

• **Әдістемелік нұсқауат (ӘНХ) әзірлеу**

Әдістемелік нұсқауат Зияткерлік мектеп мұғалімдерін әдістемелік қолдау, сондай-ақ оларды білім беру саласындағы соңғы жаңа-

лықтармен таныстырудың негізгі құралдарының бірі болып саналады. 2021-2022 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқауат оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, жоғары сапалы оқыту ортасын қамтамасыз ету, сапалы оқу үдерісі мен оқытуды, саралап оқытуды ұйымдастыруға байланысты мұғалімдерге арналған ұсынымдарды қамтиды.

Әдістемелік нұсқауатта Зияткерлік мектептердегі білім беру үдерісі қашықтан оқытуға көшуге байланысты өзгерістерге ұшырағаны ескеріліп, аралас оқыту технологиясы туралы ақпарат берілген. Сонымен қатар мұғалімдерге «төңкерілген» оқыту технологиясы аралас оқыту кезінде оқу уақытын ұтымды пайдаланудың тиімді стратегияларының бірі ретінде ұсынылады. Бұл технология онлайн форматта ғана емес, офлайн сабақ беруде де тиімді, өйткені ол оқушылардың дағдыларын дамыту және бекіту мақсатында сыныптағы уақытты оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтарды жою барысында мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатымен БББО бастауыш, негізгі және жоғары мектептің барлық пәніне арналған «төңкерілген» сабақтар мысалдарын әзірледі. Мысалдар мұғалімдер оқушылардың мүмкіндіктері мен мүдделерін ескеріп, ұсынылған сабақ жоспарларын бейімдей алатындай нұсқада құрастырылған.

	Оқушылар әзірлеген	Мұғалім әзірлеген
Синхронды (сыныпта)	1. Көрсету және қолдану → Креатив жеке жобалар мен таныстырылымдар	2. Тәжірибе арқылы қатысу → Ойындар, симуляциялар → Талқы, пікірталастар → Жаттығулар → Жағдайларды талдау → Эксперименттер
Бейсинхронды (сыныптан тыс)	3. Мағынаны ойлап табу → Блогтар → Фото-эссе → Тесттер → Рефлексивтік бейнероликтер → Аудиовизуал рефлексия → Рефлексивтік подкасттар, вебкасттар	4. Теорияны оқу → Бейнедәрістер → Онлайн чат → Аудиодәрістер → Лонгридтер → Тиісті мазмұндағы веб-сайттар → Электрондық курстар
	4 → 3 → 2 → 3 → 1	

Төңкерілген оқыту сызбасы (дереккөз: СберУниверситет)

COVID-19 індеті және қашықтан оқыту форматы оқушылардың ақпараттың көп және адастыратын жалған ақпараттардың себебінен цифрлық мәліметтерге байланысты жұмыс істеу дағдыларының болуы қажет екенін анықтап берді. COVID-19 індеті азаматтардың цифрлық сауатты болуы керектігін нақты көрсетіп берді. Яғни олар цифрлық ақпарат көздерінің, оның ішінде графиктер, диаграммалар, кестелер және бейнематериалдардың дұрыс-бұрыстығын бағалай білу керек. Нұсқаулық-әдістемелік хат мұғалімдерді Цифрлық интеллект институты (DQ Institute) әзірлеген Цифрлық интеллект тұжырымдамасымен таныстырады, ол деңгейлер мен салалар бойынша цифрлық интеллектінің 24 құзыретін анықтайды. Сондай-ақ Әдістемелік нұсқау хат мұғалімдерге оқушылардың цифрлық ортаға сауатты қатысу және технологияларды жауапкершілікпен пайдалану қабілетін қалыптастыру жолдары туралы ұсынымдар ұсынады.

«Біз нағыз індетпен ғана емес, сондай-ақ ақпараттық індетпен де күресеміз».

Тедрос Гебрейесус,

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының директоры

Сондай-ақ Әдістемелік нұсқау хатта БББӨ әзірлеген электив курстар бағдарламаларының тізімі берілген. Мұғалімдерге оқушылардың талап-тілектері мен мүдделерін ескеріп, электив курстар ұйымдастыру қажеттігіне назар аудару ұсынылады.

«NIS-Programme» бағдарламасын жетілдіру


Білім беру бағдарламасы — мазмұнды, талап-тілектерді талдау, нәтижелер, мақсаттар мен міндеттерді белгілеу, жүзеге асыру және бағалауды қамтитын өзара байланысты элементтердің серпінді жүйесі (Richards, 2001), жүйелі түрде қайта қарауды қажет ететін әрі жағымды өзгерістер құралы (Сердюков, 2017), барлық оқушының талап-тілегін қанағаттандыратын үдеріс (Джексон, 2005). Ендеше оны жетілдіру ісі тоқтаусыз жүреді және ол міндетті түрде іске асырылуға тиіс.

2020 жылы басталған NIS-Programme бағдарламасын жетілдіру ісі белгілі бір құзыреттерді меңгерген жоғары білімді, шығармашыл тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және дамуына ықпал ететін оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізуге бағдарланған.

Білім беру бағдарламалары орталығы жетістіктерін бекіту және тереңдету, сондай-ақ білім беру бағдарламасындағы жаңа даму бағыттарын анықтау мақсатымен жергілікті авторлар, әзірлеушілер әлеуетін, мониторинг пен халықаралық жобаларға ұзақ мерзімді қатысу кезеңінде жинақталған деректерді пайдаланады.

Қарекетшіл мұғалімдер қатарындағы жобалау тобының талқысынан соң, мектеп әкімшілігі оқушылардың пікірлерін ескеріп, NIS-Programme бағдарламасының негізгі құзыреттері тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітті.

Тұжырымдама қоғамның түлектің әлеуметтік, мәдени және жеке қасиеттеріне деген қажеттіліктерін көрсететін құзіреттіліктерді қалыптастыратын құндылықтар, білім, дағдылар мен сауаттылық түрлерін қамтиды.



NIS-Programme бағдарламасының негізгі құзыреттілік тұжырымдарын визуализациялау жобасы

• Жетістіктер мен жоспарланған өзгерістер арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету мақсатымен жасалған жаңа Тұжырымдаманың барлық компонентінің көрсетілімі аясында оқу пәндерін талдау жұмыстары жүргізілді. Оқу бағдарламаларын талдау жұмыстарынан бұрын оқу

бағдарламаларын талдауды жүзеге асыру жөнінде пән үйлестірушілері мен жұмыс топтарының өкілдерін дайындау семинарлары өткізілген болатын.

Оқу бағдарламаларын талдау жұмысы NIS-Programme мазмұнын зерттеудің үш негізгі бағытын қамтыды.

NIS-Programme бағдарламасын жетілдіру шеңберінде оқу бағдарламаларын талдаудың негізгі мәселелері

01

Оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарының жүйесін **негізгі құзыреттіліктерді** (дағдыларды, сауаттылық пен құндылық түрлерін) ұсыну тұрғысынан зерделеу

02

Оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарының **когнитивтік, аффективтік және психомоторлық деңгейлерінің** арақатынасын анықтау (Блум таксономиясы бойынша)

03

Сынып/тоқсан бойынша оқу мақсаттарының көлеміне **мазмұндық және сандық шамадан тыс жүктеу** тұрғысынан қарау

• Пәнаралық кіріктіруге, оқытудың әмбебап мақсаттарын әзірлеуге, академиялық адалдық сақтауға, пәндер мен білім беру салаларындағы болжалды нәтижелерді анықтауға, оқытуды дербестендіруге және т.б. байланысты мәселелер оқу бағдарламаларын талдау мен түрлендіру жұмыстарының қосымша бағыттары (акценттері) ретінде саналды.

NIS-Programme бағдарламасын жетілдірудің жаңа циклі шеңберінде негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға назар аудару арқылы «жылу карталары» (ағыл. heat map) құралын пайдалануды ескеретін ЭЫДҰ оқу бағдарламаларын жалпы салыстырмалы талдау (Curriculum Content Mapping) әдіснамасын негізге алу туралы шешім қабылданды. «Жылу карталары» оқу бағдарламаларында қамтылған негізгі құзыреттіліктердің кеңдігі мен тереңдігін суреттеу үшін пайдаланылды.

Есеп беру кезеңінде NIS-Programme бағдарламасын жетілдіру негізгі мектептің 19 пәні бойынша жүргізілді.

• Жазғы және күзгі кезеңде екі семинар ұйымдастырылды. Семинар аясында жұмыс топтары көзделген негізгі және қосымша бағыттар оқу бағдарламаларын қайта қарады.

Семинар жұмысына Педагогикалық шеберлік орталығы мен Педагогикалық өлшемдер орталығының мамандары міндетті түрде шақырылады. Бұл тәсілдеме мазмұн, педагогика және бағалау арасындағы үйлесімді сақтау мақсатында қайта қарау процесін түсінуге бағытталған. Себебі оқу бағдарламаларын қайта қарау мұғалімдерді дайындау бағдарламалары мен бағалау тәсілдемелерін жетілдірудің бастапқы жұмысы болып саналады.

• NIS-Programme бағдарламасын жетілдірудің нәтижесінде негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамыту, оқу бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру тұрғысынан халықаралық ұйымдар (ЭЫДҰ, ЮНЕСКО, ДБ және т.б.) зерттеулерінің нәтижелеріне сәйкес 70 құжат (оқу бағдарламасы) әзірленіп, қайта қаралды. Сондай-ақ үнемі өзгеріп тұратын еңбек нарығының талабына сәйкес келуі үшін толықтырулар енгізілді.

2021 жылы әзірленген және қайта қаралған оқу бағдарламалары мен ортамерзімді жоспарлар саны



Оқу бағдарламалары мен жоспарларын қайта қарау

Есеп беру кезеңінде 68 құжат: 22 – бастауыш, негізгі және жоғары мектептің оқу бағдарламасы, 46 – ортамерзімді жоспар қайта қаралды.

Оқу бағдарламалары мен жоспарларын қайта қарауда академиялық білімнің іргелі сипатын сақтау, негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру, мұғалімдерге академиялық еркіндік беру және оқытуды жекелендіру мүмкіндігі арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, нақтылай түсуге баса назар аударылды.

Қайта қарау барысында оқу бағдарламаларының оқу мақсаттары түрлі таксономиялар бойынша когнитивтік дағдылар иерархиясын, аффективтік және психомоторлық деңгейлерді көрсету тұрғысынан талданды. Содан кейін оқушылардың оқу жүктемесін төмендету, тиісті дағдыларды көрсету және т.б. үшін күшейтілді, біріктірілді немесе алынып тасталды.

• *Информатика және программалау*

Заманауи өмір цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына және олардың адам қызметінің барлық саласына енуіне байланысты жоғары білім мен еңбек нарығында IT-мамандар, программалаушылар, инженерлер, жоғары технологиялық өндіріс мамандары және т.б. кадрларға сұраныс өскенін

көрсетеді. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, программалау есептеуіш ойлаудың құрамдас бөлігі және оны дамытудың ең тиімді әдісі болып саналады. Программалау және есептеуіш ойлау – кез келген маманға қойылатын міндетті талап. Жоғары оқу орындарындағы барлық дерлік мамандықтардың бірінші курс оқу жоспарлары жоғары оқу орындарына дейін меңгерген программалаудың базалық дағдыларын бекітуге қажет пәндерден құралған. Компьютерлік кодты оқуға және түсінуге қабілетті болу талабы жыл сайын артып келеді. Сондықтан программалау мамандандырылған білімі қазіргі мектептің барлық түлегі игеруі тиіс әмбебап сауаттылыққа ауысады. Жоғары оқу орындарында білім алатын НЗМ түлектерінің кері байланысына сәйкес программалау бойынша дайындығы жеткіліксіз оқушылар қиындықпен бетпе-бет келеді.

Программалау дағдыларын міндетті түрде меңгеру бүкіл әлемде негізгі талап ретінде бекітіліп отыр. Мысалы, алгоритмдеу және программалауға қатысты құзыреттіліктер 2024 жылы жаратылыстану ғылымдарының аясында әлемнің түрлі еліндегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын және білімін тәжірибеде қолдана білуін бағалайтын PISA халықаралық зерттеуінің құрылымына қосу үшін қарастырылады.

Жоғарыда айтылғандар негізінде НЗМ

ДББҰ Басқармасының отырысында оқушылардың IT және цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған кешенді шаралар қабылданды:

- жоғары мектептің оқу жоспарына жаңа міндетті «Программалау» пәнін енгізу;
- «Информатика» пәнінің мазмұнын қайта қарау;

– бейінді пәндер бойынша электив курстар бағдарламасын әзірлеу.

Нәтижесінде есеп беру кезеңінде «Программалау» пәні бойынша 1 оқу бағдарламасы және 1 орта мерзімді жоспар әзірленді. «Информатика» пәнінің 1 оқу бағдарламасы және 2 орта мерзімді жоспары қайта қаралды, «IT-Essentials» электив курсының 1 бағдарламасы әзірленді.

2021-2022 оқу жылынан бастап Зияткерлік мектептерде апталық жүктемесі 2 сағат болатын жаңа «Программалау» пәні енгізілді. Пән барлық жоғары мектеп оқушыларына міндетті болып саналады.

Меңгерілетін программалау тілі ретінде Python таңдалды. Бұл – жұмыс берушілер арасында ең көп сұранысқа ие программалау тілдерінің тізімінен түспейтін программалау тілі (Hackerrank жылдық баяндамасының деректеріне сәйкес, 2018).

«Программалау» жаңа пәнін енгізу 11-сыныптарда «Ағылшын тілі» пәні оқу бағдарламасының апталық жүктемесін 5 сағаттан 3 сағатқа дейін қысқарту есебінен іске асырылды. Яғни оқушылардың жалпы оқу жүктемесін сақтап қалу көзделді. Сонымен қатар «Программалау» пәнін ағылшын тілінде оқыту оқушыларға жоғары мектепті аяқтағаннан кейін тілдік дағдыларын жоғалтпай, ағылшын тілін меңгерудің күтілетін деңгейіне (C1 – CEFR) қол жеткізуге мүмкіндік береді.

6-10 сыныптарға арналған «Информатика» пәнінің оқу бағдарламасы Cisco IT Essentials курсының базалық бөлігінің, «Safe Kids зертханасы» (Касперский зертханасы) курсының мазмұнын қосу мақсатында қайта қаралды. Информатика бойынша оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын қайта қарау кезінде цифрлық азаматтық элементтер визуализацияланған.

Цифрлық сауаттылықты оқытудың рөлін күшейту мақсатымен негізгі мектепте «Информатика» пәнінің мазмұнының бір бөлігі басқа пәндерде оқуға ұсынылды.

«IT-Essentials» элективті курсының бағдарламасы ақпараттық технологиялар саласындағы маманға көмек ретінде, информатика бойынша білімді тереңдетуге және кеңейтуге бағытталған. Бұл курста

10-сынып оқушыларына арналған және Cisco IT Essentials курсының күрделі тақырыптарын зерттеу, зертханалық жұмыстар жүргізу, Cisco компаниясының CompTIA A+ сертификатын ала отырып емтихан тапсыру қамтылған. Осы электив курсты меңгеру 11-12 сынып оқушыларына кәсіби CCNA сертификатын алып, Cisco «Желілік технологиялар саласындағы маман», «Қауіпсіздік жөніндегі маман» индустриялық тереңдетілген курстарының бірін таңдау мүмкіндігін береді.

Осылайша, НЗМ оқушыларын негізгі және жоғары мектепте информатика мен программалауды электив курстармен қатар оқыту ЖОО-да одан әрі тиімді оқытуға ықпал етеді және олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттігін арттырады.

Электив курстардың бағдарламаларын әзірлеу

БББО NIS-Programme шеңберінде базалық білім берудің мазмұнын тереңдету, кеңейту және толықтыру мақсатында электив курстарды әзірлеу жұмысын жүргізуде. Электив курстар жеке білім беру траекторияларын құруға және оқытуды бейіндеуге ықпал етеді.

Есеп беру кезеңінде электив курстардың 11 бағдарламасы әзірленді. Оның ішінде 9-ы – экологиялық білім беру бойынша қазақ және орыс тілдерінде, 1-еуі – ақпараттық технологиялар бойынша орыс тілінде, 1-еуі – кәсіпкерлік негіздері бойынша қазақ және орыс тілдерінде:

- «Менің экологиялық ізім», 7-8-сыныптар;
- «Пластмассаның жұмбақ кодтары», 9-10-сыныптар;
- «Жаһандық жылыну: «Климаттың өзгеруі туралы ғылым және модельдеу», 11-сынып;
- «Айналамыздағы көрінбейтін әлем», 11-12-сыныптар;
- «Күнделікті ғылымның құпиялары», 7-8-сыныптар;
- «Атмосфера химиясы», 7-8-сыныптар;
- «Гаджеттердің көрінбейтін әлемі», 7-8-сыныптар;
- «Климаттың өзгеруінің адам өміріне әсері», 9-10-сыныптар;
- «Табиғи ортадағы тапшылық пен қақтығыстар», 11-сынып;
- «Кәсіпкерлік негіздері», 11-12-сыныптар;
- «IT Essentials», 10-сынып.

• **Экологиялық білім.** Экологиялық білім беру электив курстарының бағдарламалары «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрайымының 2020 жылы 11 қыркүйектегі «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі экологиялық білім» тақырыбындағы аппараттық кеңестің қорытындысы нәтижесіндегі тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленді. Бұл бағдарламалар экологиялық мәдениетті, сауаттылықты, мінез-құлықты қалыптастыруға, оқушылардың қоршаған әлемге ұқыпты қарауына бағытталған. Іс жүзінде маңызды міндеттерді орындау үшін оқу қызметінің бірнеше түрін қамтиды.

«Біз қоғамдық тұрғыдан өзекті болып отырған экология мәселелерімен айналысуымыз керек... Мектептерде балаларға экологиялық білім беру пәнін енгізуіміз керек.»

Қ. Тоқаев, ҚР Президенті

• «Кәсіпкерлік негіздері» электив курсының бағдарламасы экономика және кәсіпкерлік негіздері туралы білім алуға, болашақта қазіргі нарықтық жағдайда дербес қызмет атқару үшін теориялық және тәжірибелік негіз құруға және ұлттық экономикадағы бизнестің әлеуметтік маңызын түсінуге бағытталған.

• **Өмір қауіпсіздігі негіздері.** Технологиялардың дамуы, урбанизация және қоғамның жаһандануы дәуірінде саламатты және қауіпсіз өмір салты құндылықтарын қалыптастыру, түрлі жағдайларда жеке және ұжымдық қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгеру өзекті болып отыр.

Өскелең ұрпақтың өлім-жітімі мен жарақаттануы, жасөспірімдердің психоәлеу-

меттік жағдайлары — қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелер. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2019 жылы 14 жасқа дейінгі балалар арасында сыртқы себептерден болған 792 өлім дерегі тіркелді. Қайғылы оқиғалардың негізгі себептері: көлік апаттары (48%), кездейсоқ суға кету (27%), кездейсоқ өрт апаты (7%), кездейсоқ улану (6%), өзін-өзі өлтіру (10%).



2021 жылы БББО нақты қоршаған ортадағы (табиғи, техногендік және әлеуметтік) өмірге дайындауға, бағытталған 7-12 сынып оқушыларының тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағдарланған тереңдетілген электив курсын әзірлеуді бастады.

Курстың мазмұны әртүрлі ортадағы қауіпсіздік (үй-жайда, көшеде, табиғатта, қоғамдық орындарда, бұқаралық іс-шараларда, коммуникациялар кезінде, мәдени ортаның қауіп-қатерлеріне ұшыраған кезде), саламатты өмір салты, зардап шеккендерге алғашқы көмек, құқықтық қауіпсіздік, эмоциялық тұрақтылық, экологиялық қауіпсіздік, қаржылық әл-ауқат, халықтың кешенді қауіпсіздігінің негіздері бағыттары жөніндегі практикалық сабақтарды да қамтыған.

Курсты әзірлеу жұмысына дайындық кезеңінде АҚШ (Guide for developing high-quality school emergency operations plans), Ұлыбритания («Саламатты мектептер» - «Healthy Schools»), Еуропа (SHE «Еуропадағы денсаулық мектептері»), Ресей (ӨҚН білім беру бағдарламалары) елдеріндегі қауіпсіздік педагогикасының халықаралық тәжірибесі зерделенді.

Аталған курсты әзірлеуге Зияткерлік мектептердің мұғалімдері, медицина қызметкерлері және психологтармен қатар, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс комитеті мен әскери бөлімдер, ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, «Ұлы дала скауттары» қоғамдық бірлестігінің өкілдері белсенді қатысады.

ӨҚН бойынша электив курс бағдарламасын әзірлеу жұмысы 2022 жылы жалғасатын болады. Жоспарланған іс-шаралар шеңберінде оқушыларды қоршаған ортадағы қауіпсіз өмірге кешенді дайындауға бағытталған тәжірибеге бағдарланған сабақтар мен іс-шаралар кешені әзірленеді.

Үштілді білім беруді іске асыру

Зияткерлік мектептерде үштілді білім беру оқыту тіліне қарамастан қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тілдік және тілдік емес пәндерді оқыту арқылы, сондай-ақ сыныптан тыс қызметті үш тілде ұйымдастыру арқылы іске асырылады.


• Мұғалімдердің үш тілде оқыту біліктілігін арттыру

Мұғалімдердің үш тілде оқыту біліктілігін арттыруда пәндерді екінші/үшінші тілде оқытқанда «пән мен тілді кіріктіріп оқыту» (CLIL) тәсілдемесіне көп көңіл бөлінеді. Бұл тәсілдеме «балаларға пәндік мазмұн мен тілді үйретіп қана қоймай, оларды шынайы өмірге дайындайды» (Дэйл, Ес, Таннер, 2011).

Есеп беру кезеңінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 236 мұғаліміне «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту» (CLIL) тәсілдемесінің төменде берілген тақырыптары бойынша біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды:

– «Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL): Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған CLIL тапсырмалары» (136 мұғалім);

– «Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL): CLIL сабақтарын дайындау» (100 мұғалім).



2018-2021 жылдары CLIL (Content and language Integrated learning) тәсілдемесі бойынша оқытылған мұғалімдердің саны

Онлайн-семинарлар оқушылардың оқу сауаттылығын қолдау және дамыту үшін мұғалімдердің дағдыларын жетілдіруге, сондай-ақ «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту» (CLIL) тәсілдемесін іске асыруда мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған.

Онлайн-семинарлар аяқталғаннан кейін қатысушылар оқушылардың оқу сауат-

тылығын қолдау және дамыту, оны дамыту үшін тиімді тапсырмалар, әдіснамалық тәсілдемелер қолдану және салыстыру, CLIL сабақтарын жоспарлау және жеке педагогикалық тәжірибе туралы рефлексия жасауды үйренді.

«Қазақстан тарихы», «Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)», «География»

және «Құқық негіздері» пәндерінің мұғалімдеріне қазақ тілінде онлайн семинарлар өткізілді. Себебі Зияткерлік мектептерде аталған пәндер үш тілде білім беру моделіне сәйкес қазақ тілінде оқытылады. Бұл тәсілдеме мұғалімдерге сабақтарда пәндік-тілдік кіріктірілген оқытуды жүзеге асыру жолдарын терең түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар семинарға қатысушылар өз пәндері бойынша сабақтарда осы тәсілді қолданып, практикалық тапсырмалар орындады.

«Химия», «Биология», «Физика», «Информатика» және «Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» пәндерінің мұғалімдеріне ағылшын тілінде онлайн семинарлар өткізілді. Тілдік емес пәндерді екінші/үшінші тілде оқыту мұғалімдерден жоғары деңгейде тілді меңгеруді талап етеді. Сондықтан мұғалімдерге, ең алдымен, тілдік құзыреттіліктерін арттыру, сондай-ақ пәндік мазмұнды кіріктіру арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару ұсынылды. Практикалық тапсырмаларды орындау барысында мұғалімдер тілдік және тілдік емес мақсаттарды біріктіре отырып, өз сабақтарын жоспарлауды, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытатын оқу қызметін ұйымдастыруды үйренді.

Мұғалімдерге пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту тәсілімен бірге оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға арналған CLIL стратегиясы мен скаффолдинг (қолдау көрсету тәсілі) ұсынылды. Сонымен қатар «CLIL сабағын жоспарлау және өткізу» және «CLIL элементтері бар төңкерілген сабақ» шеберлік сабақтары өткізілді.

• Қазақ тіліне бойлау жобасы

Мемлекеттік тілді дамытудың балама және инновациялық әдістерін үйрету мақсатымен 2013 жылдан бастап НЗМ ДББҰ қазақ тіліне бойлау (бұдан әрі - ҚТБ) жобасын жүзеге асырып келеді. Жоба халықаралық серіктес — «Innove» тілдік ортаға бойлау орталығымен (Эстония) бірлесіп жүзеге асырылады. Қазақ тіліне бойлау моделінің негізін қалаушы — педаго-

гика ғылымдарының докторы, профессор М.Ж. Джадрина.

ҚТБ Көкшетау мен Талдықорған Зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылады.

2020-2021 оқу жылы қазақ тіліне бойлау жобасы шеңберінде оқыған бастауыш сынып оқушыларының төртінші легі бітіріп шықты. Зияткерлік мектептердің 3-5 сынып оқушылары тілдік ортаға бойлау жобасы аясындағы оқуын жалғастырып жатыр.

3-5 сынып оқушылары арасында когнитивтік дағдыларды дамытуды зерттеу COVID-19 індетіне байланысты онлайн-форматта жүргізілді. Зерттеу үшін деректерді автоматты түрде өңдеуге арналған <https://www.menti.com/> платформасы таңдалды. Шағын зерттеу оқушылардың ауызша және ауызша емес ойлауын дамытуға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері бойлау сыныптары оқушыларының когнитивтік дағдыларды дамыту бойынша бақылау сыныптары оқушыларынан салыстырмалы түрде тым артта қалмайтынын көрсетті.

Қорытындылай келгенде, қазақ тіліне бойлау жобасын жүзеге асыру аясында мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетудің бағыттары анықталды.

ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар - 2030» жобасы

2021 жылы «НЗМ» ДББҰ ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар - 2030» жобасында (бұдан әрі - Жоба) Қазақстанның атынан ұлттық үйлестіруші ретінде жұмысын жалғастырды.

Бұл жоба ортақ платформа мен диалог құруға бағытталған. Мұнда елдер білім беру бағдарламаларын жаңарту және оларды енгізу мәселелерін ұжымдаса және жеке зерделей алады. Осы процесс аясында жоба қазіргі оқушыларға 2030 жылы және одан кейінгі әлемді қалыптастыруға қажет құзыреттіліктерді (білім, дағдылар, қатынастар мен құндылықтарды) анықтайды.



Жоба деректер негізінде шешім қабылдауға және оқу бағдарламаларын (куррикулум) әзірлеу мен қайта қарауға жүйелі түрде кірісуге көмек беруге бағытталған.

Жоба 2-кезеңге көшеді, онда ДББҰ «ЭЫДҰ оқу тұсбағдары» компоненттерін талқылауға, ЭЫДҰ-ның жобаның бірінші кезеңінің деректері мен талдауына негізделген есептерін пысықтауға және жоба идеяларын таратуға қатысады. COVID-19 індеті жобаны одан әрі іске асыру жоспарларына өзгеріс енгізді. 2021 жылы іс-шаралар мен кездесулер барлық жерде онлайн режимге ауыстырылды. Есеп беру кезеңінде жұмыс мынадай бағыттарда жүргізілді:

1. «ЭЫДҰ Оқыту тұсбағдары» компоненттерін және Тұжырымдамалық сипаттамаларды талқылау.

2. ССМ (оқу бағдарламаларын салыстырмалы талдау) және РҚС (жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сауалнаманы толтыру) деректері негізіндегі халықаралық есептер.

3. Математика құжаттары мен оқу бағдарламаларын талдау (МСДА).

4. Куррикулумдағы өзгерістермен педагогика мен бағалаудың келісімі бойынша сауалнаманы толтыру.

5. Бейресми жұмыс топтарының виртуал кездесулері.

6. Бейнероликтер дайындау.

7. Жоба идеяларын тарату: бейнероликтер дайындау, жоба материалдарын аудару, ақпараттық брошюралар шығару.

• «Математика құжаттары мен оқу бағдарламаларын талдау» (МСДА) жұмысының бағыты бойынша ДББҰ өкілдері матема-


тика пәні бойынша ұйымдастырылған семинарларға қатысып, МСДА ЭЫДҰ есебіне кері байланыспен шықты.

Сондай-ақ ДББҰ өкілдері ЭЫДҰ-ның виртуал жаһандық форумдары шеңберінде жобаның бейресми жұмыс тобының екі отырысына қатысты.

2021 жылы 13-14 наурызда ДББҰ өкілдері мен бір оқушы ЭЫДҰ қолдауымен Фукусима университеті ұйымдастырған онлайн семинарға қатысты. Алматы қ. ФМБ НЗМ-нің 11-сынып оқушысы Джафар Қабиденов 2021-2022 жылдарға арналған ЭЫДҰ жобасының негізіндегі студенттер кеңесі тобының (Student Advisory Group) тұрақты қатысушысы болып саналады.

Семинар барысында жапон оқушылары мен студенттері білім беруді жаңарту және білім беру арқылы қоғамды жақсарту бағытындағы түрлі идеяларын жеткізді. Сондай-ақ бірге ЭЫДҰ студенттер кеңесі тобының мүшелері сөз сөйледі. Джафар Қабиденов Жапон мектебінің оқушысы Мики Нананшиммен бірге баяндама жасады.

Оқушылар түрлі қызмет саласының өкілдерін, атап айтқанда, мемлекеттік органдардың, жеке компаниялардың, білім беру секторы өкілдерін, оқушылар қауымдастығын біріктіру мақсатымен, сондай-ақ оқушылар ұсынған және жаһандық немесе жергілікті мәселелерді шешуге бағытталған жаңа жобаларды талқылау үшін онлайн-платформа құру идеясын айтты.



Онлайн-семинарда сөйлегендердің скриншоты

2021 жылы 10-12 мамырда НЗМ ДББҰ өкілдері ЭЫДҰ-ның үшінші виртуал жаһандық форумына (бұдан әрі - Форум) қатысты. Форумның негізгі тақырыбы - «Постковид кезеңінде білім беруге дайындық: дербестендірілген және цифрлық куррикулум». Форумға Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектептің 11-сынып оқушылары Анель Башарова, Валерия Ким, Жомарт Жексенбай және Алматы қ. ФМБ НЗМ 11-сынып оқушысы Джафар Кабиденов, сондай-ақ басқа елдердің 300-ден астам өкілі қатысты.

Үш күндік жұмыс барысында әлемнің түкпір-түкпірінен келген оқушылардың пікірлері мен тәжірибелеріне ерекше көңіл бөлінді. НЗМ оқушылары түрлі фокус топтарға бөлініп, Индонезия, Жапония,

Эстония, Португалия, Үндістан және басқа елдердің өкілдерімен жұмыс істеді.

Топтарда оқушылардың әлсіз топтарын бағалау жүйесі мен оқыту әдістері, оқуға қолайлы атмосфераның маңызы, мұғалімдер мен білім алушылардың қарым-қатынасы, сондай-ақ қазіргі уақытта мұғалімге қажет құзыреттіліктер мәселелері талқыланды. Анель Башарова әлсіз оқушыларды ата-аналар мен қоғамның қолдауының маңызын атап өтті. Валерия Ким оқушылар мен мұғалімдер арасында сенімді қарым-қатынас қалыптастырудың маңызын, сол арқылы оқушыларды оқу үдерісіне тарту басталатынын баса атап көрсетті. Жомарт Жексенбай өз тобында НЗМ-дегі өзін-өзі басқару тәжірибесін айтып, оқушылар мен мұғалімдердің мектептегі мінсіз жағдай туралы көзқарасын жеткізді.



Форумға қатысқан Зияткерлік мектеп оқушылары


• Мұғалім дауысы. 2021 жылы ЭЫДҰ ЮНЕСКО-мен және «Білім беру мұғалімдері - 2030» халықаралық мақсатты тобымен бірлесіп, COVID-19 індеті жағдайында бүкіл әлем мұғалімдерінің оқытуды ұйымдастыру тәжірибесін зерделеу жөніндегі Global Teaching InSights бастамасын іске қосты. Бұл бастаманың негізгі мақсаттарының бірі елдер арасындағы жаһандық диалогқа жәрдемдесу болып табылады.



БББО Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің осы жаһандық бастамаға қаты-

суын ұйымдастырды. Нәтижесінде ЭЫДҰ хатшылығы бастаманың ресми сайтында Қазақстаннан жіберілген 9 бейнероликті таңдап жариялады.

Бейнероликтердің авторлары: Ақзат Қауысова (Ақтөбе қ. ФМБ НЗМ), Айбарша Аманиязова (Атырау қ. ХББ НЗМ), Нұрболат Мұхамеджан (Қарағанды қ. ХББ НЗМ), Алтынгүл Хасенова (Қарағанды қ. ХББ НЗМ), Әйгерім Мусина (Нұр-Сұлтан Қ. ФМБ НЗМ), Әлия Андакаева (Семей қ. ФМБ НЗМ), Нұргүл Жанабаева (Тараз қ. ФМБ НЗМ), Алтынай Әсілбекова (Шымкент қ. ФМБ НЗМ), Патрик Мутеивана (Ақтау қ. ХББ НЗМ).



ЭЫДҰ мен ЮНЕСКО-ның «Мұғалім дауысы» бірлескен акциясына қатысқан Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің бейнероликтерінің скриншоты

• **Оқушылар дауысы. «Білім беру - 2030»** жобасы аясында ЭЫДҰ «Оқушылардың куррикулумды жетілдіруге қатысты дауысы» науқанын бастады. Бұл науқан әр елдің куррикулумы мәселелері мен жетістіктерін оқушылардың көзқарасына сүйене отырып зерттеуге бағытталған. Осылайша ЭЫДҰ заманауи мектептерде не болып жатқанын, балалар үшін басым және маңызды саналатын нәрселерді, сондай-ақ оқушылар ұсынатын шешімдерді білуді жоспарлап отыр.

Зияткерлік мектептердің оқушылары ЭЫДҰ-ның осы бастамасына белсенді қатысып, ЭЫДҰ-ның хатшылығына 15 бейнебаян жіберді. Оқушылардың бейнебаяндары 2022 жылдың бірінші тоқсанында ЭЫДҰ сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларда жарияланады деп болжануда.



• **Жоба идеяларын тарату**

БББО «Оқыту тұсбағдары» бейнеролигін жариялау және ЭЫДҰ құжаттарын аудару арқылы «Білім беру - 2030» жобасының идеяларын тарату жұмысын жүргізуде. 2021 жылы 9-17 тамыз аралығында еліміздің педагог қызметкерлерінің Республикалық Тамыз конференциясы аясында «ЭЫДҰ оқу тұсбағдары» бейнеролигі көрсетілді. Көрсетілім қазақ және орыс тілдерінде бастауыш мектептен бастап оқытылатын барлық пән бойынша екі студияда көрсетілді (бейнероликтің жазбасы және арнаға сілтеме төмендегі QR-код бойынша қолжетімді). Осылайша, еліміздегі педагогтердің көпшілігі «Білім беру - 2030» жобасының негізгі идеяларымен және «ЭЫДҰ оқыту тұсбағдарының» компоненттерімен танысты.



Республикалық Тамыз конференциясында көрсетілген «ЭЫДҰ оқу тұсбағдары» коллажи, студия арнасының парақшасындағы және «ЭЫДҰ оқу тұсбағдары» жинағындағы QR-код.

ББББ ЭЫДҰ-ның «Тұжырымдамалық оқу бағдары» құжатын қазақ және орыс тілдеріне аударып жариялады. Бұл құрал «Білім беру - 2030» жобасындағы негізгі ұғымдар түсініктемелердің сериялық жинағы болып саналады. Жинақта «Оқу тұсбағдары» және ЭЫДҰ - 2030 негіздері, оқушының қаре-

кетшілдігі, трансформация құзыреттілігі, білімі, дағдылары, ұстанымдары мен құндылықтары, «болжау - әрекет - рефлексия» циклі және т.б. негізгі ұғымдарының сипаттамалары, элементтері мен әр елдің іске асыру тәжірибесі берілген.

ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар - 2030» жобасы ДББҰ-ның білім беру бағдарламаларын әзірлеудегі және білім беру мазмұнын жаңартудағы негізгі үрдістерден хабардар болуын, халықаралық деңгейде куррикулумды қайта қарау және енгізу стратегиялары мен проблемаларын талқылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қазақстандағы білім беру бағдарламасын реформалау үдерісін білім беру саласында көшбасшы елдердегі осындай реформалармен салыстыруға мүмкіндік береді.

3.2. Білім беру ресурстары

Оқулықтар мен оқу-әдістеме кешендерін NIS-Programme білім беру бағдарламасына сәйкес әзірлеу

2030 жылға дейінгі стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ДББҰ NIS-Programme білім беру бағдарламасына сәйкес оқулықтар мен ОӘК (бұдан әрі – ОӘК) әзірлеу және қайта қарау бойынша жұмыс жүргізеді.

- 2-сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістеме кешендерін қайта қарау

Есеп беру кезеңінде NIS-Programme білім беру бағдарламасына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде 2-сыныпқа арналған «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану», «АКТ», «Музыка», «Бейнелеу өнері» пәндерінен ОӘК қайта қаралды. Оқулықтардың мазмұнына түзетулер енгізіліп, оқулықтардың соңғы нұсқалары бекітілді.

- 12-сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу

12-сыныпта оқытылатын бес пәннің: «Математика», «Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)», «География», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» ОӘК әзірленді. ОӘК әзірлеу жұмысына осы саладағы жұмыс тәжірибесі мол авторлар қатысады. ОӘК-де оқушылардың талдау, жоспарлау және бағалау дағдыларын

қалыптастыруға ықпал ететін аналитикалық эссе, SWOT-PEST-GAP талдаулары сияқты әдістер мен тапсырмалар қолданылды. Тіл және әдебиет бір оқу пәніне кіріктірілген тілдік пәндер бойынша ОӘК әзірлеу жалғасуда. Оқулықта оқылым (көркем, көркем емес мәтіндер), тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын толықтай қалыптастыруға және грамматикалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік беретін тіл мен әдебиетті оқытудың жалпы тәсілдемелері анықталған. Сондай-ақ, тақырыпты толық ашу үшін сараланған тапсырмалар мен қосымша әдебиеттер тізімі қарастырылған.

- «Математика» пәні бойынша 10 және 11 сыныптарға арналған ОӘК апробациясы

2021-2022 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде NIS-Programme бойынша 10-сыныпқа арналған «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Өнер», «Информатика», «География», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша қазақ және орыс тілдерінде; 11-сыныпқа арналған «Математика, 1 және 2-бөлімдер» пәні бойынша қазақ және орыс тілдерінде ОӘК апробациялау процесі басталды.

Бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында Зияткерлік мектептерді 10-сыныпқа арналған ОӘК-нің баспа нұсқаларымен қамтамасыз ету жөніндегі жоспар бекітілді.

Апробация 10-сынып (NIS-Programme)

Оқыту тілі	Қазақ тілі			Орыс тілі		
Сынып	A	B	C	D	E	F
Саны/1 пән	12	12	12	12	12	12
Пәндер	-	Химия	Физика	Физика	-	Химия
	География	-	Өнер	-	Информатика	-
	Қазақстан тарихы	Биология	-	Дүниежүзі тарихы	Биология	Өнер
Барлығы	24	24	24	24	24	24

11-сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді пысықтау



Апробация қорытындысы бойынша бұл ОӘК мазмұнының сапасын арттыру, материал ұсыну, дизайнын жетілдіру және ОӘК-ні сыни және логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмалармен толықтыру мақсатында 20% шамасында өзгерістер енгізілді.

«География» пәні ОӘК мазмұны физикалық және экономикалық география бөлімдерін қамтиды және оларды терең зерттеуге бағытталған. Оқу материалы ақпаратты тез және түсінікті қабылдау үшін түрлі графикалық мәліметтермен толықтырылған. ОӘК тапсырмалары ойлау дағдыларының түрлі деңгейіне сәйкестендіріліп құрастырылған, олар зерттеу дағдыларын, картамен жұмыс жасау дағдыларын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді.

«Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)» пәні бойынша ОӘК мазмұнына аз ғана өзгеріс енгізілді. Иллюстративті материалдар өңделді, суреттердің анықтығын жоғарылату үшін кейбір карталар QR арқылы ұсынылды. Бірқатар иллюстрация қазақстандық және халықаралық фотобанктердің түпнұсқаға сай фотосуреттеріне ауыстырылды.

11-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Орыс тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша ОӘК оқушылардың коммуникативті, талдау дағдыларын, сондай-ақ олардың сыни ойлауын жан-жақты қалыптастыруға ықпал етеді. ОӘК орыс тілі мен әдебиетін кіріктіре оқытуды көздейді: оқушылар көркем және қарапайым мәтіндермен жұмыс істейді, тыңдалым және айтылым дағдыларына негізделген тапсырмаларды

орындайды, түрлі стиль мен жанрда мәтіндер жазуға үйренеді. ОӘК апробациясынан кейін авторлар мен редакторлар ұжымы практикалық тапсырмаларды жетілдірді, фотобанктерден сапалы фотосуреттер алып, кейбір иллюстрацияларды алмастыруға ұсыныс жасалды, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге бағытталған материалдар қосып, техникалық қателерді түзетті.



11-сынып ОӘК мұқабаларының иллюстрациясы

- *Виртуалды және Жазғы мектептерге материалдар әзірлеу*

БББО қашықтан оқыту форматын – виртуалды және жазғы мектептер арқылы қосымша білім беруге арналған материалдар әзірлеу жұмысын жалғастыруда. қашықтан. Бұл мектептер Зияткерлік мектептерде оқығысы келетін және/немесе өз білім деңгейін көтергісі келетін елдің орта білім беру ұйымдарының 5 және 6-сынып оқушыларына арналған.

Виртуалды мектеп материалдарын әзірлеу үшін «Математика», «Жаратылыстану», «Қазақ тілі» (Т1), «Русский язык и литература» (Т2), «Русский язык» (Т1), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша жоба жасаушы топтар құрылды. Бір сабақтың оқу материалы 3 компоненттен тұрады: бейнеролик, дидактикалық материал, әдістемелік ұсынымдар.

Әзірлеушілер – Зияткерлік мектеп мұғалімдерімен бірлесіп – 5 және 6-сыныптарға арналған 156 сабақтың модерациясы жүргізілді (5-сыныпқа 60 сабақ, 6-сыныпқа 96 сабақ). Әзірленген материалдар белгіленген мерзімде жүктеліп,

Педагогикалық өлшемдер орталығына тапсырылды.

2022 жылдан бастап оқушыларды Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына конкурстық іріктеу тестілеуінің құрылымына «Жаратылыстану» пәні бойынша тесттің қосымша бөлімін қосу жоспарлануда.

Білім беру ортасын цифрландыру

«NIS ақпараттық технологиялар және сервис орталығы» жеке мекемесі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының түрлі әкімшілік және білім беру үдерістерін автоматтандыратын ақпараттық жүйелер әзірлеуді және сүйемелдеуді жүзеге асырады. Жыл ішінде 2021 жылдың 29 наурызындағы №37 қызмет көрсету шарты негізінде Орталық 2021 жылға арналған ақпараттық жүйелерді дамыту және сүйемелдеу бойынша бекітілген тізбеге сәйкес жұмыстар жүргізді.

Жүйелерді әзірлеу және сүйемелдеу жұмыстарын орындаумен қатар ДББҰ жауапты құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының қызметкерлерінің функционалын көрсету және жүйелермен жұмыс істеу бойынша оқыту жүргізілді.



Осылайша, 2021 жылы ақпараттық жүйелерді дамыту жөнінде мынадай жұмыстар атқарылды:

- Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасын дамыту шеңберінде білім беру және әкімшілік бизнес-процестерді автоматтандыру үшін ақпараттық жүйелер мен модульдер кешенінің орталық бөлігі болып табылатын «Оқыту процесін басқару» ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ОПБ) өңдеу жұмыстары істелді.

ОПБ дамыту міндеттерін орындау шеңберінде конкурспен іріктеу нәтижелерін қарау сервисі әзірленді (<http://res.nis.edu.kz/>), осы арқылы үміткерлер мен олардың заңды өкілдері онлайн режимде конкурспен іріктеудің жалпы және жеке нәтижелерімен таныса алады.

ОПБ функционалдығын дамыту аясында мынадай жұмыстар орындалды: pdf форматында нәтижелері бар жария файлды қарау мүмкіндігі қосылды, нәтижелері бар тізімдерді қарау мүмкіндігі қосылды, сервисе дербес деректерді шифрлау іске асырылды, тестіленушінің жеке коды (ТЖК) бар рұқсаттаманы үміткердің электрондық поштасына жіберу функциясы әзірленді, Excel форматындағы файлан нәтижелерді импорттау мүмкіндігі қосылды, нәтижелерді жариялау модулі әзірленді, грант беру және резервті қалыптастыру функционалы әзірленді, грантқа түскен тізімдерді және резервтік тізімді жариялау процесі автоматтандырылды, деректерді кейіннен шығару үшін АКТ бөлігінде есептер өзгертілді.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асырғаннан кейін ОПБ-ның жаңартылған функциялары және жаңадан әзірленген нәтижелерді қарау сервисі (<http://res.nis.edu.kz/>) өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді және ағымдағы жылы конкурстық іріктеу кезінде нәтижелі түрде қолданысқа енді.

- Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасының Бірыңғай кітапханалық жүйесін іске асыру және ескірген Қазақстандық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйеден (бұдан әрі – ҚАКАЖ) ауысу шеңберінде «Кітапхананы басқару» жүйесін дамыту жұмыстары орындалды. Осылайша, басылымдарды ауыстыру және шығару бизнес-процесі автоматтандырылды, статистикалық есеп беру нысандары әзір-

ленді, ҚАКАЖ программалық қамтамасыз етуден деректерді көшіру құралы әзірленді. Сонымен қатар оқырманның жеке кабинетін және оқырман билетін жасау, басылым сипаттамасының конструкторын жасау, оқырмандарға басылымдарды берудің бизнес-процесін толықтыру, штрих-кодтардың баспа нысандарын және шығу актісін іске асыру жұмыстары орындалды.

Соңғы көрсетілімдердің бірінде Көкшетау қаласындағы Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің бастауыш мектеп сыныптарының және басылымдардың көп болуының және жүйені әзірлеу барысында белсенді қатысуының себебінен мектеп негізінде ҚАКАЖ-тан деректерді ауыстыруға ұсыныс айтылды. Көкшетау қаласындағы Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде деректерді ауыстыру және негізгі базаны қалыптастыру жұмыстары аяқталғаннан кейін қалған мектептерде ауыстыруды ұйымдастыру күтілуде. Бұл анықтамалықтардың дұрыс толтырылуын қамтамасыз етуге көмектеседі және қалған Зияткерлік мектептердің кітапханашыларының жүктемесін біршама жеңілдетеді. Жоғарыда аталған бастаманы бағыт бойынша жауапты ДББҰ қызметкерлері мен Көкшетау қаласындағы мектептің кітапханашылары қолдады. Қазіргі уақытта жүйе тәжірибелік қолданысқа енгізілді және деректерді көшіру процесі басталды, пайдаланушыларға техникалық қолдау жүзеге асырылуда.

- Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасының «Контингент» жүйесін дамыту шеңберінде ауыстыруға өтініш беру сервисі, сондай-ақ БАББО басқару жүйесімен интеграцияланған, ауыстыруға өтініш беру кезегінің нөмірін қарау және мәртебесін тексеру сервисі қосылды. Бұл сервисер заңды өкілдерге Зияткерлік мектептер арасында ауысу туралы өтінішті қашықтан онлайн режимде беруге және өтінішті сәтті бергеннен кейін өтініш мәртебесінің өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аударым өтінішін автомат түрде жою функциясы іске асырылды, аударымды мақұлдау кезінде автомат түрде тарату кезегіне аудару өтініштеріне жауап хатын құру мүмкіндігі қосылды, жұмыстан кету

және жұмысқа қабылдау құжаттарының нысандары жетілдірілді, ақылы оқыту үшін шартты автоматты түрде құру функциясы іске асырылды, аудару өтінішінің мәртебесі өзгерген кезде автомат түрде таратылатын хабарлама үлгілері әзірленді, құжат формалары оңтайландырылды.

«Контингент» БАББО жүйесінде жаңартылған функционалды іске қосу барысында ата-аналар мен жүйені пайдаланушылар үшін оқушыларды Назарбаев Зияткерлік мектептері желісіне көшіру хабарламаларының үлгілері екі тілде әзірленді, Зияткерлік мектептердің хатшылары мен жүйе әкімшілері үшін нұсқаулықтар әзірленді, Зияткерлік мектептердің хатшылары үшін жүйеде тасымалдауды жүргізу кезінде ДББҰ-ның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлеріне консультациялық қолдау көрсетілді, пайдаланушылар үшін қолжетімділік құқықтары бапталды.

- Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасын дамыту шеңберінде модульдердің өзара байланыста жұмыс істеуі негізінде мобильді құрылғылардан оқу процесі туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған «NIS мектеп» мобильді қосымшаны әзірлеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, деректер ұсыну және БАББО жүйелерімен кіріктіру жұмысы істелді, авторизация, негізгі экранды, күнделікті, кестені, үй тапсырмасын, табельді, сынып рейтингін, сондай-ақ пайдаланушының мобильді құрылғысының экранындағы хабарландыру функционалдығын қарау мүмкіндіктері жүзеге асырылды. Есеп беру кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жүйе тестілік режимде пайдаланылуда, пайдаланушылардың кері байланысының негізінде функцияларды іске қосу және біртіндеп жетілдіру күтілуде.

Ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу шеңберінде 2021 жылы бірыңғай ақпараттық білім беру ортасының 12 кіші жүйесін қоса алғанда, 15 ақпараттық жүйеге және ДББҰ порталына техникалық қолдау жүзеге асырылды. 2021 жылы пайдаланушылардың 4 мыңға жуық тіркелген өтініштері өңделді, қолданыстағы жүйелермен жұмыс істеу бойынша 30 оқыту шарасы жүргізілді, техникалық құжаттама дайындалды.

3.3. Тәрбие жұмысы

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде тәрбие мен оқытуды біріктіретін біртұтас білім беру үдерісі іске асырылуда.

Мектептің білім беру үдерісінің негізгі құндылықтары құрмет, ынтымақтастық, жауапкершілік, адалдық, функциялық сауаттылық, өмір бойы білім алу болып табылады. Құндылықтар желілік жобаларды іске асыру арқылы мектеп өмірінің барлық кезеңінде қалыптасады: «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы, «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясы, «TED*NIS клуб» («Таратуға лайықты идея» форматындағы жоба), «Wikipedia клубы», «Ақылды бейсенбі», «Қазақ әндері», «Жүз күйдің тарихы», «Ұлы дала ақындары», «Замандастар жырлары», «Ұрпақтар сабақтастығы», «Менің өмірімде қолданылатын мақсат-мәтіндер», «Зияткерлік мектеп оқушыларының оқуы үшін ұсынылған 100 кітап», мектептегі өзін-өзі басқару, қоғамға қызмет ету бойынша әлеуметтік жобалар және міндетті жазғы практика, «Баланы жұмысқа ал», «Ата-ана жұмысындағы 10 күн», «Екі апта ауылда».

Оқушылардың желілік жобаларға қатысуы сабақта әрдайым байқала бермейтін жеке қабілеттерін жан-жақты ашуға ықпал етеді.

Жыл бойы оқушыларды барлық желілік жобаға тартуға байланысты мақсатты, жүйелі, жоспарлы іс-шаралар іске асырылады.

«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы ұйымдастырушы ретінде мектептердегі барлық іс-шараға: әлеуметтік акциялар, шығармашылық байқаулар, фестивальдар, спорттық жарыстар, ашық есік күндері, экскурсиялар, сапарлар, қайырымдылық жәрмеңкелеріне қатысады:

«Шаңырақтықтардың» әрекетінің ең маңызды сәті «1+1» формуласы бойынша тәлімгерлік болып саналады: жоғары сынып оқушылары 7-8-сыныптарда оқитын сынып оқушыларына тьюторлық қолдау көрсетеді. Шаңырақтықтар арасында «Өркен» кубогын иелену үшін жарыстар өтеді. Көп балл жинаған Шаңырақ оқу жылының соңында «Туған елге тағзым» зерттеу-өлкетану экспедициясына қатысуға мүмкіндік алады.

• «Туған елге тағзым» зерттеушілік өлкетану экспедициясы

2012 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде **«Туған елге тағзым» зерттеу өлкетану экспедициялары патриоттық жобасы басталды.** Жобаны «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы енгізген. Негізгі мақсаты – оқушылардың туған елге сүйіспеншілігін арттырып, патриотизм сезімін күшейту. Экспедицияларға жыл сайын әр Зияткерлік мектептен оқу, шығармашылық, спорт немесе т.б. жетістіктерімен ерекшеленген «Жылдың үздік Шаңырағы» байқауының жеңімпаздары қатысады.

2021 жылы 27-30 қыркүйек аралығында қашықтан «Туған елге тағзым» жобасын іске асыру аясында жобалар мен шығармашылық жұмыстардың желілік байқауы өткізілді, оған 331 жұмыс ұсынылды. Байқауға «Туған елге тағзым» зерттеу өлкетану экспедициясына қатысушылардың жеке, командалық жобалары мен шығармашылық жұмыстары ұсынылды.

Байқау 9 тақырып бойынша өткізілді:

«Ұлы Дала өркениеті» Қазақстан өңірінің тарихи мұрасы үздік жобасы (35 жоба);

«Туған өлкем – жұмақ мекен!» Қазақстан өңірінің табиғатына арналған үздік жоба (26 жоба);

«Ұлт руханияты – бабалар аманаты» атты Қазақстан өңірінің мәдени мұрасы үздік жобасы (30 жоба);

«Өндірістік инновация кепілі – зияткерлік әлеует» Қазақстан өңірінің инновациялық-өнеркәсіптік кәсіпорны үздік жобасы (32 жоба);

«Жасыл планета» үздік жобасы (42 жоба);

«Әлеуметтік кәсіпкерлік және жаңа идеялардың күші» үздік жобасы (32 жоба);

«Біздің күшіміз бірлікте!» үздік жобасы (32 жоба);

«Селт еткізер, ерен ой» номинациясы (36 жоба);

«Туған жер – тұғырым» тақырыбындағы үздік эссе номинациясы (59 эссе).

«Туған елге тағзым – 2021» онлайн байқауының қорытындысы,
мектеп жеңімпаздары

Бағыттар	1-орын	2-орын	3-орын
«Ұлы дала өркениеті»	Көкшетау қ. ФМБ НЗМ	Орал қ. ФМБ НЗМ	Қарағанды қ. ХББ НЗМ
«Туған өлкем – жұмақ!»	Қостанай қ. ФМБ НЗМ	Алматы қ. ХББ НЗМ	Қарағанды қ. ХББ НЗМ
«Өндірістік инновация кепілі – зияткерлік әлеует»	Нұр-Сұлтан қ. ХМ	Тараз қ. ФМБ НЗМ	Алматы қ. ХББ НЗМ
«Ұлт руханияты – бабалар аманаты»	Ақтау қ. ХББ НЗМ	Тараз қ. ФМБ НЗМ	Қарағанды қ. ХББ НЗМ
«Жасыл планета» «Зеленая планета»	Алматы қ. ХББ НЗМ	Петропавл қ. ХББ НЗМ	Нұр-Сұлтан қ. ФМБ НЗМ
«Әлеуметтік кәсіпкерлік және жаңа идеялардың күші»	Нұр-Сұлтан қ. ФМБ НЗМ	Нұр-Сұлтан қ. ХМ	Семей қ. ФМБ НЗМ
«Біздің күшіміз бірлікте»	Тараз қ. ФМБ НЗМ	Талдықорған қ. ФМБ НЗМ	Талдықорған қ. ФМБ НЗМ
«Селт еткізер ерен ой» номинациясы	Нұр-Сұлтан қ. ХМ	Нұр-Сұлтан қ. ХМ	Қарағанды қ. ХББ НЗМ
«Туған жер – тұғырым» тақырыбындағы үздік эссе номинациясы	Семей қ. ФМБ НЗМ	Қарағанды қ. ХББ НЗМ	Өскемен қ. ХББ НЗМ

Зияткерлік мектеп оқушыларына жатақхана тұлғаның адамгершілік және рухани даму бағыттарын айқындайтын жаңа орта болып саналады. Онда тұру, оқу, қарым-қатынас жасау және өзін-өзі жетілдіруге барлық жағдай жасалған. Дәл осы жерде оқушылардың жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделу процесі жүреді.

Жобаларды іске асыру барысында жатақхана тәрбиешілері «Ұрпақтар сабақтастығы», «Ақылды бейсенбі» сияқты тәрбиелік жобалармен, «Bookcrossing» науқанын өткізу арқылы мектеп кітапханасымен, оқушылар мен ата-аналар арасында кітап алмасу, әдістемелік бірлестіктермен кездесу арқылы, «Cooking club» қосымша білім беру және басқа үйірмелермен шебер біріктіреді.



- «Ақылды бейсенбі» жобасы

2021 жылы 386 кездесу өтті, бұл қашықтан оқыту кезеңіндегі жобаның белсенді дамуының, онлайн форматтың арқасында қатысушылар санының ұлғаюының, білім беру көрмелерін өткізу және түрлі қалалар мен елдерден спикерлерді тарту мүмкіндігінің белгісі болып саналады.

Бағыт	Кездесулер саны
Кәсіптік бағдарлау/білім беру көрмелері	146
Ғылым	97
Өнер/әдебиет	46
Спорт	26
Кәсіпкерлік	26
Денсаулық	25
Тарих	23
Барлығы	386

Кездесуді онлайн форматта өткізудің артықшылығы – белгілі ғылым, мәдениет, спорт қайраткерлерін шақыру, іс-шараларды ашық трансляциялау мүмкіндігі және барлық мектеп оқушыларының, мұғалімдердің, ата-аналардың қатысуы. Әр іс-шараға мыңнан астам көрермен қатысты. Шақырылған спикерлер арасында танымал дәрігерлер, ғалымдар, спортшылар, мәдениет қайраткерлері, Қазақстанның жоғары оқу орындарының ректорлары болды.

Кездесу іс-шаралары мақсатқа жету үшін жаңа пайдалы кеңестерге, білім, тәжірибеге, ғылымға, зерттеулерге және жаңалықтарға қызығушылық арттыруға ықпал етті.





«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және «Qazaq kuresi» қауымдастығы өскелең ұрпақты тәрбиелеу, қазақтың ұлттық спорт түріне қызығушылығын арттыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Осы меморандум аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен, секция жетекшілерімен және Петропавл, Семей, Тараз қалаларының Зияткерлік мектептерінің оқушыларымен кездесу өтті. Онлайн кездесуге қазақстандық палуандар, қазақша күрестен әлем және Азия чемпиондары, «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпаздары Мұхит Тұрсынов, Бейбіт Ыстыбаев және Айбек Нұғымаров шақырылды.

- Әлеуметтік тәжірибелер

Қандай мамандықты таңдау керек? – әр адамның өміріндегі маңызды сұрақ... Бұл сұраққа жауап беруге жазғы әлеуметтік тәжірибелер көмектеседі: «Баланы жұмысқа ал» және «10 күн ата-ана жұмысында». Осы жобаларды іске асыру аясында әр оқушының өміріндегі маңызды мәселе кәсіптер әлеміне

ену арқылы шешіледі, болашақ мамандық таңдалады. Ал мамандықты ерте дербес анықтау – келешекте ЖОО-ға түсу кезіндегі жетістіктің кепілі.



Жыл сайын Зияткерлік мектептердің оқушылары міндетті жазғы тәжірибелерден өтеді. 7-8-сыныптардың 5377 оқушысы «Баланы жұмысқа ал» атты жазғы әлеуметтік тәжірибеден өтті.

Сондай-ақ оқушылар әртүрлі мамандықтар туралы ақпарат жинауға көмектесетін мамандықтар картасын оқиды, ата-аналармен диалог басталады, ата-аналар мен балалардың бірлескен ойлау үдерісі орын алады.

8-сыныпта тәжірибенің сипаты өзгереді: балалар сұхбат алады, ата-аналарының әріптестерімен сөйлеседі, тұжырым қорытады. Бұл кезеңде оқушылар таңдау жасайды, сыныптастарын тыңдайды.



9-10-сыныптардың 3210 оқушысы **«10 күн ата-ана жұмысында» тәжірибесінен өтті.**

Оқушыларға кәсіби бағдар беру аясында жеке кешенді қолдау шарасы ұйымдастырылады. Жазғы әлеуметтік тәжірибелердің қорытындысы мектеп форумы болып табылады, онда барлық сыныптың үздік есептері ұсынылады (оларды балалар өздері таңдайды). Оқушылардың эсселері ойлау процесінің динамикасын, көзқарастарының, кәсіптер туралы идеяларының өзгеруін, ата-аналар мен ересектерге, қоғамға деген көзқарасын көрсетеді.



«Екі апта ауылда» тәжірибесінен 9844 оқушы өтті.

Әлеуметтік тәжірибе Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін, әлеуметтік дағдыларын, әлеуметтік мінез-құлықтың жеке моделін қалыптастыру мен пысықтауды, әлеуметтік іс-әрекет (өзара іс-әрекет) тәжірибесін, оқу курстары барысында жинаған теориялық білімді ұғынуды дамытады.

• Домбырашылардың флешмобы

1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні барлық Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары дәстүрлі **«Ұлы дала мұрагерлері»** флешмобын ұйымдастырды. Бұл дәстүрлі іс-шара оң әсер етіп, қазақ мәдениетіне баулиды.

Жас домбырашылар Қазақстанның барлық өңірінің түрлі алаңдарында атақты композиторлардың: Құрманғазының «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай», Н.Тілендиевтің «Әлқисса», Ә.Желдібаевтың «Ерке сылқым», Дәулеткерейдің «Кероғлы», М.Әубәкіровтің «Наркескен» және халықтық «Тепең көк», «Нәр ағашы», «Кеңес» күйлерін орындады. Іс-шараға 1100 домбырашы қатысты.



Флешмоб Тұңғыш Президент күні қарсаңында мерекелік көңіл күйді көтеріп қана қоймай, елдің ұлттық мұрасы үшін мақтанышын сезінуге мүмкіндік береді. Ата-бабаларымыздың шығармашылығы - біздің мұрамыз, тарихымыз бен мәдениетіміз, ал шәкірттеріміз - ата-баба ісінің лайықты жалғастырушылары.



- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеудің негізгі мақсаты – бүкіл қоғамдастық бірлігін одан әрі нығайту және оны «Мәңгілік Ел» құндылықтарының төңірегінде топтастыру. Мерекенің міндеттері Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жыл ішіндегі жетістіктері мен табыстарын көрсету, қазақстандық қоғамды одан әрі табысты дамытудың өзегі болып табылатын «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын және оның құндылықтарын насихаттау, бірегейлік пен бірлікті, өз елі үшін мақтаныш сезімін нығайту болып саналады.



Желтоқсанның басты тақырыптары Тұңғыш Президент күні мен Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойын тойлау болды, тойлау барысында «әрбір қазақстандық Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың саяси қызметінің тарихи маңызын түсініп және болып жатқан оқиғаларға ортақтастығын сезініп, жоғары азаматтық құндылық ретінде Тәуелсіздік идеясын ұғынуға тиіс».



Мерекелеу аясында желілік деңгейде «Тәуелсіздіктің құрдастары», «Көшбасшылық сабақтары», «Елбасы және Тәуелсіздік» іс-шаралары, жалпы білім беретін мектептер мен серіктес мектептерге арналған Тәуелсіздік сабақтары (дарынды балаларға арналған «GeniusPintar» ұлттық орталығы (Малайзия, Банги), Wolfert van Borselen Tweektalig (Нидерланды, Роттердам), елдің дамуына үлес қосқан танымал адамдармен кездесу сияқты іс-шаралар өтті.

- Көшбасшылар форумы

2021 жылы 9-10 желтоқсанда Алматы қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің негізінде **Тәуелсіздіктің 30 жылдығына** арналған **«Менің жауапкершілігім - біздің болашағымыз»** ұранымен көшбасшылар форумы өтті, ол 22 NIS президенттерінің басты қағидаларының бірін растайды - «командадағы көшбасшы, мектептегі көшбасшы, өмірдегі көшбасшы».

Екі күн ішінде форумға түрлі саладағы танымал мамандар, сондай-ақ түлектер қосылды. Бағдарламаның шақырылған қонақтарының бірі - психология докторы, «SKILLFOLIO» білім беру платформасының негізін қалаушы Виктория Шиманская.

Көшбасшылар форумының сессиясында тәуелсіздік буынының феномені, түрлі мәдени ағымдарға көзқарас, XXI ғасырдың басым мамандықтары, әлемдік және қазақстандық бизнестегі бос тауашалар, табысты және сәтсіз стартаптар, жапон философиясы және басқа да тақырыптарды «KPMG Central Asia» компаниясының маркетинг жөніндегі директоры, George Washington University шақырылған профессоры Данияр Қосназаров талдады.

«Medical Partners Korea Clinic» Қазақстан-Корея клиникасының Kim Kwangbum, Kim Dae-Young және медицина ғылымдарының докторы Ғалымжан Тоғызбаевпен әлемдік медицинадағы заманауи трендтер туралы қызықты әңгіме өтті. Форумның арнайы сессиясы NIS президенттеріне болашақ мамандығын таңдауда бағдар алу мүмкіндігін ұсынды.



• Ата-аналар университеті

Ата-аналармен жұмыс - НЗМ тәрбие жұмысы жүйесінің ажырамас бөлігі. Ата-аналармен жұмыс жүргізудің негізгі міндеттері - оқушы тұлғасын тәрбиелеуде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің негізгі стратегиялары мен тактикаларын әзірлеу, ата-аналарға отбасылық тәрбиенің қайшылықтарын шешуге көмектесу, әлеуметтік ортаның тәрбиелік әсерін түзету, педагогика мен психологияны байланыстыру. НЗМ мұғалімдері, кураторлары, тәрбиешілері, психологтары, қосымша білім беру педагогтары мектеп жүзеге асыратын білім беру үдерісінің тікелей өкілдері болып табылады.

Екінші жыл бойы ата-аналармен жұмыс істеудің жаңа бағыты - Ата-аналар университетінің қызметі. Ата-аналар университетінің тәжірибесі ата-аналардың барлық онлайн-вебинарларға қатысудың оң динамикасынан байқалады, ата-аналардың оң пікірлерінің саны көп. Ата-аналар осы вебинарларда бірге жұмыс жасаған Виктория Шиманскаяның Skilflilio Junior оқыту курсының тәжірибелерін ерекше атап өтті. Бұл тәжірибелерді іс жүзінде қолдану ата-аналар мен балалар арасындағы өзара түсіністікті жақсартуда, өзін тұлға ретінде тануда және мақсаттарды анықтауда жоғары нәтижені көрсетті.



Жоба аясында Ата-аналар университеті отбасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға, түрлі бірлескен тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың отбасылық құндылықтар туралы түсініктерін кеңейту мақсатында 2021 жылы сәуірде Назарбаев Зияткерлік мектептері арасында 30 күндік «Бақытты отбасы - табысты ел» желілік онлайн-марафоны басталды.

Бұл іс-шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясындағы ауқымды іс-шаралардың бірі болды. Іс-шараға Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 9-сынып оқушылары қатысты.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 2021 жылы 15 мамыр күні Халықаралық отбасы күніне орайластырылды.



3.4. Қосымша білім беру

• Жазғы мектеп - 2021

31 мамыр мен 11 маусым аралығында Зияткерлік мектептердің барлық желісінде Зияткерлік мектептердің барлық ниет білдірген оқушылары үшін дәстүрлі және қашықтан оқыту форматта (аймақтардағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты) Жазғы мектептер мен Тақырыптық кеңес беру мектептері жұмыс жасады.

Жазғы мектептер жыл сайын оқушылардың қызығушылықтарына сәйкес академиялық, спорттық және шығармашылық бағыттар бойынша демалыс пен оқытуды қоса атқару үшін ұйымдастырылады және зерттеу қызметі мен оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту, академиялық білімдерін тереңдетудің табысты платформасы болып табылады.

Оқушылар Жазғы мектепке ерікті негізде қатысады. Курстардың мазмұны оқушылардың сұраныстары мен әр Зияткерлік мектептің кадрлық әлеуетінен қалыптасады. Курс бағыттары мен бағдарламаларын мұғалімдер (қазақстандық және шетелдік педагог мамандар) әзірлейді.

2021 жылы Жазғы мектеп Нұр-Сұлтан қаласының Халықаралық мектебінің, 20 Зияткерлік мектебінің және еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары

үшін ақылы және ақысыз негізде өткізілді. Зияткерлік мектептердің 8 760-тан астам оқушысы (1-11 сыныптар контингентінің 58%-ы) және еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 889 оқушысы тегін қатысты. Ақылы Жазғы мектепке 39 оқушы қатысты.

Жазғы мектеп курстарының бағыттары:

- Жалпы білім беретін пәндерден олимпиадалық даярлау;
- Программалау, web-дизайн, робот техникасы;
- STEM, 3D модельдеу, дизайн-ойлау, кәсіпкерлік;
- Қазақ, ағылшын, орыс тілдері мен әдебиетті тереңдетіп оқу;
- Жаратылыстану және математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқу;
- Гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқу;
- Халықаралық емтихандарға және ЖОО-ға түсуге дайындық.







2021 Жазғы мектептің білім беру бағдарламаларының мысалдары:

- Космонавтика және зымыран техникасы негіздері;
- Робот техникасы;
- Ағылшын тілі;
- Сыртқы көрініс эстетикасы;
- STEM;
- Сәулеттік жобалау;
- WEB-дизайн және әзірлеу;
- Медициналық білім негіздері.

• Тақырыптық консультациялар мектебі (бұдан әрі - ТКМ) келесі мақсатпен өткізіледі:

- оқушылардың білімі мен дағдыларында қашықтан оқытуға байланысты пайда болған олқылықтарды жою,
- физика, химия, биология бойынша тәжірибелік, зертханалық жұмыстарды жүргізу дағдыларын қалыптастыру (дәстүрлі форматта),
- математикалық есептерді шешу,
- тілдік пәндер бойынша сөйлеу дағдыларын дамыту және т.б.

ТКМ Нұр-сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектепті қоспағанда, барлық Зияткерлік мектептерде Жазғы мектеппен қатар өткізілді, оған Зияткерлік мектептердің 7 245 оқушысы қатысты.



- Сыртқы элективті курстар

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдары оқушыларының академиялық білімін, креативті және шығармашылық ойлау дағдыларын, зерттеу, коммуникативтік және тілдік дағдыларын дамыту мақсатында сыртқы электив курстар ұйымдастырылады.

Еліміздегі және әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты сыртқы электив курстар 2020-2021 оқу жылының жазғы демалыс уақытында қашықтан онлайн форматта ұйымдастырылды.

Массачусетс технологиялық институты негізіндегі Білім беру саласындағы озық тәжірибе орталығының сыртқы элективті онлайн курстары (Кембридж қ., Массачусетс штаты, АҚШ)

2021 жылы 27 маусым мен 7 тамыз аралығында Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы және химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің екі оқушысы Массачусетс технологиялық институтының негізінде құрылған Білім беру саласындағы озық тәжірибелер орталығының (Кембридж қаласы, Массачусетс штаты, АҚШ) онлайн сыртқы элективті курстарына қатысты. Қатысушыларды ДББҰ іріктеу жөніндегі комиссия 20 Зияткерлік мектеп желісінен жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша академиялық үлгерімі жоғары, беделді зияткерлік жарыстарда жетістіктері бар: республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, жарыстардың, ғылыми жоба конкурстарының, әлеуметтік және шығармашылық жобаларға белсенді қатысатын және ағылшын тілін еркін меңгерген 11-сынып оқушылары ішінен іріктеді.

Жыл сайын Орталық АҚШ-тың жетекші жоғары оқу орындарының (Гарвард университеті, Массачусетс технологиялық институты және басқалары) атақты профессорларын, Нобель лауреаттарын шақырып, STEM саласындағы ең талантты жоғары сынып оқушыларын жазғы мектепте оқытады. Орталық әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған 6000 үміткер арасынан 80-ге жуық оқушыны іріктеп алады.

Орталық қатысушыларға Бостон және Кембридж қалаларында күндізгі оқу бөлімінде заманауи университеттік зертханаларда, ауруханаларда және корпоративтік зерттеу орталықтарында ғылым, техноло-

гия, инженерия және математика (STEM) саласындағы бірегей, озық зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік береді.

Курстарда оқу қатысушыларға әлемнің және АҚШ-тың, соның ішінде Айви Лигасының үздік университеттеріне түсуге мүмкіндік береді.

Джонс Хопкинс университетінің Дарынды жастар орталығының Зияткерлік мектептерінің оқушыларына арналған сыртқы элективті онлайн-курстары, Балтимор, АҚШ


2021 жылы 21 маусым мен 16 шілде аралығында Зияткерлік мектептердің 9-11-сынып оқушыларының 81-і Джонс Хопкинс Университеті (АҚШ, Балтимор қ.) негізіндегі Дарынды жастар орталығының (бұдан әрі – STY) сыртқы электив курстарына қатысты.

STY – 1979 жылдан бастап дарынды адамдарға арналған білім беру саласындағы әлемдік көшбасшы, бүкіл әлем бойынша академиялық білімді жетік меңгерген мектеп оқушыларының таланттарын анықтаумен және дамытумен айналысатын бейкоммерциялық ұйым. Әлемде 165000-нан астам STY түлегі бар, олардың ішінде Facebook және Google негізін қалаушылар, Regeneron Science Talent Search жеңімпаздары, Родс стипендиаттары және MacArthur стипендиаттары бар.

Оқушылар тақырыптар бойынша ұйымдастырылған алты STY элективті курстарының бірін таңдап, оқудан өтті:

1. Инклюзивті алгоритмдерді әзірлеу;
2. Төтенше жағдайдың пайда болуы: 21 ғасырдағы және болашақтағы денсаулық мәселелері;
3. Ауруларды модельдеу;
4. Спорттағы статистикалық ойлау;
5. Жад психологиясы;
6. Заманауи криптография.





«Сириус» лицейі» ЖБДБҰ өткізетін Зияткерлік мектеп оқушыларына арналған онлайн сыртқы элективті курстар, Ресей, Сочи

2021 жылы 14-25 маусым аралығында Зияткерлік мектептердің 7-10 сынып оқушыларының 80-і ғылымдарды оқуға, пәндік олимпиадаларға қатысуға, көрсетілген пәндер мен бағыттар бойынша жобалық қызметпен айналысуға белсенді қызығушылық танытқан және/немесе болашақ мамандықты осы бағыттармен байланыстыратын Ресей Федерациясы, Сочи қаласындағы «Сириус лицейі» ЖБДБҰ онлайн элективті курстарына қатысты.

«Сириус» лицейі - білім беру бағдарламаларының ерекше жиынтығы бар жаңа көп салалы инновациялық білім беру кешені. Лицей «Сириус» экожүйесіне енгізілген, онда бірнеше жылдан бері «Сириус» федералды білім беру орталығы, «Сириус» ғылым және өнер саябағы, ғылыми-технологиялық университет және Инновациялық ғылыми-технологиялық орталық жұмыс істейді. Жетекші ғалымдармен және ғылымды дәріптеушілермен, сарапшылармен және ғылыми-технологиялық университеттердің, білім беру орталықтарының, жетекші салалық компаниялардың басшыларымен әріптестікте «Талант және жетістік» қорының педагогикалық және ғылыми қызметкерлері оқытушылар мен тәлімгерлер болып табылады.

Электив курстар 4 қосымша білім беру бағдарламасы бойынша өтті:

Олимпиадалық бағдарламалар

1. Олимпиадалық математика
2. Олимпиадалық физика

Жобалық бағдарламалар

3. Unity негіздері (C#) + AR «Толықтырылған шынайылық» қосымшаларын әзірлеу

4. 3D модельдеудің негіздері.

Олимпиада бағдарламалары 7-8 сынып оқушыларын математика және физикадан олимпиадаларға дайындауға, оқушылардың іргелі физика-математикалық қабілеттерін дамытуға, физика-математикалық бейіндегі білім деңгейін мектеп бағдарламасынан тыс арттыруға, 2021-22 оқу жылындағы олимпиадаларға қатысу нәтижелілігін арттыруға бағытталған.

Жобалық бағдарламалар нақты кейстер мысалында заманауи өндірістің озық технологияларымен және үздік практикаларымен танысуға, инженерлік-техникалық және АТ жобаларын әзірлеуге қатысты жобалау-зерттеу қызметінің саласындағы практикалық құзыреттіліктерді игеруге - инженерлік прототиптер немесе АТ-өнімдер (6-7 оқушыға 1 жоба), инженерлік-техникалық жобалар конкурстарына қатысуға бағытталған.



- Серіктес мектептер

ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында индикатор бекітілген, оған сәйкес әрбір мектептің кемінде 5 серіктес мектебі болуға тиіс.

Зияткерлік мектептер Халықаралық Бакалавриаттың халықаралық қоғамдастықтарының, Халықаралық Мектептер Кеңесінің (CIS), Lesson Study бойынша Дүниежүзілік ұйымның (WALS), білім берудегі бағалаудың халықаралық қауымдастығының - IAEA және Еуропа білім беруді бағалау қауымдастығының - AEA-Eurore және т.б. мүшесі бола отырып, халықаралық әріптес мектептермен ынтымақтастықты жалғастыруда.

«Серіктес мектептер» жобасының басты мақсаты оқушыларға төмендегі үш бағытта мәдениетаралық коммуникация, жаһандық ойлау және толеранттылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- «Оқушыларды серіктес мектептің білім беру бағдарламасы бойынша оқыту»;
- «Бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру және халықаралық ғылыми басылымдарда нәтижелерді жариялау»;
- «Қабылдаушы елдің мәдениетімен, тарихымен және өнерімен жан-жақты танысу».

Оқушылар алмасу арқылы серіктес мектепте академиялық дайындық деңгейлерін арттырады, серіктес мектеп оқушыларымен тәжірибе алмасады, зерттеу және талдау дағдыларын дамытады, заманауи зертханаларда тәжірибелер мен эксперименттер жасап үйренеді, өздігінен оқу мен өзін-өзі тәрбиелеудегі жаңа ұстанымдармен танысады және қабылдаушы мектептің оқыту тілін терең оқып, үйренеді.



2021 жылы әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты ынтымақтастық бойынша іс-шаралар қашықтан жүргізілді. АҚШ, Ұлыбритания, Малайзия, Қытай, Армения,

Германия, Оңтүстік Корея, Өзбекстан, Ресей, Татарстан (РФ), Түркия, Сингапур елдерінің 15 серіктес мектебіне 15 Зияткерлік мектеп ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған сабақ өткізді. Зияткерлік мектептердің 450-ден астам, шетелдік мектептердің 225 оқушысы қатысты.

«Тәуелсіздік сабақтарында» келесі тақырыптар қамтылады:

- Семей ядролық полигонының жабылуы
- Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨШК) құру туралы бастама
- Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы
- «Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметі туралы» ҚР заңы
- Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі
- Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылы 6 наурыздағы Жарлығы.

3.5. Оқушылардың әл-ауқаты

Психологиялық қызметтердің жұмысы

Есеп беру кезеңінде Оқушылардың әл-ауқаты департаменті және зияткерлік мектептердің психологиялық қызметтері оқушыларды қорғау және олардың әл-ауқаты мақсатында келесі жұмыстарды жүргізді.

- Халықаралық стандарттарға және ҚР ұлттық заңнамасына сәйкес оқушылардың әл-ауқаты мен қорғалуы бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар әзірленіп, жаңартылды және бекітілді:

– «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының оқушыларын қорғау саясаты» (ДББҰ Басқармасының 2021 жылы 16 сәуірдегі №15 хаттамасы);

– «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарында сексуалдық қанаудан, сексуалдық қорлаудан және кез келген белгі бойынша кемсітуден қорғау саясаты (ДББҰ Басқармасының 2021 жылы 4 наурыздағы №9 хаттамасы).

- Психологиялық бағдарламалар арқылы оқушыларға, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған әлеуметтік-эмоционалды даму,

мінез-құлық бұзылыстары мен оқудағы қиындықтардың алдын алу жүйесі жүзеге асырылады.

Жаңа ортаға бейімделу дағдыларын жақсарту мақсатында 7 сынып оқушыларына команда құру тренингтері мен «Жаңадан келген оқушымын» бағдарламасы өткізілді. Брошюралардың интерактивті презентациялары өткізіліп, оқушыларға «НЗМ жолсілтемесі» және «NIS ата-аналарына арналған анықтамалық» берілді.

НЗМ-де бірінші оқу жылы қашықтан жүргізілген 8-сынып оқушыларына «Қалай жаңа дос табуға болады?», «Әдеттерді қалай өзгертуге және оқудағы қиындықты қалай жеңуге болады?» тақырыптары бойынша бейімделу сабақтары өткізілді, сондай-ақ «Калейдоскоп» психологиялық ойыны (ҮПО) жүргізілді. 7-сынып оқушыларының ата-аналары үшін 1901 отбасы қатысқан 7 сессиядан тұратын «Біз жай ғана отбасымыз» атты балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған курс қашықтан өткізілді.

Санитарлық талаптарға сәйкес 2021 жылдың қазанынан желтоқсанына дейін Көкшетау, Алматы ХББ, Алматы ФМБ, Қызылорда, Атырау, Ақтау, Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептерде «Берік отбасы» бағдарламасы офлайн форматта жүзеге асырылды, оған 227 отбасы қатысты. Оқушылардың ерекшеліктерін, қажеттіліктерін түсіну және саралап оқыту үшін Зияткерлік мектептердің педагогтеріне оқытудың басым стилін анықтау және диагностикалау мәселелері бойынша семинарлар ұйымдастырылды.

7-9-сынып оқушыларының ата-аналары, жаңадан қабылданған мұғалімдер, кураторлар және мектеп қызметкерлері үшін жасөспірімдердің деструктивті мінез-құлқын алдын алуға бағытталған «Зорлық-зомбылықсыз үй/мектеп» тақырыбында семинарлар циклі (отбасында және мектепте балаларға қатыгездікпен қарағаны үшін жауапкершілікке алу, олардың себептері, түрлері, салдары туралы, НЗМ оқушыларын қорғау саясаты туралы ақпараттандыру) өткізілді.



Жасөспірімдердің мінез-құлқын түсіну, қарым-қатынас дағдыларын жақсарту, ата-аналар мен мұғалімдердің мінез-құлқындағы кедергілерін түсіну, қиындықтарды еңсеру үшін ынтымақтастық дағдыларын дамыту мақсатында жанжалдарды дұрыс шешу, жасөспірімдердің тәртіпті бұзуы, буллинг, кибербуллинг, интернетті шамадан тыс пайдалану жағдайларына ден қою және оларды шешу дағдыларын үйрету бойынша семинарлар мен вебинарлар өткізілді. Вебинарлардың тақырыптары: «Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек», «Махаббаттың 5 тілі: жасөспірімді қалай түсіну керек», «Интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық», «Буллинг пен кибербуллингті қалай тануға болады».

Теріс балалық шақтың тәжірибесін, импульсивті агрессивті мінез-құлық себептерін түсіну үшін «Балалық шағы жоқ ересектерге арналған әңгімелер» тақырыбында ата-ана мен педагогикалық мінез-құлық стилінің вебинары өткізілді.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жаңадан қабылданған педагогтер, мектеп қызметкерлері, 8-9 сынып ата-аналары үшін семинарлар, сондай-ақ оқушыларға өз-өзіне көмек көрсету және құрдастарына көмек көрсету жөнінде интерактив сабақтар өткізілді.

Емтихан кезіндегі күйзелісті азайту үшін «Жұмысқа және өмірге деген қызығушылықты қайтару жолдары» атты кәсіби күйзелістің алдын алу және оны шешу бойынша мұғалімдерге арналған тренингтер сериясы өткізілді. 10 және 12 сыныптың

4015 оқушысы «Сабырлы бол» бағдарламасына қатысты (4 сабақ және «№13 билет» психологиялық ойыны).

Есеп беру кезеңінде әлеуметтік-психологиялық қиындықтарды шешуде кәсіби кеңес беру сұраныстарының саны өсті.

Оқушылар	Ата-аналар	Педагог мамандар	Кезең ішіндегі барлық кеңестер
7 507	2 949	3 506	13 962

Сұраулардың негізгі тақырыптары пандемияға байланысты алаңдаушылық пен тұрақсыздық сезімі, ауырып қалу қорқынышы, жақындар үшін қорқыныш, карантиндік шараларға байланысты қарым-қатынастардың бұзылуы, өзін-өзі жағымсыз қабылдау (менде бірдеңе дұрыс емес), басқаларды қабылдамау (оларда бірдеңе дұрыс емес), өзіне бағытталған агрессия, аралас оқытуға оралу ережелеріне қатысты агрессия, ата-аналармен, мұғалімдермен, құрдастармен қақтығыстар, үйдегі зорлық-зомбылық және т.б.

- Зияткерлік мектеп психологтарын әдістемелік қолдау, психоәлеуметтік дамуды бағалау, диагностикалық сұхбат, кеңес, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды командалық қолдау аясындағы кәсіби дағдыларды нығайту мақсатында келесі мәселелер бойынша оқыту өткізілді:

- мектепте психологиялық кеңес берудің негіздері

- білім берудегі кейс-менеджмент. Топтық супервизия және кәсіби шаршамау практикасы

- жасөспірім кезеңдегі ойынға тәуелдік: диагностика, алдын-алу, түзету

- психикалық денсаулық және жасөспірімдермен жұмыс істеудің дәлелді тәжірибесінің заманауи араласуы.

Курстардың нәтижелері бойынша психологтар АҚШ-та, Ресейде әлеуметтік-психологиялық жұмыс тәжірибесінен жасөспірімдерге қолдау көрсету құралдарын, ресурстарын, хаттамалар мен жоспарлардың үлгілерін алды.

- БҰҰ Балалар қорымен (ЮНИСЕФ) ынтымақтастықта «Оқушылардың Қазақстан мектептерінен шығуын ерте алдын алу жүйесі» бағдарламасы бойынша «Білім берудегі кейс-менеджмент. Сырттай топтық қадағалау және кәсіби шаршаудың алдын алу тәжірибесі» тренингі ұйымдастырылды (1 модуль – 2021 жылы 18-21 қазан; 2 модуль – 2021 жылы 13 қараша – 2 желтоқсан).

Медициналық қызметтердің жұмысы

- Мектептердің медициналық пункттеріне жүгіну және оқушылар арасындағы ауру-сырқау


2021 жылы Зияткерлік мектептердің медициналық пункттерінде және Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектепте 23 мыңнан астам өтініш тіркелді. Көбіне оқушылар тыныс алу, ас қорыту, жүйке жүйесінің аурулары, жарақат және т.б. шағымданған.

Аурулар



Мектептердің медициналық пункттерге жүгінуі, аурулардың негізгі топтары бойынша (2021 жыл, %-бен)

Аурулар



Мектеп оқушыларының сырқаттануы, негізгі ауру топтары бойынша (2021 жыл, %-бен)

Есеп беру кезеңінде мектеп оқушылары ұсынған медициналық анықтамалардың негізінде жүргізілген сырқаттарды талдау аурулардың негізгі топтары тыныс алу органдарының аурулары (тыныс алу органдарының асқынған аурулары, тонзиллит, ринит және басқалары), ас қорыту, инфекциялық аурулар, атап айтқанда, COVID-19 тіркелген жағдайлары, жарақаттар (көгеру, созылу және басқалары), жүйке жүйесінің аурулары және басқа да аурулар болып табылатынын көрсетті.

- Профилактикалық іс-шаралар: медициналық тексеру және профилактикалық екпелер

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу аясында карантин шараларының қолданысына және мектеп оқушыларын қашықтан және аралас оқытуға ауыстыруға байланысты профилактикалық медициналық тексеруден оқушылардың 37%-ы өтті. 2021 жылдың екінші жартыжылдығында осыған ұқсас көрсеткіш жасына байланысты тиісті оқушылардың 81%-ын құрады (8,5 мыңнан астам оқушы). Қалған оқушылардың профилактикалық тексеруден өтуі 2021 жылдың желтоқсанына және 2022 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланған.

Профилактикалық екпенің ұлттық күнтізбесіне сәйкес мектеп оқушыларына жасына байланысты дифтерия, көкжөтел, сіреспе және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы екпе ектіруі, сондай-ақ туберкулин диагностикасынан өтуге тиіс.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында қашықтан және аралас оқыту форматына байланысты оқушыларды мектеп қабырғаларында вакцинациялау 2021 жылдың екінші жартыжылдығында жүргізілді. Дифтерия мен сіреспеге қарсы оқушыларды жасына байланысты вакцинациялау көрсеткіші 58%-дан асты, туберкулин диагностикасынан оқушылардың 32%-ға жуығы өтті. Кей оқушылардың вакцина ектірмеген себебі – оқушылардың заңды өкілдерінің вакцинациялаудан бас тартуынан екенін атап өту қажет.

- Мектептердегі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары

Денсаулық мәдениеті және салауатты өмір салтын насихаттау мектептердің медициналық қызметінің негізгі бағыттарының

бірі болып табылады. Мектептерде әр оқу жылының басында оқушылар, ата-аналар және мектеп қызметкерлері үшін жүргізілетін санитариялық-ағарту және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жоспарлары бекітіледі. Санитариялық-ағарту жұмысы шеңберінде ұйымдастырылатын іс-шараларға денсаулық сақтау жүйесінен мамандарды шақыра отырып, дәрістер, сұхбаттар, тренингтер, семинарлар өткізу, сондай-ақ бейнематериалдар, роликтер, мектеп мониторларында ойнатылатын презентациялар, санитариялық бюллетеньдер дайындау және орналастыру кіреді.

Зияткерлік мектептердің медициналық қызметкерлері оқушыларға тыныс алудың вирустық ауруларының алдын алу, көз, сүйек-бұлшықет жүйесі ауруларының алдын алу, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау, дұрыс тамақтану, дәрумендердің пайдасы, темекіні, электрондық темекілер мен вейптерді, психикалық белсенді заттарды тұтынудың зияны мен салдары бойынша іс-шараларды өткізді.



Мектеп қызметкерлері мен оқушылары үшін ай сайын санитарлық нормалар мен коронавирустық жұқпаның таралуының алдын алу шараларын сақтау бойынша

нұсқаулықтар, сондай-ақ вакциналардың жұмыс істеу принципі, иммундаудың маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектептердің техникалық қызметкерлері үшін мектептерде зарарсыздандыру режимін сақтау, мектептің ішіндегі бөлмелердегі ауаны залалсыздандыру және қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша нұсқаулықтар мерзімді түрде жүргізіледі.

Сонымен қатар мектеп қызметкерлері мен оқушылары үшін балалардың жарақаттануын алдын алу, шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету бойынша дәрістер өткізілді.

3.6. Кәсіптік бағдар беру жұмысы

Оқушыларға психологиялық және кәсіби қолдау көрсету мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілуде.

- 11 және 12 сынып оқушыларына кәсіби бағдарды таңдауда психологиялық қолдау көрсету «Табыстың психикалық технологиясы: менің 5 жылға арналған жоспарларым» (11 сынып оқушылары үшін 6 сабақ) және «Болашақты басқару: өзгерістерге оңай және тез бейімделу» (12 сынып оқушылары үшін 5 сабақ) элективті курстарын өткізу арқылы жүзеге асырылады. Түлектердің ата-аналары үшін «Емтихандар алда: ата-аналар қалай көмектесе алады», «Түлектерді емтиханға дайындау кезеңіндегі ата-аналардың мінез-құлқы», «Мен түлектің ата-анасымын», «Қазіргі түлек: сұрақтар мен жауаптар», «Мектеп түлегімен қалай сөйлесу керек, ол үшін нені білу керек» тақырыптарында ата-аналар жиналыстары мен вебинарлары өткізілді.

- Жоғары мектеп оқушыларына шетелдік жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездесуге, оқуға түсу және оқу туралы ақпарат алуға, гранттар мен стипендиялар туралы білуге мүмкіндік беру үшін ДББҰ Council of International Schools (CIS) стратегиялық серіктесімен бірлесіп 2021 жылы қыркүйекте «Университеттер жәрмеңкесін» ұйымдастырып, өткізді. Жәрмеңке онлайн форматта өтті, онда Ұлыбритания, АҚШ, Нидерланды, Испания, Қытай, Швейцария, Германия, Австрия, Италияның және т.б. елдердің 66 жоғары оқу орны ұсынылды, оларға 2000-ға жуық оқушы виртуал қатысты. Жәрмеңке аясында ЖОО өкілдері түрлі тақырыптарда 8 сессияны өткізді: «Белгісіздік дәуірінде ман-

сапты жоспарлау», «Инженерлік бағдарламаларға түсуге арналған нұсқаулық», «АҚШ ЖОО-на түсу және құжаттарды тапсыру бойынша кеңестер», «Ұлыбритания ЖОО-на уәждемелік хатты қалай жазу керек», «21 ғасырдың болашақ мамандықтары мен дағдылары» және т.б.

Сондай-ақ, әдістемелік көмек көрсету және кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту мақсатында ДББҰ оқушылардың кәсіби бағдарлау жұмысы бойынша кеңесшілерге арналған жыл сайынғы семинар өткізілді, оған Назарбаев Университеті, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ, Study Apply, BTS Education, British Council Kazakhstan және басқа да компаниялардың өкілдері қатысты.


Ағымдағы жылы еліміздің және шетелдің жетекші жоғары оқу орындары, соның ішінде серіктес жоғары оқу орындары Назарбаев Университеті, ҚБТУ, Алматы Менеджмент Университеті, Гонконг қалалық университеті, Гонконг политехникалық университеті, Токио халықаралық университеті және басқалары 10-12 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру кездесулерін өткізді.

Оқушылардың кәсіби бағдарлау жұмысы бойынша кеңесшілер Беларусь Республикасы Білім министрлігінің «Ұлттық білім беру институты» ғылыми-әдістемелік мекемесі ұйымдастырған «Кәсіби бағдар: модельдер, халықаралық үрдістер мен инновациялар» халықаралық онлайн-семинарына, сондай-ақ Назарбаев университетінің кәсіби бағдар берушілеріне арналған жыл сайынғы семинарға және Мансап менеджменті мектебінің (Ресей) мансап бойынша мамандарға арналған «CAREER FORUM-2021» халықаралық онлайн-форумына қатысты.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ XII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының шеңберінде «Мектеп және қоғамдастық: кәсіптік бағдарлау жұмысы арқылы білім беру мақсаттары мен мансаптық мақсаттарға қол жеткізуде оқушыларды қолдау» тақырыбында сессия өтті, онда Ресей мен Қазақстан спикерлері сөз сөйледі (Н. Михайленко, А. Бейсенбенев, А.Смирнов), олар отбасы мен мектеп жасөспірімге мамандық таңдауға қалай көмектесе алатынын, ерте диагностика мен оқушылардың кәсіби бағдарлануының маңыздылығы мен қызықты әрі тиімді кәсіби бағдарлау ойындары туралы айтып берді.



ÚZDIKSIZ DAMU



CATION

ВЫСОКООБРА



R



БОЗНА



ПРОФЕ





ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында зерттеулерге Зияткерлік мектептердің тұрақты дамуының негізі ретінде зор маңыз берілген. Аталған бағыттың негізгі міндеті басқару шешімдерін қабылдау, инновация әзірлеу және оны енгізу мақсатында жүйелі және ұзақмерзімді қолданбалы зерттеулер жүргізу болып саналады. Зерттеу нәтижелері білім беру үдерісін жетілдіруге, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерді қолдауға пайдаланылады.

Ұйымның зерттеушілік әлеуетін нығайту жұмыстары:

- ДББҰ және оның филиалдарында өткізілетін зерттеулерді үйлестіру;
- Зияткерлік мектептер тәжірибесін жариялау, білім және тәжірибе алмасу;
- ДББҰ халықаралық конференциясын өткізу;
- мұғалімдердің зерттеулері («Педагогикалық кадрлар» бөлімін қараңыз);
- елдегі орта білім беру жүйесінде зерттеулерді іске асыру бағыттары бойынша жүргізіледі.

ДББҰ және оның филиалдарында өткізілетін зерттеулерді үйлестіру

Зерттеулер департаменті ДББҰ мен филиалдарда жүргізілген зерттеулер мен сауалнамаларға тұрақты түрде мониторинг жасап отырады. ДББҰ Зияткерлік мектептерінде оқыту барысында түлектердің жеке және кәсіби жетістіктерге жетуіне ықпал ету мақсатында ұзақмерзімді зерттеу жүргізу жөнінде шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық орнату келіссөздерін жүргізуге бастамашы болды.

Сондай-ақ зерттеулер департаменті Зияткерлік мектептер базасында зерттеу жүргізуге берілген өтінімдерді қарастырады және үйлестіреді. Мәселен, 2021 жылы 4 өтінім келіп түскен, оның ішінде пән мен тілді кіріктіріп оқыту саласы бойынша ұсынылған екі өтінім мақұлданды (И. Бабич, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп директорының орынбасары; Е. Байжанов, Ақтөбе қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп мұғалімі).

Зияткерлік мектептер тәжірибесін жариялау, білім және тәжірибе алмасу

- 2021 жылы 25 сәуір мен 2 мамыр аралығында онлайн форматта «Social Responsibility within Changing Contexts (Өзгерістер контекстіндегі әлеуметтік жауапкершілік)» тақырыбында Салыстырмалы және халықаралық білім беру қоғамының конференциясы (CIES 2021) өтті. 65-рет өткізіліп отырған конференцияда бүкіл әлемнің халықаралық білім беру саласы зерттеушілері бас қосты. Конференция аймақтық және тақырыптық принцип бойынша екі бағытта өтті. Тақырыптық жоспарда 30-дан астам, оның ішінде тұтас білім беру, білімнің мәдени контексті, экология және тұрақты даму, жаһандану және білім беру, мұғалімдердің білімі және мұғалім мамандығы т.б. бағыттары қамтылған. Аймақтық жоспар бойынша Африка, Шығыс және Оңтүстік Азия, Таяу Шығыс, Латын Америкасы және, ең маңыздысы, Еуразия топтары құрылды.

ДББҰ Зерттеулер департаментінің қызметкері 28 сәуірде осы конференцияның «COVID-19-ға жауап ретінде қабылданған институционалдық шаралар» (Institutional Responses to COVID-19) секциялық отырысында «Экранның арғы жағында: Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қашықтан оқытуды іске асыру» тақырыбында баяндама жасады. 2019-2020 оқу жылының 4-тоқсанының қорытындысы бойынша 21 Зияткерлік мектептегі қашықтан оқытуды ұйымдастыру және іске асыруды зерттеу нәтижелері ұсынылды.

- Осы жылдың қыркүйек айында ДББҰ қызметкерлері мен Зияткерлік мектеп мұғалімдері **Білім беру саласындағы зерттеушілердің Еуропа конференциясында (ECER 2021)** өз зерттеулері нәтижелерін кезекті рет ұсынды. «Білім және қоғам: үміт, ұйғарым және ымыра» тақырыбындағы ECER конференциясы онлайн өтіп, әлемнің 75 елінің 2500-ден астам зерттеушісінің басын біріктірді. Зерттеу ісін енді ғана бастаған ERC 2021 ғалымдар конференциясы мен ECER 2021 негізгі конференциясы аясында 740 сессия ұйымдастырылып, 2300 презентация ұсынылды. Конференцияға ДББҰ-дан Павлодар, Нұр-Сұлтан (ІБ), Ақтау, Ақтөбе, Көкшетау, Қызылорда, Тараз қалаларынан 25 Зияткерлік мектеп мұғалімі және ДББҰ Зерттеу департаментінің қызметкері

қатысты. К.А. Тұрсынбаева (ДББҰ Зерттеу департаменті) Зияткерлік мектеп мұғалімдері мен оқушыларының, сондай-ақ олардың ата-аналарының дарынды балаларды дербес оқыту туралы пікірлерін зерделеу нәтижелерін ұсынды. Педагог мамандар әртүрлі тақырып бойынша зерттеу жобаларын таныстырып, ғылыми пәндерді оқыту ерекшеліктері, пән мен тілді кіріктіріп оқыту тәсілін қолдану, оқушылардың құзырет ауқымын кеңейтіп, функционалдық сауатын көтеру жөніндегі жұмыстарының қорытындыларын көрсетті. Сондай-ақ мұғалімдердің көшбасшылығы, саулығы және ұйымға шынайы берілу мәселелері тақырыптарындағы зерттеулерін ұсынып, педагог тәжірибесін жақсарту бағытында зерттеу мәдениетін дамытудың практикалық құндылығын танытты.

• Осы жылы ПШО-ның 5 қызметкері және Орал, Нұр-Сұлтан, Ақтау, Ақтөбе, Шымкент ФМБ, Талдықорған, Тараз қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 43 мұғалімі **Сабақ зерттеу жөніндегі дүниежүзілік қауымдастықтың (WALS - World Association of Lesson Study)** «Оқыту сабақтары және зерттеулерге оралу: қолжетімдік, сапа және тұрақтылық» тақырыбындағы **халықаралық конференциясында** зерттеу жұмыстарының нәтижелерін баяндады. Конференция 2021 жылы 29 қараша мен 4 желтоқсан аралығында онлайн форматта өтті. Конференцияда педагогтер оқыту үдерісін жоспарлауда және іске асыру кезінде өз қызметінің және командалық жұмыс тәжірибесінің нәтижелерін таныстырды. Зерттеуші-практиктер сараланған әдістер арқылы оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағдарланып оқыту, оқытуда пән мен тілді кіріктіріп оқыту тәсілдемесін қолдану аспектілері; сабақта оқушылардың өзара әрекеттесу түрлері, қашықтан оқыту кезінде сабақтарды зерделеу, коучинг және мұғалімнің рефлексия дағдыларына баса мән берген.



• 2021 жылы ДББҰ-ның 65 қызметкері бірқатар халықаралық және республикалық конференцияға қатысты. Осылайша, Білім беру бағдарламалары орталығының, Педагогикалық шеберлік орталығының қызметкерлері Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және т.б. республиканың жетекші жоғары оқу орындары ұйымдастырған форумдар мен конференцияларда сөз сөйледі. Сондай-ақ ДББҰ өкілдері «Оқулық - білім алушыларға өз-өзін ұлттық-мәдени танытатын құрал» тақырыбында өткен бүкілресейлік конференцияға, Ханты-Мансийск автономиялық округінің педагог қызметкерлерінің тамыз кеңесіне (Югра 2021), «Nuclear Science and Technologies» халықаралық ғылыми форумына, Білім беру саясаты және инновациялар жөніндегі алғашқы KIX конференциясына, «EdCrunch Global - жаңаша білім беру тәжірибесін жобалау» білім беруде жаңа технологиялар конференцияларына және т.б. қатысып, халықаралық іс-шараларда шеберлік сабақтарын өткізіп, баяндама жасады.

• ДББҰ 2021 жылдың тамыз айында өткен «Білім және ғылым - елдің тұрақты дамуының кепілі» атты педагог мамандардың республикалық Тамыз конференциясына қатысып, «Ауыл мектебі» жобасына қатысушы мектеп педагогтеріне арналған тамыз конференциясын, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог қызметкерлеріне арналған «Ынтымақтас, өздігінен білім алатын, қамқор мектеп» атты Тамыз конференциясын ұйымдастырды.

2021 жылы педагогтердің 25%-ға жуығы республикалық және халықаралық кәсіби конференцияларға, форумдарға, конкурстар мен олимпиадаларға, соның ішінде, халықаралық конференцияларға 272, республикалық конференцияларға 166, халықаралық

кәсіби олимпиадалар мен конкурстарға 51, республикалық олимпиадаларға 104 педагог қатысқан.

• 7-8 желтоқсанда Алматы қаласында білім берудегі жаңа технологиялар бойынша өткізілетін әлемдегі ең ірі конференциялардың бірі – EdCrunch Global «Жаңа білім беру тәжірибесін жобалау» (Learning experience design) конференциясы өтті. Бұл шара Қазақстанда алғаш рет ұйымдастырылып отыр. «НЗМ» ДББҰ тең ұйымдастырушысы болған бұл конференцияға жергілікті онлайн-студиялар арқылы Мәскеу, Тель-Авив және Сингапурдан спикерлер қатысты. Сондай-ақ мектептерден 900 педагог, 5 Зияткерлік мектеп директоры қатысты. Спикерлер ретінде директорлар «Директордың зертханасы: күрделі, бірақ қызық» сессиясы шеңберінде «Білім беру ортасын цифрлық түрлендіру», «Әлеуметтік әріптестік арқылы ауылда сапалы білімге қол жеткізу», «Оқушы дауысы» идеяларының көп деңгейлі тұжырымдамасы», «Мектептері Startup қозғалысы» мәселелерін талқыға салды.



• 2021 жылы тамызда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог қызметкерлерінің «Ынтымақтас, өздігінен білім алатын, қамқор мектеп» Тамыз конференциясы

алғаш рет аралас форматта өтті: Нұр-Сұлтан қаласы Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында офлайн режимде және НЗМ ДББҰ желісіндегі барлық педагог, 3000-нан астам адам мен конференция қонақтары MS Teams платформасында онлайн режимде қатысты. Конференция материалдары conferences.nis.edu.kz сайтында жарияланған.



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы К.Н. Шәмшидинова баяндама жасап, әлемдегі жағдай күн сайын өзгеріп, үнемі жаңа сын, қатер туып отыратын шақта да баланың тұлғалық қасиеттерін дамытуға қолайлы орта қалыптастыру, қамқорлық танытып, адами қарым-қатынас орнату, эмоциясын басқара білуге баулу, сөзі мен іс-әрекетінің жауапкершілігін мойнына алу қасиетін дамыту қажеттігін атап көрсетіп, мұны іске асыру «Ынтымақтас, өздігінен білім алатын, қамқор мектептің» басты міндеті екенін негіздеді.

Орталық директорларының баяндамаларында «NIS-Programme» өзгерістері егжей-тегжейлі баяндалып, оқытуды дамыту үшін бағалау нәтижелерін қайта талдау ұсынылды. Мұғалімді дамыту үшін өзара оқыту мен ынтымақтастықтың маңызы, цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастыру үшін мұғалімнің АКТ дағдыларын жетілдіру қажеттігі атап өтілді.

Онлайн-конференцияның тақырыптық алаңдарындағы жұмыс кәсіби шеберліктің тиімді желілік сабағына айналды. Пән мұғалімдері жеке тұлғаға бағытталған оқыту, бағалау құралдарын әзірлеу, мектепте қолайлы және қауіпсіз орта құру және басқа да өзекті тақырыптар жөнінде білімдерін кеңейтті.

Бұл конференцияның басты ерекшелігі – Зияткерлік мектептердің 4000-нан астам жұмыскері қатысқан «Қауіпсіздік сағаты» шарасының өткізілуі еді.

«Жаңа тәжірибе: сабақта қалай?» тақырыбындағы Тамыз конференциясы аясында ұйымдастырылған «Сәтті тәжірибелер панорамасы» Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің оқыту тәжірибесінен алынған кейстерді таныстыру форматында өтті.

Қашықтан оқыту сабағы өткен оқу жылының негізгі оқыту формасына айналды. Сондықтан цифрлық білім беру ресурстары, сабақтың мазмұны, онлайн оқыту жағдайында мұғалімдерді әдістемелік қолдау идеяларын ортада талқылау қатысушылардың барлығына пайдалы болды.

Қорытынды бөлімде презентациялар ішіндегі үздігін анықтау онлайн дауыс беру арқылы өткізілді (3 мыңға жуық адам қатысты). Мұғалімдерге ұсынылған тәжірибенің жаңалығы, өзектілігі, мұғалімнің сабақта қолдануға және әріптестеріне ұсынуға дайындығы ескерілді. Соңында аталымдар бойынша жеңімпаздар анықталды:

«Цифрлық білім беру ресурстары» санаты бойынша:

1-орын – Зеленов Борис, информатика пәнінің мұғалімі, «Білім беру веб-сайтын аралас оқытуда педагогикалық құрал ретінде пайдалану» (Орал қ.);

2-орын – Болатхан Үміт және Тұрсыбаева Талшын, биология мұғалімдері, «Mozaik Education цифрлық білім беру платформасының мүмкіндіктері» (Талдықорған қ.);

3-орын – Аманжол Сағындық, математика пәнінің мұғалімі, «Teacher Desmos интерактив және шығармашылық сабақтар конструкторының мүмкіндіктеріне шолу» (Өскемен қ.);

«Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау» санаты бойынша:

1-орын – Жаннатова Айнаш және Сахиева Әсел, химия пәні мұғалімдері, Құдабаева Гүлзада, биология пәні мұғалімі, «Төңкерілген сынып» моделін химия және биологияны қашықтан оқыту жағдайында қолдану» (Орал қ.);

2-орын – Жақыпова Гүлжан, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, «Жоба әдісі – студентоцентрлік оқыту техникасы» (Павлодар қ.);

3-орын – Қаратаева Назым және Біләлова Айнагүл, физика пәні мұғалімдері, «Оқушыға бағытталған оқытуды Web 2.0 ресурстарын қолдана отырып, сұраныс негізінде оқыту арқылы дамыту» (Павлодар қ.).

«Тең-теңімен. Мұғалімдерді оқыту» санаты бойынша:

1-орын – Жақыпов Нұрсұлтан, физика пәнінің мұғалімі, «Опыт Тичера» YouTube арнасы: миллиондаған қаралым немесе біз бүкіл әлемнің мұғалімдеріне АКТ-ны игеруге қалай көмектесеміз» (Павлодар қ.);

2-орын – Головинцева Валерия, ағылшын тілі мұғалімі, «Серіктес мектептер: оқушылардың құзырет ауқымын кеңейту кілті» (Павлодар қ.).

3-орын – Зияхметова Нұржамал, биология пәні мұғалімі, «Pear Deck арқылы биология сабағында тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру» (Орал қ.);

Дауыс беру барысында кейс мазмұны бойынша көшбасшылардан аз ғана дауыс санымен қалып қойғандарға қосымша номинациялар тағайындалды:

«Онлайн органайзер» номинациясымен информатика пәні мұғалімі Көшкінбаева Меруерттің «Информатика пәнін оқытуда онлайн интерактив жұмыс дәптерін қолдану» (ФМБ, Шымкент қ.) презентациясы марапатталса, «Бұлттық зерттеу» номинациясы бойынша ЖПЖЖ мұғалімі Алықпашова Назым мен тарих мұғалімі Теміров Нұрболаттың «ЖПЖЖ және ҚӘҚ сабақтарында онлайн оқыту форматында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту» (Павлодар қ.) презентациясы озық танылды. Ал физика мұғалімі Гасанова Юлияның оқушыларды қашықтан оқыту форматында оқыту процесіне қызықтыру жөніндегі «Қашықтан оқыту жағдайында STEM фестивалін ұйымдастыру» презентациясы «Мобильді белсенділік» номинациясын алды (Нұр-Сұлтан қ. НЗМ).

«Мобильді қолдау» арнайы номинациясымен мұғалімдер тобы: Айтпукешев Айдарбек, Дусказиева Гүлнара, Нұрмұханова Гүлзұхра, Хайруллина Шолпан, Бақытжанова Сәуле, Серғалиева Әлияның «Педагогтың зерттеу мәдениеті. Мұғалімнің қызметін қолдау тұжырымдамасы» (Орал қ.) презентациясы марапатталды.

«Табысты тәжірибелер панорамасы» Зияткерлік мектептердің барлық педагогикалық қоғамдастығының әлеуетін біріктіре отырып, желі мұғалімдерінің ортақ пайдалануына қолжетімді жаңа идеялар мен қызықты әдістердің электронды хабын құрды.



Ғылыми мақалалар жариялау

На постоянной основе ведется работа
нылыми-зерттеу ортасында ДББҰ-ның
танымалдығын арттыру жұмыстары
тұрақты жүргізіледі: қызметкерлер жүргізіл-
ген зерттеу нәтижелерін қорытындылап
ғылыми мақалалар жариялайды. 2021 жылы
нөлдік емес импакт-факторы бар журнал-
дарда тоғыз ғылыми мақала жарияланды.
Еліміздегі педагогтердің білігін арттыру
курстары шеңберінде тәуелсіз бағалауды
іске асыруды зерттеу нәтижелері бойынша
ПӨО қызметкерлерінің «Cypriot Journal of
Educational Sciences»-те «Attitudes of course
participants towards evaluation at the training
courses of pedagogical staff» (Volume 16, Issue
4, August 2021) мақаласы жарияланды.

Назарбаев университетінің профессорларымен бірлескен жұмыс нәтижесінде «PLOS ONE» журналында ПӨО қызметкерлерімен бағалау рәсімдері мен зерттеулерінің нәтижелерін психометриялық талдауға арналған AUTOPSYCH «An R Shiny tool for the reproducible Rasch analysis, differential item functioning, equating, and examination of group effects» атты жаңа қолданбаға арналған мақала жарияланды.

ПШО аға менеджері А.Ш.
Тәңірбергенованың 2 мақаласы:

1) «International Journal of GEOMATE» журналында «Effect of Complex Additive on Exothermic Kinetics and Hydration Stages of Cement Systems»;

2) «Pedagogical Technology: A Concrete Historical Approach» атты мақаласы «Applied Linguistics Research Journal» журналында жарияланды.

Сондай-ақ, ПШО қызметкерлері зерттеу жұмыстары бойынша «International research journal», «Journal for Educators, Teachers and Trainers», «Revista San Gregorio», «Current context of education and psychology in Europe and Asia», «Propósitos y Representaciones», «IOP Conference Series: Materials Science and Engineering» секілді журналдарда мақала жариялады.

ДББҰ және оның филиалдары қызметкерлері республикалық және аймақтық деңгейдегі, айталық, «Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева», «Ұстаз», «Высшая школа Казахстана», «Қазақстан мектебі», «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» және т.б. журналдарда да жұмыстары жөнінде белсенді жариялап тұрады.

Сонымен қатар research.nis.edu.kz зерттеу сайтында білім беру және зерттеудің өзекті мәселелерін ашатын тоқсандық дайджест жарияланады. 2021 жылы дайджестер:

- Тәжірибедегі білім беру экожүйелері (даму тарихы, негізгі сипаттамалары, сәтті әлемдік кейстер);
- Білім берудегі экожүйелік көшбасшылық;
- ЭЫДҰ мен Қазақстандағы мектепке

дейінгі оқыту мен тәрбиелеу трендтері: ЭЫДҰ-ның Starting Strong VI есебінен алынған қорытындылар;


– Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласындағы табысты саясат: дамудың 5 басты бағыты;

– ЭЫДҰ-ның «Beyond Academic Learning: First Results from the Survey on Social and Emotional Skills» (оқу бағдарламасы шеңберінен шығу: Әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды зерттеудің алғашқы нәтижелері) баяндамасын қоса алғанда, оқушылардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын зерттеуге шолу;

– TALIS-2018 «Teachers and School Leaders as Valued Professionals» (Мұғалімдер мен мектеп басшылары бағалы кәсіпқойлар ретінде) атты сабақ беру мен оқытудың халықаралық зерттеуінің II томына шолу тақырыптары бойынша дайындалды.

Зияткерлік мектептердің «Intellectual Podcast» подкасты шеңберінде ДББҰ имиджін ілгерілету және сапалы танымдық контентке тегін қолжетімділікті қамтамасыз ету жұмысы жалғасуда.

Вильнюс қалалық кеңесінің депутаты, Білім және мәдениет комитетінің мүшесі, Еуропа қайта құру және даму банкінің сарапшысы Дарюс Радкявичюс подкастында жаңа жағдайдағы мектеп пен қоғамдастықтың рөлі туралы пікірін білдірді. Спикер қашықтан оқыту кезінде жоғалатын танымның маңызды элементтері – оқушылардың мұғаліммен тікелей байланысы, құрдастарымен қарым-қатынасы және тағы басқалар туралы мысалдар келтіреді. Дарюс Радкявичюс болашақта мектеп пен қашықтан оқытудың синергияда қалай болатыны туралы ықтимал болжам жасап қорытындылайды.




Подкасттың тағы бір спикері ретінде Алан Уильямс шақырылды. Ол Александриядағы (Египет) британиялық Форсан мектебінің негізін қалаушы, Менеджмент институтының және педагогикалық колледждің Корольдік өнер қоғамының мүшесі.

Алан Уильямс транзитивтік тұжырымдамасын ұсынады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес шәкірті ұстазынан асып түсу үшін мұғалім оқушыға бойындағы «барлық білім мен тәжірибені оқуға деген құштарлықпен бірге сіңіру керек». Тұжырымдама өнерді, оның алуан түрлілігі мен көпқырлылығы тұрғысынан оқыту арқылы сипаттайды.



• XII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу

2021 жылы 11-12 қарашада «Отбасы, мектеп және қауымдастық: бала мүддесіне қызмет етеміз» тақырыбында XII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Биыл 12 жыл ішінде конференция алғаш рет онлайн режимде өткізіліп, виртуал кеңістікте 8000-нан астам адам қатысты.



Конференция өткен екі күнде балаларды тәрбиелеу, оқыту жөнінде және олардың әл-ауқатына байланысты өзекті мәселелер талқыланды. Конференция аясында 4 пленарлық отырыс, 10 сараптамалық сессия, 16 шеберлік сабақ, практик-мұғалімдердің 9 сессиясы, 3 симпозиум және т.б. өтті. Онда екі жүзден астам тақырып талқыланды.

4 пленарлық отырыста әлемдік деңгейдегі 15 сарапшы сөз сөйледі:

1-пленарлық отырыс. «Оқытуды дәл қазіргі уақытта түрлендіру: мектеп пен отбасының рөлі».

- Өзгеріп жатқан әлемдегі мектеп. Светлана Испусинова, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрайымының орынбасары, Қазақстан;

- Пандемиядан кейін мектептегі білім беруге қатысты не үйрендік? Исак Фрумин, ғылыми кеңес мүшесі, «Экономика жоғары мектебі» ҰЗУ Білім беру институтының ғылыми басқарушысы, РФ;

- Баланың әл-ауқаты мен жетістіктері: қарама-қарсылықтар үйлесімі. Энди Харгривз, Оттава университеті және Бостон колледжінің директоры, Канада;

- Сингапур білім беру жүйесін оқушының мүддесіне ыңғайлау: мектеп пен қауымдастық. Пак Ти НГ, Наньян технологиялық университеті Ұлттық білім беру институтының профессоры, Сингапур.



2-пленарлық отырыс. «Оқушылардың шығармашылық дағдыларын дамытуда отбасы мен қауымдастықтың рөлі»

- Қуаныш пен Жарық мектептерін қалай құруға болады? Михаил Казиник, мәдениеттанушы, музыкант, жазушы, Швеция;

- Оқушылардың креативтігін дамыту: мұғалімдер мен ата-аналардың бірлесіп үлес қосуы. Игал Розэн, PISA креатив ойлау бағытын құрастыру жөніндегі директор, Гарвард

Жоғарғы педагогикалық ғылымдар мектебінің ғылыми қызметкері, АҚШ

- Балалардың жан-жақты оқуы мен әл-ауқатын қолдау үшін ата-аналар мен мұғалімдерді біріктіру. Артур ван Дизен, ЮНИСЕФ-Қазақстан басшысы;

- Оқушыларды жетістікке жетуін қамтамасыз ету үшін жаппай дербестендіру іс-шарасын қолдану. Дейл Джонсон, Аризона университетінің инновация директоры, АҚШ.



3-пленарлық отырыс. «Инновациялық білім беру мәдениеті — қазіргі қоғамдағы өзгерістер факторы»


- Отбасы, білім және қоғам. Андреас Шляйхер, ЭЫДҰ Білім беру және дағдылар департаментінің жетекшісі;

- Сыныптағы тың серпіліспен ойлау тәсілдері: оқушыларды болашаққа дайындау. Эрик Шенингер, Халықаралық білім беру саласындағы көшбасшылық орталығының аға ғылыми қызметкері, АҚШ;

- Білім берудегі трансформация, көшбасшылық және инновациялар. Кати Тианнен, Microsoft Education Еуропа, Таяу Шығыс пен Африка бөлімінің басқарушысы, Финляндия;

- Цифрлық ізбен жұмыс істеу және білім берудегі деректерге негізделген тәжірибе. Андрей Комиссаров, НТИ 20.35 университеті «Деректер негізіндегі даму» бағытының басқарушысы, РФ.





4-пленарлық отырыс. «Табысты адам болуға қалай тәрбиелеуге болады? Оқушылардың әл-ауқатын қолдау үшін бірлесіп жұмыс істеу»

- Орта мектептегі шеберлік, теңдік пен әл-ауқат: оқушы жетістіктерге жету үшін бірлесіп қызмет істеу. Мэри Жан Галлахер, M.J. Gallagher and Associates негізін қалаушысы мен басшысы, бірқатар елдің білім беру мәселелері жөніндегі кеңесшісі, Канада;

- Балалардың қарекеті және куррикулум. Доминик Уайз, Лондон колледж университеті Білім беру институтының мектепке дейінгі және бастауыш білім беру саласы бойынша профессор; британиялық білім беру саласында зерттеу ассоциациясының президенті, Ұлыбритания;

- Болашақ ұрпақты шыңдауға WOJ WAY философиясы қалай көмектеседі? Эстер Войджитски, журналист, оқытушы, «Кремний алқабының анасы», АҚШ;



Халықаралық конференцияның тақырыптық алаңында Педагогикалық шеберлік орталығы жалпы білім беретін мектептермен бірлесіп жүзеге асыратын табысты жобаларды көрсетті. Балаларға қолайлы орта қалыптастыру және мұғалімдердің кәсіби дамуы сияқты өзекті мәселелерді талқылауға тікелей эфирге Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Қызылорда және Қарағанды облыстарының педагогтері қосылды.



Тәжірибе алмасу шеңберінде педагог-практиктер арасында дәстүрлі сессиялар өтті. Онда мұғалімдер тәжірибелерімен байланысты зерттеулерін таныстырды. 2021 жылы өтінімдерді қабылдау үдерісі конференцияның веб-сайты арқылы жүзеге асырылды. Өтінімдерді іріктеу білім беру саласындағы қазақстандық жетекші сарапшылардан тұратын Академиялық комитет мүшелерінің екі сатылы құпия рецензиялау қорытындысы бойынша жүргізілді. Академиялық комитеттің қарауына келіп түскен 200-ден астам абстракттің (еңбектің қысқаша мазмұны) ішінен рецензиялау қорытындысы бойынша конференция бағдарламасына 58 презентация мен 26 постер, яғни өтінімдердің 39%-ы қабылданды.

Постерлік сессия

Виртуал кеңістікке шығуға байланысты постер сессиясының дәстүрлі форматын ұйымдастыру тәсілі қайта қаралды. Педагог мамандар Action Research және Lesson Study бағыттарындағы зерттеулер нәтижелерін ұсынды және «жанды» презентация жазып, практикалық тәжірибелерін көрсетті. Постер сессиясының материалдарымен <https://conf.nis.edu.kz/postery/> сілтемесіне өтіп танысуға болады.



Сараптама комиссиясы постерлердің мазмұнын, олардың дизайны мен бейне-сүйемелдеуін зерделеді. Нәтижесінде постерлер конкурсының жеңімпаздары анықталды:

1. О. Белозерова (Тараз қ. ФМБ НЗМ). «Модельдеу әдісі оқушылардың үйлесімді шығармашылық тұжырым жасау шеберлігін қалай жетілдіреді?»;

2. А. Байтокаева, Ұ. Қаджаева, Ш. Саменова, (Ақтау қ. ХББ НЗМ) «Мектептегі 1 жылдық тәрбие үрдісінің нәтижелері»;

3. М. Есеева, Т. Сұлтанғалиева (Ақтөбе қ. ФМБ НЗМ) «Онлайн-оқыту жағдайында оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру»;

4. А. Бисенғалиева, (Атырау қ. ХББ НЗМ) «The use of the Socratic Method to develop students' critical thinking and language skills»;

5. С. Зыкина (Көкшетау қ. ФМБ НЗМ) «Қалыптастырушы бағыт әдістері мен стратегияларын оқушылардың өзіндік реттеуін дамытуға қолдану».

Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталып, сертификаттар табысталды.

Конференция материалдары мен веб-сайты

Конференция материалдарын ресми conf.nis.edu.kz сайтынан таба аласыз. Конференция сайты негізгі ақпараттық ресурс болып саналады. Сайт арқылы қатысушылар мен қонақтар өтінім беру үдерісімен, конференцияның негізгі спикерлері мен бағыттары туралы ақпаратпен таныса алады.



Конференция деректері:

16 ел және 3 халықаралық ұйым атынан халықаралық сарапшылар қатысты.

222 спикер презентацияларымен таныстырып, сөз сөйледі.

47 сағаттық пайдалы контент.

15 телестудия және 50-ден астам техникалық қолдау көрсетуші маман конференцияның тікелей көрсетілімін қамтамасыз етті.

Конференция қосымшасына 8264 адам тіркелді.

Қосымшаның чаттары арқылы 11113 хабарлама, сұрақ келіп түсті.

Конференция шеңберінде:

4 пленарлық отырыс,

16 шеберлік сабақ,

10 сараптама сессиясы,

мұғалім-практиктердің 9 сессиясы,

3 симпозиум,

1 тақырыптық алаң ұйымдастырылып өткізілді.

Қатысушылардың конференция туралы пікірлері

Қорытынды сауалнамаға қатысқан конференцияға қатысушылардың 97,4%-ы конференция аудиторияның зияткерлік дамуына ықпал етті деп санайды.

Респонденттердің 98,6%-ы қамтылған тақырыптардың ауқымы мен алуан түрлі екенін, сондай-ақ спикерлердің жан-жақты кәсіби тәжірибесін атап өтті.

Респонденттердің 97,5%-ы қосымшаны пайдалану кезінде нетворкинг мүмкіндіктерін бағалады.

Конференция барысында көп қаралым жинаған 3 іс-шара («Таңдаулыларға» қосылған және чаттарда талқыланған саны бойынша):

- 1-пленарлық отырыс. «Оқытуды дәл қазіргі уақытта түрлендіру: мектеп пен отбасының рөлі».

- 3-пленарлық отырыс. «Инновациялық білім беру мәдениеті — қазіргі қоғамдағы өзгерістер факторы».

- Мэри Жан Галлахердің «Орта мектептегі жетістік, оқыту мен әл-ауқат: шындыққа қалай айналдыруға болады?»



Айнур Едильбаева

Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ ҮЛКЕН РАХМЕТ. Осы конференция аясында үлкен және құнды да озық іс-тәжірибелермен өз қоржынымды толтырып, кәсіби біліктілігімді жетілдіруге мотивация алып, маңызды ақпараттармен сусындадым. **БАРЛЫҚ СПИКЕРЛЕРГЕ, ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРҒА ҮЛКЕН АЛҒЫС АЙТАМЫН. ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ТҮРЛІ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ӨЗ ОҚУШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІНЕ САЙ ҚОЛДАНУҒА МҮМКІНДІК АЛДЫҚ. 21 ғасыр дағдыларын оқушы бойына сіңіру арқылы бәсекеге қабілетті тұлға даярлауға үлкен көмек бердіңіздер**



12 ноября 22:01



Дина Аубакирова

НЗМ мектептері мемлекетіміздегі білімі ең мықты мектептердің тізгінін ұстап тұр. Мұндай ауқымды халықаралық іс-шара - конференцияны жылдан жылға ұйымдастырып жүр екен. Биылғы жылғы конференцияның ерекшелігі - бүкіл ел ауқымындағы білім саласына қатысуы бар әр бір азаматтың қатысуына мүмкіндік болды. Конференция әр түрлі маңызды тақырыптарды қамтыды. Қатысушылар саны, спикерлер саны да өте көп. Олардың әр қайсысы осы екі күндік конференцияда өздеріне пайдалы ақпараттар алып, өз білімін көтерді 🍌🍌



12 ноября 23:24



Гульнар Оралбаева

Огромная благодарность организаторам конференции. Спикеры способствовали обновлению полученных ранее нами знаний в преподавании и обучении. Ведь многие из нас педагогов немного подзабыли некоторые технологии в условиях пандемии, не выезжая за пределы школы. Конференция была хорошей встряской мозгов и толчком к инновационным действиям. Спасибо! Было очень полезно и интересно!



12 ноября 17:54



Adela Mae Alguno

I am delighted to be part of this 2-day conference although I was not able to attend to all the discussions because I have classes but I appreciate all the insights I gained from the conference. Thank you for sharing meaningful topics. All the speakers are indeed experts and very competent in their own respective fields. Thanks NIS for this wonderful learning opportunities for all of us. It is refreshing to learn in the midst of pandemic. 🙏 All the best to everyone! Cheers to all! 🍷



👍 3

12 ноября 17:25



Владимир Авдонькин

Спасибо за столь интересные и актуальные выступления! Программа конференции очень насыщенная, разнообразная, масштабная. Столько идей, новых методик и практик.

👍 7

12 ноября 18:34



Эрика Палей

Благодарю организаторов и спикеров научно-практической конференции. Иновационный подход в организации и проведении, качественный контент

👍 8

12 ноября 17:39

- Мұғалімдердің зерттеулері

Зерттеу жүргізу Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің күнделікті тәжірибесіне енген. Lesson study және Action research зерттеу тәсілдері педагогикалық тәжіри-

бені жетілдіру құралдары ретінде кәсіби даму мақсатын қою (КДМ), КДМ-ға қол жеткізуге қатысты жылдық шолу кезеңдерінде іске асырылады. Олар әдістемелік бірлестіктердің, шығармашылық зертханалардың жұмысына енгізілген. Зерттеу жобаларының нәтижелері мектеп деңгейінде постерлік сессия форматтарында талқыланады, қалалық және өңірлік білім беру конференцияларында ұсынылады.

Зияткерлік мектеп мұғалімдері өткізетін сабақ пен тәжірибені зерттеу нәтижелерімен таныстыру мақсатында желілік деңгейде жыл сайын «Мұғалім-зерттеуші» журналы шығарылуда. Академиялық шолудың сараптамалық дағдыларын дамыту үшін жыл сайын белгілі бір мектеп кері байланыс, мақалаларды таңдау арқылы талдау жүргізеді. Журналдың алғашқы нөмірін 2017 жылы Ақтөбе қаласындағы НЗМ, 2018 жылы Талдықорған қаласындағы НЗМ, 2019 жылы Шымкент қаласы ФМБ НЗМ, 2020 жылы Қостанай қаласындағы НЗМ және 2021 жылы Тараз қаласындағы НЗМ басып шығарды. Биыл оған зерттеу жобаларының нәтижелері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілген 90 мақала енген. Әр пән мұғалімдерінің сабақ зерттеулерінің, сондай-ақ әртүрлі мектептердегі мұғалімдердің бірлескен жобаларының басым екенін атап өткен жөн. Мысалы:

«Оқу үдерісіне тарту стратегиясын қолдану негізінде биология пәнінің онлайн-сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру», М.С. Михайлова, Е.И. Пашкова, Е.А. Глебова, Петропавл қ. ХББ НЗМ;

«Деректер мен эксперимент мәліметтерін қолдану 7-сынып оқушыларының болу мен аргументтеу дағдыларын қалай дамытады?», С.С. Сатиева, Ж.Ж. Жакенова, М.Б. Кожаметов, Көкшетау қ. ФМБ НЗМ;

«Қашықтан оқытуда онлайн-құралдарды қолдану арқылы 7-сынып оқушыларының талдау дағдыларын дамыту», А.Г. Арыстанова, Н.С. Жұмабаева, Г.М. Шәмшідин, Алматы қ. ХББ НЗМ;

«Тарих сабақтарында жобалап оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушылардың мақсат қою, жоспарлау дағдыларын дамыту», Е.Г. Бектасова, З.С. Калиева, Көкшетау қ. ФМБ НЗМ;

«Математика, физика және ағылшын тілі сабақтарында функционалдық сау-

аттылыққа қатысты тапсырмаларды қолдану арқылы жоғары деңгейдегі дағдыларды дамыту», Г.Б. Ахмедиева, В.В. Кан, Д.К. Уразбекова, Тараз қ. ФМБ НЗМ;

«Кейс-стади әдісін қолдану арқылы оқушылардың ақпарат жинау және талдау дағдысын дамыту», Ғ.К. Есжанова, Тараз қ. ФМБ НЗМ;

«Үдеріс және дағдылар» тәсілінің негізгі идеологиясын қолдана отырып, жоғары деңгейдегі биология және физика пәнінен оқушылардың тәжірибелік дағдыларын қалай жетілдіруге болады?», К.Смол, Д.Уотсон-Смол, К.Лишанлаева, Д.Н. Мырзаев, Е.Қасқарбаев, Тараз қ. ФМБ НЗМ;

«Проблемаға негізделген оқыту әдісін қолдану биология сабағында оқушылардың қорытынды жасау, өз ойын дәлелдеу дағдыларының дамуына қалай әсер етеді?», З.Т. Шахметова, Көкшетау қ. ФМБ НЗМ;

«Дүниежүзі тарихы сабағын WebQuest бойынша өткізудің тиімді тұстары мен кемшіліктері», Г.Х. Куликенова, Алматы қ. ХББ НЗМ;

«А және AS level форматындағы балама тәжірибелік жұмыстарды қолдану 11 «D» сынып оқушыларының деректерді өңдеу дағдыларын дамытуға қалай ықпал етеді?», К.В. Титова, Талдықорған қ. ФМБ НЗМ.



№1 (2017)
Ақтөбе қ. НЗМ



№2 (2018)
Талдықорған қ. НЗМ



№3 (2019)
Шымкент қ. ФМБ НЗМ



№4 (2020)
Қостанай қ. НЗМ



№5 (2021)
Тараз қ. НЗМ

• Халықаралық жобалар
ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар - 2030» жобасы (БББ0)

ДББҰ ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар - 2030» жобасымен байланысты жұмысты жалғастыруда.

«Қазақстанның орта білім беру жүйесінде білім беру инновацияларының үздіксіздігі және таралуы» атты бірлескен зерттеу жобасы бойынша жұмыс жалғасып жатыр. Жобаның зерттеу тобы құрамына Кембридж университетінің білім беру факультетінің, Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебінің ғалымдары, сондай-ақ Назарбаев Зияткерлік мектептерінің зерттеушілері кіреді.

Жоба Қазақстанда орта білім беру реформасын іске асырудың негізгі аспектілерін зерделейді және қазіргі кезде аяқталуға таяу. Ағымдағы жылы Cambridge University Press баспасының кітабын басып шығаруға дайындық жүргізілуде.

• Еліміздің орта білім беру жүйесінде зерттеулер жүргізу

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Атырау облысының әкімдігімен бірлесіп, облыстың орта білім беру жүйесін дамытуға қолдау көрсету жөніндегі жол картасын әзірледі. Осы жоба аясында білім беру саласындағы негізгі проблемаларды анықтау мақсатымен өңірдің 50 мектебінің директорларына, педагог мамандарына, 8-11-сынып оқушылары мен олардың ата-аналарына сауалнама тарату жоспарланды. Осы жоспар негізінде 2021 жылы 4-17 мамыр аралығында сауалнама алу ісі жүзеге асырылды. Сауалнамаға жауап бергендердің үлесі: мектеп директорлары 100% (жалпы саны - 50 адам), педагогтер 77% (4 064 маманның 3 127-сі), 8-11-сынып оқушылары 79% (10 060 оқушының 7 966-ы) және ата-аналар 63% (10 060 адамның 6 370-і).

Сауалнама таратудың басты мақсаты — орта білім беру ұйымдарының мықты және әлсіз тұсын, сондай-ақ өңірде білім беру қызметін көрсету шарттары мен сапасын жетілдіруге байланысты аталған тұлғалардың ұсыныстарын біліп, қажеттіліктерін анықтау. Сауалнамада берілген сұрақтар мектепті басқару, алқалы органдардың қызметі, оқу

үдерісін ұйымдастыру, ғылыми-әдістемелік қызмет, инклюзивті және қашықтан оқытуды іске асыру, мектептегі ахуал туралы мәселелерге қатысты болған. Сауалнама нәтижелері туралы толық ақпарат осы есептің 2-тарауында 50 мектептің зерттеу нәтижелері есебі ретінде берілген.



БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ

5.1

Оқушылардың
оқу жетістік-
теріне монито-
ринг жүргізу

5.2

Критериалды
бағалау жүйесі

5.3

5, 10-12-сынып
оқушыларын
сыртқы жиынтық
бағалау

5.4

Зияткерлік
мектептерді
аккредиттеу

5.5

NIS-PROGRAMME
білім беру бағдар-
ламасын және NIS
сертификатын
тану

5.1. Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу

2021 жылы оқу жетістіктеріне байланысты мониторинг үш бағытта жүргізілді:

- тілдік пәндерге қатысты мониторинг;
- оқушылардың білімі мен дағдыларын дағы олқылықтарды анықтау мониторингісі;
- 14 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалауға арналған тест.

• Тілдік пәндерге қатысты мониторинг Зияткерлік мектеп оқушыларының екінші (қазақ, орыс тілдері) және үшінші (ағылшын тілі) тілді меңгеру деңгейін анықтайды және сөйлеу әрекетінің төрт түрі: «Оқылым», «Тыңдалым», «Айтылым», «Жазылым» бойынша жүргізіледі.

Мониторинг нәтижелеріне қатысты «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» және «Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)» пәндері бойынша оқушылар нәтижелері оқу жетістіктерінің төрт деңгейі («Бастауыш», «Базалық», «Жақсы», «Жоғары») бойынша бөлінеді.

«Ағылшын тілі» пәні бойынша Cito педагогикалық өлшемдер институтымен (Нидерланды) бірлесіп жүргізілген стандарттарды белгілеу шарасының арқасында CEFR дескрипторларына (Common European Framework of Reference – Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі: оқу, оқыту, бағалау) сәйкес, A1 деңгейінен C1 деңгейіне дейінгі меңгерудің 6 деңгейі анықталады.


Оқу жетістіктерінің деңгейлері классикалық (TIA Plus) және заманауи (OPLM) тест теорияларын қолдана отырып, статистикалық өңдеу және психометриялық талдау нәтижелері бойынша белгіленеді.

2021 жылы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясатына сәйкес, мониторинг:

- сәуірде мониторинг өткізу кезінде күндізгі форматта оқып жатқан 18 Зияткерлік мектептің 10-сынып оқушыларына;
- қыркүйекте 19 Зияткерлік мектептің 7-сынып оқушылары арасында жүргізілді.

10-сыныптың 1236 оқушысы арасында жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша оқушылардың жазылым және тыңдалым дағдыларына қарағанда, айтылым және оқылым дағдыларын жақсырақ меңгергені анық байқалды.

2021 жылдың сәуірінде жүргізілген мониторинг нәтижелері, 10-сынып оқушылары




7-сынып оқушылары арасында жүргізілген мониторинг нәтижелерін талдағанда анықталған жоғары көрсеткіштер:

– «Айтылым» - «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)»;

– «Айтылым», «Оқылым» және «Тыңдалым» - «Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)»;

– «Оқылым» және «Тыңдалым» - «Ағылшын тілі».



2021 жылдың қыркүйегінде жүргізілген мониторинг нәтижелері, 7-сынып оқушылары

Зияткерлік мектептерге әрі қарайғы жұмысты ұйымдастыру үшін 30 280 жеке егжей-тегжейлі есеп, динамика туралы 7 570 жеке есеп, сынып және параллельдер деңгейінде 444 егжей-тегжейлі есеп ұсынылды.

• Оқушылардың білімдері мен дағдыларындағы олқы жайттарды анықтауға бағытталған мониторинг

Қашықтан оқыту форматы жағдайында мұғалімдерге уақытылы әдістемелік қолдау көрсету мақсатында 2020 жылдан бастап, оқушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтарды анықтауға бағытталған мониторинг жүргізілуде.

2021 жылғы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясатына сәйкес қаңтар айында 19 Зияткерлік мектептің 10, 10 (ДО М1 бойынша) және 12-сынып оқушыларына, қыркүйек айында 7-12-сынып оқушыларына мониторинг жүргізілді.

Мониторинг жүргізуге 12 пәннен 865 тапсырма (қаңтар) және 13 пәннен 1 615 тапсырма (қыркүйек) әзірленді.

*Мониторинг нәтижелері пәндер мен сыныптар бойынша
(тапсырмалардың орындалуы %-бен), қаңтар*

№	Пән	9+10-сынып	10-сынып	12-сынып
1	Математика	53	53,1	58
2	Қазіргі әлемдегі Қазақстан	-	-	67
3	Қазақстан Тарихы	63	63,7	-
4	Қазақ тілі (Т1)	72	76,3	84
5	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	76	66,3	-
6	Орыс тілі Т1	79	71,4	75
7	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	85	74,6	-
8	Ағылшын тілі	66	55	-
9	Физика	55	41,3	64
10	Биология	81	66	71
11	Химия	66	51	56
12	Информатика	60	65	69

*Пәндер мен сыныптарға қатысты мониторинг нәтижелері
(тапсырмалардың орындалуы %-бен), қыркүйек*

№	Пән	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып	12 сынып
1	Математика	63,2	47,9	34,3	33,6	43,6	41,5
2	Қазіргі әлемдегі Қазақстан	-	-	-	-	-	77,1
3	Қазақстан тарихы	-	45,9	52,5	52,4	-	-
4	Қазақ тілі (Т1)	-	71,1	65,7	76,2	77,7	52,4
5	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	-	49,1	49	46,5	46,5	-
6	Орыс тілі (Т1)	-	78,7	79,3	69	73,2	71,7
7	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	-	83,7	80,8	84,7	91,7	-
8	Ағылшын тілі	-	62	57,8	62,6	-	-
9	Физика	-	43,3	40,6	46,8	44,5	47,8
10	Биология	-	47,3	54,1	55,3	54,4	48
11	Химия	-	63	50,5	47	49,7	45,2
12	Информатика	-	61,4	46,7	49,8	68	60,3
13	География	-	43,3	39,4	45,9	37,9	59

Мониторинг нәтижелері бойынша оқушылардың жауаптары классикалық тест теориясының (TIA Plus) көмегімен статистикалық өңдеуден өтті. Оның нәтижесі, оның ішінде 122 329 жеке есеп, сыныптар мен параллельдер деңгейінде 1450 есеп оқушыларға, қызығушылық танытқан тараптарға ұсынылды.

- 14 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалауға арналған тест

Күнделікті өмірден алынған білім мен дағдыларды экстраполяциялау бөлігінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және қадағалау мақсатымен 14 жастағы оқушылардың математикалық, жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын бағалау үшін тест әдіснамасы әзірленді.

Тестілеу оқушылардың таңдауына байланысты екі рет жүргізілді (сәуірде - 2 747 оқушы, қарашада - 2 578 оқушы). Бұл жайт функционалдық сауаттылығы деңгейлерінде өзгерістерді байқап көруге мүмкіндік берді. Жалпы, оқушылар көрсеткіштерінің төмендеуі байқалды. Бұл жайтты ұзақ уақыт қашықтан оқу форматында білім алумен байланыстыруға болады.

Оқушылардың жауаптары статистикалық өңдеуден өтіп, оның нәтижесі бойынша оқушылар мен мүдделі тараптарға 31 588 жеке есеп, сыныптар мен параллельдер деңгейінде 236 есеп ұсынылды.

Мұғалімдерге тест құрылымын түсіндіру, бағалау құралдарын жіктеу, оқу үдерісінде оқу және есептерді пайдалану жөнінде вебинарлар өткізілді. Сондай-ақ функционалдық сауаттылықты бағалауға арналған тапсырмалар және оларды орындау жөніндегі ұсынымдар, онлайн-тренажерлерді қолдануға рұқсат берілді (<http://assessment.cpi-nis.kz/>).

5.2. Критериалды бағалау жүйесі

Қашықтан оқыту форматымен оқыту барысында оқушылардың оқудағы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі, ең алдымен, оқыту сапасын дер кезінде түзету және қолдау үшін кері байланыс ұсыну тетіктері мен құралдарын тірек етті. Аталған тәжірибе күндізгі оқу форматын қалпына келтіру кезінде қалыптастырушы және жиынтық бағалау рәсімдерін жаңарту және

қайта қарауға негіз болды, атап айтқанда:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының білім алу қызметі ережелері аясында бағалау рәсімдерін реттейтін нормалар;

- «Бағалау» АЖ-дағы бағалау мазмұны (2-12-сыныптардағы пәндерге қатысты жиынтық бағалау спецификациялары, бөлім бойынша жиынтық бағалауға қатысты ұсыныстар);

- MS Teams платформасында бағалауға қатысты үйлестірушілерге арналған тақырыптық кеңес беру алаңдары;

Пәндер, сыныптар және оқыту тілдері аясында бағалаумен байланысты әдістемелік ұсыныстар, 5, 8 және 9-сынып пәндері бойынша тоқсандық жиынтық бағалау спецификациялары әзірленді және жаңартылды (35 құжат).

2020 жылы қашықтан оқытуды жүзеге асыруда ДББҰ жүргізген зерттеу нәтижелері оқушылардың пікірін ескере келгенде, жиынтық бағалауды ұйымдастыруда тапсырмаларды орындауға уақыттың жеткілікті берілмейтінін көрсетті. Осы мәселе бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатымен жиынтық бағалауға жұмсалар уақытты есептейтін онлайн-калькулятор әзірленді. Ол «Бағалау» АЖ платформасына орналастырылып, мұғалімдерге қолдануға рұқсат берілді.

5.3. 5, 10-12-сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалау

Жыл сайын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің түлектері тәуелсіз халықаралық ұйым – Кембридждің халықаралық білім беру мәселелері жөніндегі бағалау кеңесінің (бұдан әрі – КХБМБК) сыртқы жиынтық бағалау емтихандарын тапсырады.

Емтихандар міндетті пәндер мен таңдау пәндері бойынша оқу тіліне қарай қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Бұл емтихандар оқушыларға зерттеу жобаларын, күрделілігі әртүрлі тапсырмаларды (стандарт және тереңдетілген), зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды, эсселер, курстық жұмыстарды және т.б. орындату арқылы математикалық, ғылыми-жаратылыстану, мәдениетаралық, жаһандық, цифрлық сауаттылық пен оқу сауаттылығын тексеруге бағытталған.

Санитарлық-эпидемиологиялық шектелулерге байланысты емтихандар ұйымдастыру және өткізу нормаларын сақтау тәртібіне сәйкес 5 және 11-сыныптарда емтихандар өткізілмейтін болды. Негізгі орта және жалпы орта білім беру жүйесінің бітіруші сыныптары – Зияткерлік мектептердің 10 және 12-сыныптарына арналған емтихандар аймақтық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменттерінің келісімімен және олардың талаптарын ескере отырып өткізілді.

ДББҰ КХБМБК-мен бірлесіп, бүкіл әлем бойынша КХБМБК пайдаланған AS және A-Level стандарттары негізінде 10 және 12-сыныптардағы сыртқы жиынтық бағалау емтихандарының форматы мен мазмұнын бейімдеудің тәсілдерін қарастыратын 2020-2021 оқу жылындағы сыртқы жиынтық бағалау үлгісін әзірледі. Ғылыми-жаратылыстану пәндері емтихандарынан тәжірибелік компонент алынып тасталды. Сондықтан оқу жылында оқушылар эксперимент жүргізу үшін зертханаларды толыққанды пайдалана алмады. 10 және 12-сыныптарда бағалау жүргізудің форматын, мазмұнын мен талаптарын бейімдеу емтихан стандарттарына нұқсан келтірместен, сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерінің дұрыстығын, сенімділігі мен сәйкестігін сақтау қажеттігі ескеріле отырып, жүргізілді. Емтихан материалдарының мазмұнында КХБМБК талап ететін оқу бағдарламаларының мазмұнын қамту деңгейін сақтауға ерекше көңіл бөлінді.


Жалпы алғанда, емтиханды бейімдеудің КХБМБК-мен келісілген тәсілдемесі 12-сынып сертификатын елімізде және шетелде жоғары оқу орындарына түсу үшін пайдалануда түлектерді тең құқықпен қамтамасыз етті.

Сондай-ақ тұрақсыз эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, КХБМБК ПТР нәтижесін шыққанға дейін инфекциялық ауру белгілері бар коронавирус инфекциясымен ауырған оқушыларға, сондай-ақ коронавирус инфекциясымен ауырғандармен байланыста болған оқшауланған оқушыларға сыртқы жиынтық бағалау бағасын шығару және нәтижелерін әрі қарай стандарттау рәсімінің тетігін әзірледі. Айта кетер жайт, барлық оқушы оқу үлгерімінің нақты көрсеткіштеріне негізделген және 12-сынып оқушыларына арналған 2020 жылғы Кембридж халықаралық AS және A-level емтихандарының стандарттарына, 10-сынып оқушыларына арналған 2019 жылғы НЗМ стандарттарына сай бағаларын алды.

10-сынып оқушыларының контингенті – 1 561, 12-сынып оқушыларының контингенті – 2 140 адам. Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтау шараларының арқасында сыртқы жиынтық бағалауды өткізуге дейін және өткізу кезінде оқушылардың 96,7%-ы емтиханды дәстүрлі форматта тапсырды. Мұндай шаралар Нұр-Сұлтан қаласындағы Аттестаттау және Апелляция комиссиясының жұмысын қамтамасыз ету үшін қолға алынды.


Алғаш рет Педагогикалық өлшеулер орталығы E-marker онлайн-тексеру және балл шығару платформасын әзірлеп, сынақтан өткізді. Бұл платформа «Математика», «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)», «Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша 10-сынып оқушыларының емтихан жұмыстарын онлайн-форматта тексеруге мүмкіндік берді.

10-сынып оқушыларының емтихандарының нәтижелерін талдау А* және А бағалары бойынша «Химия», «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» және «Физика» пәндерінен жоғары нәтижелер көрсеткенін, 12-сынып оқушыларының емтихандарының нәтижелерін талдау А* және А бағалары бойынша «Физика», «Химия» және «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәндерінен жоғары нәтижелер көрсеткенін анықтады.




10-сынып оқушыларының нәтижелері пәндер мен біріктірілген әріп бағалары бойынша

Зияткерлік мектептер мен әлемдегі А* және А бағалары бойынша 12-сынып оқушылары емтихандарының нәтижелерін салыстырмалы талдау төмендегі суретте берілген.



12-сынып оқушыларының нәтижелері пәндер мен біріктірілген әріп бағалары бойынша

А* және А бағаларын алған оқушылардың үлесі



Зияткерлік мектептер мен әлемді салыстырғанда, пәндер мен біріктірілген әріп баға бойынша 12-сынып оқушыларының нәтижелері

Емтихан нәтижелері бойынша оқушыларға 9 696 жеке есеп, сыныптар мен параллельдер деңгейінде 219 есеп, оқушылар жауаптарының үлгілері бар 20 жинақ және 2 талдамалы есеп ұсынылды.

5.4. Зияткерлік мектептерді аккредиттеу

2021 жылы Алматы (2), Ақтау, Петропавл, Қостанай қалаларындағы 5 Назарбаев Зияткерлік мектебі Халықаралық Мектептер Кеңесіне (CIS) халықаралық аккредиттеуді (FRPP) алғаннан кейін мектептің прогресі туралы алғашқы аралық есепті дайындап, ұсынды және осы кезеңді аяқтады. Мектептер халықаралық аккредиттеуден өтудің келесі циклына кіргенге дейін FRPP есебін ұсыну міндетті кезең болып саналады. CIS сарапшыларының есептерін бағалау нәтижелеріне қарағанда, Зияткерлік мектептердің аккредиттеудің жоғары халықаралық стандарттарын қолдайтыны және қолда бар тәжірибені жақсартуды жалғастыруға бейімдігі анықталды.

Осы жылдан бастап Назарбаев Зияткерлік мектептері аккредиттелген мектеп мәртебесін растау үшін халықаралық аккредиттеудің екінші циклына өтеді. Зияткерлік мектептерді аккредиттеудің екінші циклының ерекшелігі – сыртқы бағалау рәсімдері CIS халықаралық аккредиттеудің жаңартылған хаттамасымен жүргізіледі.

CIS халықаралық хаттамасы мектепті жүйелі және үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында рефлексия, бағалау және мектеп қоғамдастығын дамыту үшін құрылымдалған әдіснама болып табылады. Жаңа хаттама CIS миссиясы мен көзқарасын көрсететін төрт қозғаушы факторға (драйверлерге) негізделген. Осы төрт фактор мектептің қаншалық тиімді екенін анықтайды:

- өзі мәлімдеген мақсаты мен бағытын іске асырады;
- оқушыларды тиімді оқытуды қамтамасыз етеді;
- оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз етеді және арттырады;
- жаһандық азаматтықты дамытады.

Халықаралық CIS хаттамасында 9 бөлім, 53 стандарт бар, олардың 29-ы негізгі стандарттар болып саналады. Халықаралық аккредиттеуді алу/растау үшін мектеп

барлық негізгі стандартқа сәйкес келуі немесе олардан асып түсуі тиіс.

2 Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері аккредиттелген мектеп мәртебесін растау үшін халықаралық аккредиттеудің екінші циклына өтеді. Сәуір және қыркүйек айларында аталған мектептерде CIS штаттық және тәуелсіз сарапшыларының виртуал форматта бағалау сапарлары өткізілді. Сапар қорытындысына сәйкес мектептер «Қайта аккредиттеуге үміткер» мәртебесіне ие болды. Сарапшылар мектептердің қызметін жоғары бағалап, мындай үздік тұстарын атап өтті:

- мектептер өз тәжірибесін көрсететін жоғары сапалы оқытудың нақты анықтама-сын жасады;

- мектеп басшылығы мектептің ұзақмерзімді, тұрақты дамуына қол жеткізгісі келеді және оның академиялық бағдарламасын үнемі жетілдіруге, нығайтуға ұмтылады;

- мектептің Қамқоршылық кеңесі мектепті қауымдастыққа қосу және оқушыларға мүмкіндік беру бойынша өзінің маңызды рөлдерін орындайды. Мұнысын өздері қолдаған және болашақта қолдайтын жобаларынан байқауға болады;

- мұғалімдер оқушыларды оқу үдерісіне қызықтырады. Сондай-ақ жан-жақты дамыту үшін қолдау білдіріп отырады;

- мұғалімнің оқу әрекеті оқушыларды оқуға және жаңа білім алуға шабыттандырады;

- оқушылардың дауысы мен кері байланысы, сондай-ақ өз болмысын көрсету жақсы қабылданады.

Нұр-Сұлтан қаласындағы халықаралық мектеп бастапқы халықаралық аккредиттеуден өтуде, оған CIS сарапшылары 2021 жылғы сәуірде бағалау сапарымен барды. Қорытындысында мектепке «Аккредиттеуге үміткер» мәртебесі берілді.

Әлеуетті арттыру, халықаралық білім беру саласындағы білімді тереңдету, халықаралық тәжірибені зерделеу үшін ДББҰ және Зияткерлік мектептердің қызметкерлері CIS ұйымдастырған бірқатар іс-шараларға қатысты:

Халықаралық аккредиттеу сарапшыларын даярлау бойынша онлайн-тренинг

2021 жылдың сәуір айында Ақтау, Талдықорған, Қызылорда, Көкшетау және

Нұр-Сұлтан (ХБ) қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 5 басшысы даярлықтан өтті. Бүгінде ДББҰ мен Зияткерлік мектептердің 25 қызметкері - халықаралық аккредиттеу бойынша даярлықтан өткен сарапшылар. Даярлықтан өткен қызметкерлердің ішінде 16 адам CIS-тің Қазақстандағы және шетелдегі командалық сапарларына белсенді қатысады.

Жаһандық CIS форумы

CIS жыл сайын әлемнің 20-дан астам елінен 500-ден астам үздік университет қатысатын әлемнің жоғары оқу орындары мен халықаралық мектептерінің жаһандық форумын (CIS Global Forum on International Admission) өткізеді. 2021 жылы бұл іс-шара арнайы платформада онлайн-форматта өткізілді. Халықаралық кеңістікте NIS-Programme және NIS Grade 12 Certificate танылуын арттыру және үздік шетелдік жоғары оқу орындары желісіне қол жеткізу жөніндегі жұмыс аясында осы форумға 2021 жылғы 16-18 қарашада ДББҰ қызметкерлері спикер ретінде қатысты. Форум қатысушыларына «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (НЗМ) біліктілігі: 2021 жылды қорыту, алдағы 2022 жылға арналған жоспарлар атты презентация ұсынылды. Көрсетілім шетелдік жоғары оқу орындары өкілдерінің қызығушылығын тудырды. Форум аясында әлемнің жетекші білім беру ұйымдарының, мектептердің, университеттер мен колледждердің тану мәселелері жөніндегі баяндамалары, мектептер мен университеттер арасындағы өзара ынтымақтастықты қамтамасыз етуге арналған интерактив виртуал алаңдар ұсынылды.

CIS халықаралық аккредиттеудің жаңартылған стандарттарын түсіндіру жөнінде онлайн-семинар

Мектептерге жаңартылған CIS хаттамасы бойынша халықаралық аккредиттеуден өтуге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында 2021 жылдың 15-16 ақпан аралығында онлайн форматта Халықаралық Мектептер Кеңесінің (CIS) сарапшылары Leo Thompson және Christopher Maggio қатысуымен семинар өтті. CIS сарапшылары Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектептің директорлары және басқа да қызметкерлерімен интерактив форматта жұмыс істеп,

жаңартылған аккредиттеу стандарттарын, жаңартылған хаттама бойынша мектептің өзін-өзі бағалау есебін дайындау ерекшеліктерін, мектептің тиімді жұмысы үшін деректерді қорғау мен киберқауіпсіздіктің маңызын және т.б. талқылады.

5.5. NIS-PROGRAMME білім беру бағдарламасын және NIS сертификатын тану

12-сынып түлегінің сертификатын (NIS Grade 12 Certificate) және «NIS Programme» біліктілігін тану шекарасын кеңейту мақсатында есепті жылы жоғары оқу орындары және ұйымдармен жұмыс жалғастырылды.

ДББҰ қызметкерлері TAICER білім беру бойынша халықаралық құжаттарды бағалау қауымдастығының халықаралық конференцияларында «NIS-Programme білім беру бағдарламасын тану - бәсекеге қабілетті НЗМ түлектеріне оқуды таңдау мүмкіндігін беру» тақырыбы бойынша сөз сөйледі, АҚШ-тың NACAC мансап жөнінде кеңес беру ұлттық қауымдастығының алдында «Оқушылардың мектептен университетке өтуі: Назарбаев Зияткерлік мектептері кейсі (Қазақстан)» тақырыбында баяндама жасады және Халықаралық мектептер кеңесінің жоғары оқу орындарына қабылдау бойынша Жаһандық форумға (CIS Global Forum on Admission International and Guidance) қатысты.

Өткізілген іс-шаралар қорытындысы бойынша 2021 жылы еліміздің екі жетекші жоғары оқу орны Astana IT University және Азаматтық авиация академиясы 12-сынып түлектерінің сертификатын тани бастады. Осылайша, ЖОО-ы Зияткерлік мектептері түлектерін жоғары оқу орнына түскеннен кейін жалпы білім беретін пәндер бойынша кредиттерді (ECTS) қайта тапсыру арқылы бакалавриат бағдарламасы бойынша жеделдетілген режимде оқуға қабылдайтын болады. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша өткен жылдардағыдай түлектердің басым бөлігі оқу нәтижелері танылатын еліміздің жоғары оқу орындарына түсті.

Бакалавриаттың қысқартылған бағдарламаларына қабылдайтын және кредиттерді қайта есептейтін еліміздің жоғары оқу орындарына түскен бітірушілер саны



2021 жылдан бастап NIS-Programme және NIS түлегінің сертифика-
тын Ұлыбританияның, Сингапурдың,
Нидерландының және Қытайдың тағы 16
жоғары оқу орны, соның ішінде QS рейтингі
бойынша үздік ЖОО-на және «Расселл»
тобына (Russel Group-Ұлыбританияның

үздік университеттерінің элиталық бір-
лестігі) кіретін ЖОО-ларда таниды. Бұл
сертификаттар Зияткерлік мектептердің
түлектеріне аталған жоғары оқу орындары-
ның Foundation университеталды даярлық
бағдарламасында оқымай, бірден бакалаври-
аттың 1-курсына түсуге мүмкіндік береді.

Ұлыбритания

1. Эдинбург университеті (University of Edinburgh);
2. Манчестер университеті (University of Manchester);
3. Вестминстер университеті (University of Westminster);
4. Дублин университеттік колледжі (University College Dublin);
5. Ройял Холлоуэй университеті (Royal Holloway University);
6. Эксетер университеті (University of Exeter);
7. Лондондағы Мария ханшайымы университеті (Queen Mary University of London);
8. Уорик университеті (University of Warwick).

Нидерланд

9. Амстердам университеті (University of Amsterdam);
10. Утрехт университетінің колледжі (University College Utrecht);
11. Эразмус университетінің колледжі (Erasmus University College);
12. Маастрихт университеті (Maastricht University);
13. Эразмус университетінің Роттердам менеджмент мектебі (Rotterdam School of Management, Erasmus University).


ҚХР

14. Линнань университеті (Lingnan University);
15. Гонконг білім университеті (The Education University of Hong Kong).

Сингапур

16. Наньян технологиялық университеті (Nanyang Technological University, Singapore).

*12-сыныпты бітірушінің сертификатын мойындайтын шетелдік ЖОО-ға
және ЖОО-ға түскен бітірушілер саны*



Токио халықаралық университеті (Tokyo International University) мен Әзірбайжан дипломатиялық академиясы өзара ынтымақтастық жөніндегі келісімге сәйкес 2022 жылдан бастап, НЗМ түлектеріне арнайы толық және ішінара гранттар бөле бастады.

NIS-PROGRAMME және NIS сертификатын:

- ✓ Қазақстанның 19 ЖОО
- ✓ 26 шетел ЖОО мойындайды





ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

6.1

Оқу үлгерімі
және білім
сапасы

6.2

Халықаралық және респу-
бликалық олимпиадалар,
конкурстар, конференция-
лар және ғылыми-зерттеу
жұмыстары

6.3

Халықаралық
емтихан
нәтижелері

6.4


Жоғарғы оқу
орындарына
түсу

6.1. Оқу үлгерімі және білім сапасы


2020-2021 оқу жылында Зияткерлік мектептерде 15 256 оқушы, оның ішінде 9 573-і (62,7%) қазақ тілінде және 5 683-і (37,3%) орыс тілінде оқыды.

Оқу жылының қорытындысына сәйкес оқушылардың үлгерімі 100%, білім сапасы 97,5% болды. Оқыту кезеңдері бойынша қазақ және орыс тілдерінде оқитын оқушылардың білім сапасы белгіленген стратегиялық көрсеткіштерге сай келеді (бастауыш сынып – 99,1%, негізгі мектеп – 97,7%, жоғары сынып – 97%).

Зияткерлік мектептер оқушыларының оқыту кезеңдері бойынша білім сапасы (2020-2021 оқу жылы), %



Зияткерлік мектеп оқушыларының тоқсан бойынша білім сапасы көрсеткіштерінің өсу динамикасы байқалады (2,9%-ға өскен).



Зияткерлік мектеп оқушыларының тоқсан бойынша білім сапасы (2019-2020 оқу жылы), %

2020-2021 оқу жылында:
– 10-сыныптың 390 оқушысының 296-сы (75,9%) негізгі мектепті үздік бітіргені туралы куәлік алды;

– 12-сыныптың 192 оқушысының 190-ы (99%) жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестатқа ие болды;
– 12-сыныптың 85 оқушысы (100%) «Алтын белгі» иегері атанды.

6.2. Халықаралық және республикалық олимпиадалар, конкурстар, конференциялар және ғылыми-зерттеу жұмыстары

Білім беру сапасының көрсеткіштерінің бірі-оқушының бәсекеге қабілеттілігі, әртүрлі конкурстарға, олимпиадаларға, жарыстарға қатысу кезінде қолданатын білімінің әртүрлі салаларындағы құзыреттілігі.

- Желілік оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ олимпиадаларға дайындық барысында 7-12-сынып оқушылары үшін жылына үш рет желілік оқу-жаттығу жиындарын өткізеді. Тренерлер қатарында Зияткерлік мектеп мұғалімдері, әртүрлі жылдардағы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары болған НЗМ түлектері бар. 2021 жылы оқу-жаттығу жиындары MS Teams, Zoom платформаларында қашықтан өткізілді.

Оқу-жаттығу жиындарының негізгі мақсаттары:

- 1) оқушылардың білімі мен дағдыларын дамыту және тереңдету;

- 2) оқушыларды зияткерлік жарыстарға оқу және психологиялық тұрғыдан дайындау;

- 3) зияткерлік жарыстарға қатысудың нәтижелілігін арттыру;

- 4) ОЖЖ-ға шақырылған үздік отандық және шетелдік мұғалімдермен және ғалымдармен тренерлер ретінде тығыз қарым-қатынас орнату;

- 5) әлеуетті/қабілетті оқушыларды анықтау;

- 6) оқушылардың рейтингісін анықтау, олқылықтарды ескеріп, тренерлерден әрі қарайғы дайындыққа байланысты ұсыныстар алу.

Оқу-жаттығу жиындары Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін де өткізілді, онда мұғалімдер оқушыларды олимпиадаларға дайындау әдістемесімен, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық жұмыспен және күрделі есептерді шешу алгоритмдерімен танысты. 2021 жылы мұғалімдерге арналған оқу-жаттығу жиындары екі апта бойы MS Teams платформасында вебинар форматында өтті: бірінші аптада тренерлер ретінде Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен отандық сарапшылар, екінші аптада – Ресей, Сочи қ. «Лицей «Сириус» ЖДКЕҰ оқытушылары қатысты. Тренерлерге қойылатын негізгі талап – оқушыларды республи-

калық және халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға дайындауда ауқымды тәжірибенің болуы.


- Зияткерлік мектептердің желілік олимпиадаларын және конкурстарын ұйымдастыру

2021 жылғы 22 ақпан мен 3 наурыз аралығында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша желілік олимпиада ұйымдастырылды. Желілік олимпиада – жалпы білім беретін пәндер бойынша жыл сайын өтетін республикалық олимпиаданың үшінші кезеңі. Еліміздегі барлық Зияткерлік мектептің 9-12 сыныптарының 690 оқушысы 15 пән бойынша желілік олимпиадаға қатысты.

Желілік олимпиаданың беделді қазылар алқасының құрамына Зияткерлік мектептердің мұғалімдері, НЗМ түлектері, әртүрлі жылдардағы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары, әлемнің және республиканың үздік университеттерінің студенттері, отандық университеттердің профессорлық-оқытушылық құрамы шақырылды.

Олимпиада қорытындысына сәйкес 216 оқушы жүлделі орындарға ие болды: 1-орын – 40 оқушы, 2-орын – 66 оқушы, 3-орын – 110 оқушы.





Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерден командалық есепте Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі көшбасшы болып танылды.

2021 жылғы 1-6 қараша аралығында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары арасында ғылыми жобалардың желілік конкурсы ұйымдастырылды. Желілік байқау республикалық ғылыми жобалар байқауының кезеңдерінің бірі болып саналады.

Байқау Microsoft Teams платформасында қашықтан өтті. Еліміздің барлық Зияткерлік мектептерінен 300-ден астам оқушы ғылымның 4 бағыты: «Ғылыми-техникалық прогресс экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде», «Экономикалық және әлеуметтік процестерді математикалық модельдеу», «Таза табиғи орта - «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асырудың негізі және «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттар» бойынша 264 жоба ұсынды. Жобалық ғылыми-зерттеу қызметі Зияткерлік мектептердің білім беру қызметінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан ғылыми жобалардың желілік байқауын өткізу дәстүрге айналған. Ал оған қатысу жас зерттеушілерге құнды тәжірибе болмақ.



Байқау қорытындысына сәйкес 108 оқушы жүлделі орындарға ие болды: 1-орын - 23 жоба, 2-орын - 32 жоба, 3-орын - 53 жоба.

Командалық есепте Тараз қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі үздік команда болып танылды.

- 2021 жылы жүлдегерлердің үлесі Зияткерлік мектептердің қатысушы-оқушылардың жалпы санының 75,6%-ы болды.

Олимпиадалар		Инновациялық идеялардың ғылыми сайыстары мен байқаулары		Барлығы		
ҚР	Халықар.	ҚР	Халықар.	ҚР	Халықар.	Барлығы
239	350	211	269	450	619	1 069

• Жыл сайын төменде тізімделіп берілген беделді халықаралық олимпиадаларға қатысу үшін Қазақстан Республикасы құрамасының құрамына кірген Зияткерлік мектептер оқушыларының саны артып келеді:

- Математикадан Халықаралық олимпиада (IMO);
- Математикадан Балқан олимпиадасы (BMO);
- Химиядан Халықаралық олимпиада (ICHO);
- Географиядан Халықаралық олимпиада (IMO);
- Оқушылардың «Туймаада» Халықаралық олимпиадасы;
- Математикадан Балқан олимпиадасы (JBMO);
- Химия пәнінен оқушылардың Менделеев олимпиадасы;
- Информатика бойынша халықаралық олимпиада (IOI);
- Биологиядан халықаралық олимпиада (IBO);
- Физика пәнінен Азия олимпиадасы (ARNO);
- Физика пәнінен Халықаралық олимпиада (IPHO);
- Математикадан Батыс-Қытай олимпиадасы;
- География пәнінен Еуропалық олимпиада (EGeo).

• **2021 жылы Зияткерлік мектептердегі олимпиадалық қозғалыстың жарқын сәттері:**

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің құрама командасы командалық есепте мынадай нәтижелерге жетті:

✓ жалпы білім беретін пәндерден республикалық олимпиаданың қорытындылары бойынша Үздік олимпиадалық команда атағы;

✓ Республикалық ғылыми жобалар конкурсында алтын медаль саны бойынша 1-орын;

✓ Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасының қорытындысында жүлделі орындар саны бойынша 1-орын;

✓ Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша Президенттік олимпиаданың қорытындысында жүлделі орындар саны бойынша 1-орын.



• Ақтөбе және Шымкент қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (ХББ) оқушылары Валеев Рустам мен Тазабек Еркебұлан 2021 жылы Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет география пәні бойынша беделді халықаралық олимпиадада (IGeo) алтын және күміс медаль иеленді.



@OFFICIAL.NIS

РУСТАМ ВАЛЕЕВ

ПОБЕДИТЕЛЬ МЕЖДУНАРОДНОЙ
ОЛИМПИАДЫ ПО ГЕОГРАФИИ IGEO – 2021



@OFFICIAL.NIS

ЕРКЕБУЛАН ТАЗАБЕК

СЕРЕБРЯНЫЙ ПРИЗЕР МЕЖДУНАРОДНОЙ
ОЛИМПИАДЫ ПО ГЕОГРАФИИ IGEO – 2021



Асылбек Олжабаев, Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2021 жылғы түлегі, халықаралық және республикалық математика олимпиадаларының бірнеше дүркін жүлдегері.

2021 жылы Асылбек Ресей, Санкт-Петербург қаласында өткен Халықаралық математика олимпиадасында (IMO) қола медаль иегері болды.

Математика, физика және информатика пәндерінен дәстүрлі Жәутіков олимпиадасы 2021 жылы алғаш рет қашықтан өтті. NIS жүйесінен екі команда қатысты: Павлодар, Талдықорған, Қарағанды және Нұр-Сұлтан қалаларының оқушылары кірген Зияткерлік мектептер құрамасы, сондай-ақ Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы мектеп командасы. Асылбек алтын медаль және I дәрежелі диплом иегері атанды.

• Жалпы білім беретін пәндерден республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша «Үздік олимпиадалық мектеп – 2021» номинациясында төменде берілген Зияткерлік мектептер жүлделі орындарға ие болды:

- **1-орын**, Алматы қ. ФМБ НЗМ,
- **2-орын**, Павлодар қ. ХББ НЗМ,
- **3-орын**, Ақтөбе қ. ФМБ НЗМ,
- **3-орын**, Қарағанды қ. ХББ НЗМ,
- **3-орын**, Шымкент қ. ХББ НЗМ.





• Нұр-Сұлтан қаласындағы халықаралық мектеп пен Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің бастауыш сынып оқушылары «Бастау» республикалық жас математиктер турнирінің командалық есебінде 2 және 3-орын алды.




- Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша өткен Президенттік олимпиаданың қорытындысына сәйкес «Үздік олимпиадалық мектеп - 2021» номинациясында Ақтөбе және Нұр-Сұлтан қалаларындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері 2 және 3-орынды иеленді.



Зияткерлік мектеп оқушыларының командалық жетістіктері

- 2021 жылдың қорытындысы бойынша Тараз қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің үздік стартап-командасы, жалпы сомасы 4 736 000 теңге болатын стартап-жобаларды дамытудың грант иегері:

1. Тараз қ. НЗМ оқушылар командасы 2021 жылдың наурыз айында Techstars StartUp Weekend Орталық Азиялық стартап байқауында 2500 доллар ұтып алды.



2. Тараз қ. НЗМ-нің UnApp Space стартап-командасы Орталық Азиялық стартаптар байқауында екінші орынды иеленіп, жобаны дамытуға 2500 АҚШ доллары көлемінде грант ұтып алды. Мектеп құрамасының құрамы: Саяжан Оңласын, Сұлтан Мұстафин, Іңкәр Ибрагим, Камилла Машанло, Еңлік Серпін және Арслан Айменов. Стартап-команданың алдағы жоспарларында қаржыландырудың бірінші раундын тартуға дайындық жүргізілуде.

3. Тараз қ. НЗМ стартап-командасы Назарбаев университетінің HackNU IT-хакатонының жүлдегерлері қатарына енді, наурыз 2021 жыл.

Назарбаев университеті ұйымдастырған дәстүрлі HackNU хакатонының жүлдегерлерінің қатарына Тараз қ. НЗМ стартап-командасы кірді. Команда мүшелері Сұлтан Мұстафин, Азат Қажымұхан және Саяжан Оңласын BTS Digital компаниясының Aitu платформасына өз шешімдерін ұсынып, үшінші орынға ие болып, 100 000 теңге көлемінде сыйлық алды.

HackNU хакатонының қатысушылары Google, BTS Digital, Facebook және Microsoft секілді ірі IT компанияларының бизнес мәселелерін шешті. Тараз қ. НЗМ стартап-командасы 36 сағат бойы үздіксіз бағдарламалаудың ішінде Aitu қосымшасымен кіріктірілетін және пайдаланушыларға тікелей мессенджер ішінде хабарламалар жазысуға мүмкіндік беретін «Цедра» мобильді әлеуметтік қосымшасын әзірледі.

4. Techstars StartUp Weekend жыл сайынғы байқауындағы жеңіс, 12 наурыз, 2021 жыл.

Топ құрамына Саяжан Оңласын, Сұлтан Мұстафин, Іңкәр Ибрагим, Камилла Машанло, Еңлік Серпін, Арслан Айменов, Данияр Егеубай, Азат Қажымұқан, Ақбота Кеңесхан, Әнел Айтмұратова енген Тараз қ. НЗМ құрамасы жобаларын дамытуға 1000 АҚШ доллары көлемінде грант алды. UnApp Space стартап-жобасы 2021 жылдың 12 наурызында жыл сайын өткізілетін Techstars StartUp Weekend конкурсында жеңіске жетті. UnApp Space - автоматтандырылған режимде шетелдік жоғары оқу орындарына түсуге дайындалуға арналған платформа.

Конкурстағы жеңіс қазақстандық нарықта ірі EdTech компаниясын құруға бағытталған оң қадам болып саналады.

5. SMZNack 2.0 халықаралық хакатонындағы жеңіс, 21 сәуір 2021 жыл.

Азат Қажымұхан, Саяжан Оңласын — Тараз қ. ФМБ НЗМ-нің стартап-командасы мүшелері, 2021 жылы 21 сәуірде Wallet One халықаралық төлем сервисі, Наймикс электрондық алаңы, Ресейдің өзін жұмыспен қамтығандар одағы және бизнесті цифрлық трансформациялау жөніндегі сарапшылар ұйымдастырған халықаралық хакатонда өздерінің бағдарламалау жобасын ұсынып, 100 000 (600 000 теңге) ресей рублі көлеміндегі грантқа ие болды. Халықаралық хакатонның мақсаты - стартап жобаларды дамыту және өзін-өзі жұмыспен қамту саласына қолдау көрсету. Осы SMZNack 2.0 онлайн хакатонында 55 қала мен ТМД елдерінен түскен 270 өтінім қаралды.

6. «Hackathon </beCoder> 2021» онлайн-хакатон жеңімпаздары, сәуір 2021 жыл.

Саяжан Оңласын, Сұлтан Мұстафин, Данияр Егеубай, Азат Қажымұхан — Тараз қ. ФМБ НЗМ-нің стартап-командасы мүшелері, Санкт-Петербург Политехнологиялық университетінің 2021 жылы сәуірде ұйымдастырған «Hackathon </beCoder>» онлайн хакатонына бизнес-жобасын ұсынып, 20 000 ресей рублі (120 000 теңге) көлемінде грант ұтып алды. Халықаралық хакатонда оқушыларға бизнес-кейс берілді және олар 36 сағат ішінде осы кейстің моделін бағдарламалап, ЖОО студенттерімен сайысқа түсті. IPONWEB — жобаның ірі серіктестерінің бірі Front-End бағытын: «JavaScript және TypeScript: бұлт функцияларына кіріспе және RxJS + Angular реактивті бағдарламалауды» ұсынды.

7. ENACTUS KAZAKHSTAN мектеп кәсіпкерлігі республикалық чемпионатының жеңімпаздары, 21 маусым 2021 жыл.

National Expo 2021 мектеп кәсіпкерлігінің II Республикалық чемпионатында Тараз қ. ФМБ НЗМ-нің стартап-командасы: Саяжан Оңласын, Сұлтан Мұстафин, Азат Қажымұхан өздерінің үш тілде бағдарламалауды оқыту интерактив платформасы «Crepiks Academy» стартап жобасын таныстырып, Гран-приді иеленіп, 1 000 000 теңге көлемінде грант ұтып алды.



8. Girls Power және National Alumni қорының қолдауымен әлеуметтік мәселелерді шешу жөніндегі республикалық хакатон, 2021 жыл қазан.

Тараз қ. ФМБ НЗМ-нің стартап-командасы: Машанло Камилла, Ибрагим Іңкәр, Оралбек Інжу-Маржан, Жақсылық Аружан Girls Power және National Alumni қорының қолдауымен әлеуметтік мәселелерді шешу жөніндегі республикалық хакатонда 100 000 теңге көлеміндегі грантты жеңіп алды. 2021 жылдың 9 қазанында «Дизайн-ойлау» курсының соңында команда әлеуметтік мәселелерді шешу жөніндегі офлайн-хакатонға қатысты. Хакатон нәтижелері бойынша NIS Power AIKI Team командасы 3-орын алып, идеясын іске асыру үшін 100 000 теңге көлемінде қаржы берілді.

9. Тараз қ. ФМБ НЗМ-нің стартап-командасы 2021 жылы қарашада Enactus Ұлттық кубогы аясында өткен «Жарқын жақта өмір сүр!» студенттердің цифрлық жобалары республикалық конкурсында 2-орын алды. Алғаш рет жүлдегерлер қатарына Камилла Машанло, Іңкәр Ибрагим, Ақбота Кеңесхан және Саяжан Оңласын тобынан тұратын Тараз қ. НЗМ құрамасы енді. Оларға болашағы зор «UnApp Space» стартапы үшін цифрлық стартап-жобаларды одан ары дамыта түсуге 500 000 теңге мөлшерінде қаржы берілді.

«UnApp Space» платформасы түлектерге жоғары оқу орнына түсуге дайындалуға көмектеседі: пайдаланушы UnApp-қа кіреді және жүйе оның профилі мен оқу мақсаттарын анықтай отырып, университеттердің оңтайлы тізімін шығарады. Бұдан әрі пайдаланушы осы жоғары оқу орындарының студенттері жасаған материалдарды қарап, өтінім беруге дайындалады.



10. Тараз қ. ФМБ НЗМ-нің оқушылары Данияр Егеубай, Сұлтан Мұстафин, Арслан Айменов ХАТУ университетінің IT Fest фестивалінде стартап-жобаларына 250 000 теңге грант ұтып алды. IT Fest - «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2011 жылдан бері тұрақты өткізіліп келе жатқан Hackday фестивалінде IT-қоғамдастықты қайта ретке келтіру шарасы.



<https://inbusiness.kz/ru/last/bolee-2-mln-tenge-sostavlyayet-prizovoj-fond-respublikanskogo-it-hakaton>


World Robot Olympiad 2021 Ұлттық чемпионатын ұйымдастыру

Қазақстандағы World Robot Olympiad ұлттық үйлестірушісі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы жыл сайын өңірлік жарыстар мен WRO ұлттық чемпионатын ұйымдастырып отырады.

- Олимпиадалар өзекті инженерлік-техникалық міндеттерді практикалық тұрғыдан шешудің шығармашылық қабілеттері мен дағдыларын дамытуға, ғылыми-техникалық қызметке қызығушылықты арттыруға, ақпараттық технологиялар саласындағы кәсіптердің беделін көтеруге бағытталған.

WRO-2021 чемпионатының басты тақырыбы - «PowerBots»: жасыл экономика болашағын қалай құру керек, жаңартылатын энергияның жаңа көздерін құру, экологиялық жауапкершілік қалыптастыру. Жас робот техниктері Regular, Open, Future Engineers

категориялары деңгейінде шығармашылық топтарында және жас ерекшелігі бойынша жекелген топтарда нақты тапсырмалар орындады.



WRO ұлттық кезеңінде қырық команда шықты, олардың әрқайсысы өңірлік іріктеу турларында табысты өнер көрсетті. Онлайн формат жас робот техниктерінің ықыласын, жасампаздығын, үздік дайындығы мен жеңіске деген ұмтылысын арттыра түсті.

Негізгі кіші санатта Алматы қаласының «Ақ Ниет» жеке бастауыш мектебінің MagicKris командасы: Кристина Киселева, Марк Бирюков, Петр Мороз және бапкер Олег Киселев жеңімпаз атанды. Олар энергия тұтынуды азайтатын ақылды үйдің ең жақсы шешімін ұсынды.

Негізгі орта санатта чемпион титулын Алматы қаласындағы «Lessons.kz» оқу орталығының A and B командасы жеңіп алды. Арьяна Қадырова мен Бернар Бердалиевтың (тренер Әйгерім Еркабаева) роботтары олимпиадалық жылдамдықпен гибриді электро-мобильдерді қуаттайтын аккумуляторлар таратты.

Негізгі жоғары санаттағы командаларға тұрғын үйлерді жаңартылатын көздерден алынатын электр энергиясымен жабдықтау, аккумуляторларда артық энергияны сақтау тапсырмасы берілді. Бұл санатта Назарбаев Зияткерлік мектептерінің өкілдеріне тең келер ешкім болған жоқ. Алматы қ. ХББ НЗМ-нің «Vector» командасындағы Шыңғысбек Балғабай мен Әлтайыр Жамбыл (тренер Ясынжан Шакан) үздік нәтиже көрсетті.

WeDo негізгі категориясында қатысушылар барынша шынайы құрастырылған күрделі мәселелерді шешті. Командалар

орман өрттерін сөндіретін және адамдарды қауіпсіз жерлерге эвакуациялайтын роботтар жасады. Содан кейін өртенген ағаштардың орнына жаңа ағаштар отырғызды. Бұл тапсырманы Орал қаласындағы «Jaiq school» робот техникасы және бағдарлама-лау мектебінің Jaiq 3 командасының өкілдері Даниель Талғатов пен Ерасыл Хайдар үздік орындады (тренер Есенғали Қайсар).

Кіші шығармашылық санатында Халықаралық робот техникасы академиясының LegoMozg командасынан Даужан Бекетов пен Кирилл Островский (Tom Noah тренер) күн панелі және жел турбины бар ақылды электр станциясын жасады. Жаңартылатын энергия көздерінің тиімділігін арттыруға бағытталған жоба авторлары жеңімпаз танылды.

Физика-математика бағытындағы астаналық Зияткерлік мектептің NG-PHOTOBIO командасынан Әмина Рахымбергенова, Алдияр Пазылов және Дәулет Мұханов (тренер Бақытгүл Қажыкенова) аморфты балдыр өсімдігінен биоотын алу үшін жасанды интеллект қағидатымен жұмыс істейтін робот жасап шығарды. Олар жоғары шығармашылық санат жеңімпаздары ретінде аталды.

Белгілі бір санат бойынша үздік танылған командалар 2021 жылдың қараша айында онлайн-форматта өтетін WRO-2021-дің әлемдік кезеңіне қатысуға жолдама алды. Қазылар алқасының құрамына енген әлемдік робот техникасының беделді мүшелері өз елдерінде қашықтан жұмыс істейді деп жоспарлануда.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі робот техникасы бойынша ұлттық чемпионаттың жеңімпаздары World Robot Olympiad 2021 олимпиадасында Қазақстанды таныстыру құқығына ие болды. World Robot Olympiad (WRO) – Дүниежүзілік роботтар олимпиадасы, 10-19 жас аралығындағы 6-11-сынып оқушыларының арасындағы сайыс.

Зияткерлік мектептердің ғылыми, зерттеу жобалары мен іс-шаралары

- Мерейтойлық X Наурыз кездесулері.



Тура он жыл бұрын Наурызда алғаш рет «Математика және физика» кездесуі болған еді. Сол кезден бастап ғылыми жобалар конкурсының тарихы басталды.

Жыл сайын өткізілетін кездесу дәстүр бойынша ғылымдағы стратегиялық басымдықтарға, яғни күн тәртібінде тұрған жаһандық мәселелерге арналады. 2021 жылғы X Наурыз кездесуі «Планета және пластик: адамзат экомәдениеті» тақырыбында өтті және Жер шарының жасыл болашағына арналды. Тақырыптың өзектілігін аты аңызға айналған National Geographic фотографы Мэнди Баркердің мұхиттардың пластикпен ластануының фотомониторингісі айшықтай түсті.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты бағдарламаға және кездесуді ұйымдастыру іс-шараларына түзету енгізуге тура келді. Жас ғалымдар ZOOM және Youtube платформаларын пайдалана отырып, қашықтан жүздесті. Дәстүрлі конкурс орнына тақырыптық вебинарлар мен тренингтер ұйымдастырылды. Осы ретте Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру институтының ғылыми қызметкері, Сәтбаев университетінің робот техникасы және автоматиканың техникалық құралдары кафедрасында жұмыс істейтін қауымдастырылған профессор, PhD Азамат Ешмұхаметовтың жетекшілігімен экороботтар жасау бойынша жүзеге асырылған командалық жұмыс жиында талқыланды басты тақырыптардың бірі болды.

Спикерлердің көпшілігі күн сайын пластик қалдықтар және ғаламшарды сақтау жөніндегі практикалық мәселелермен айналысатын отандық экологиялық құрылымдар атынан сөз сөйледі.

Наурыз кездесуіндегі «Пластиктің екінші өмірі» экологиялық челленджі басты оқиғалардың бірі болды: еріктілер қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жаратуға байланысты сәтті жобаларды іске асырып, оң нәтижелерге жетті. Павлодар қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары 1500 келіге жуық пластик қақпақ жинады. Нәтижесінде 170 000 теңгеден артық қаржы тауып, кішкентай Артем Шемякинді емдеу қорына аударды.

Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушылары Виктор Кахно мен Валерия Кимнің ойынша, қайта өңделген пластик адамға екінші рет «өмір сыйлап», жануарларды құтқарып, табиғатты сақтауға септігін тигізеді. «Артыңа жақсы іс қалдыр!» жобасы арқылы жас робот техниктері пластикті қайта өңдеу мен кәдеге жаратудың баламасын ұсынды. Адамдарды пластик жинауға ынталандыру мақсатымен оқушылар бөтелке қабылдайтын роботтандырылған терминал ойлап тапты. Оның басты ерекшелігі – терминалға салынған әр пластик бөтелкенің өтемі ретінде автомат иесіз қалған жануарларға тамақ береді. Терминалдың ішіне объектіні анықтай алатын және қоқысты бастапқы сұрыптаудан өткізе алатын нейрондық желісі бар компьютер орнатылған. Жиналған пластик пен басқа да қоқыстар қайта өңдеуге жіберіледі.

- Атырау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде күн станциясы ашылды.



2021 жылдың қазан айында Атырау қаласындағы химия-биология бағытын дағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде күн станциясы пайдалануға берілді. Бұл – ДББҰ

мен Шелл компаниясының «Күн энергиясы – мектептерге» бірлескен жобасы аясындағы төртінші фотоэлектрлік жүйе. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, Астана қаласының әкімдігі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы және «Шелл» компаниясы арасындағы меморандум арқылы жүзеге асуда.

Қазіргі уақытта күн фотоэлектр жүйелері Нұр-Сұлтан, Ақтау және Орал қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде орнатылған. Сондай-ақ Түркістан қаласындағы жаңа Зияткерлік мектебінде де күн станциясының құрылысы жоспарлануда.

Электр станциясының жалпы ұзындығы 73 метр, күн батареялары 13 блокқа бөлінген, олардың арасында спорттық іс-шаралар кезінде көрермендерге ыңғайлы болу үшін екі сатылы мінбелер қарастырылған. Күн жүйесі мектептің жылдық энергия тұтынуын 30%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

«Күн энергиясы – мектептерге» жобасы – экологиялық әрі білім беру жобасы. Ол жасыл экономика идеясын таратуға, жаңартылатын энергия көздерін енгізуге, экологиялық мәдениет қалыптастыруға және STEM-білім беруді дамытуға бағытталған. Бұл жобаны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен энергетикалық және білім беру компанияларының ынтымақтастығы ретінде қарастыруға болады.

- Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығы шеңберінде NIS экологиялық клубтарын біріктіретін «Eco Jeli» жаңа жобасының іске қосылуы, 9-10 желтоқсан 2021 жыл. «Eco Jeli» желісін құруға Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептің эоклуб мүшелері бастамашы болған.





Іс-шараның тұжырымдамасы елдің экологиялық проблемаларын ашып көрсетеді. Адам іс-әрекеті мен күн көрінісіне, жалпы, тіршілігімен байланысты барлық сала экологиялық проблемалармен бетпе-бет келіп отыр.

«Есо Jeli» жобасы басқа мектеп оқушыларымен қарым-қатынас орнатып, бірлесіп жұмыс істеу, тәжірибе алмасу, іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру арқылы экоклубтардың жұмысын жүйеге келтіру және тиімділігін арттыру арқылы экологиялық проблемаларды шешу қызметін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Аталған іс-шара аясында «ECOhack NIS» Зияткерлік мектептерінің стартап-командалары арасында «Тамақ. Су. Энергия» экохакатоны басталды. Оны мектеп экоклубтарының үйлестіруші-мұғалімдері мен стартап-команда тренерлері өздері әзірлеген тренингтермен ашып берді. Қатысушыларға экология, краудфандинг, стартап-жобаларды іске асыру үдерістерін түсіндіретін, Зияткерлік мектептердің стартап-командаларына әлеуметтік жобалауды дамытуға арналған танымал сарапшылардың менторлық сессиялары мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Сабақ барысында стартап-командалар менторлармен сөйлесіп, жоба идеялары жөнінде кеңесуге мүмкіндік алып, одан әрі дамыту бағытын айқындады.

2021 жылы 9 желтоқсанда Eco Network платформасының мүшесі табысты экоактивист және бизнес-тренер Анна Гударзи, сондай-ақ қазақстандық краудфандинг платформасын әзірлеуші Азиза Өтегенова Start-time.kz. вебинарлар барысында шағын бюджетті стартаптарды дамыту жөнінде кеңес беріп, экологиялық кәсіпкерліктің басқа да аспектілерін ашып көрсетті.

2021 жылы 10 желтоқсанда қатысушылар танымал спикерлермен жүздесті:

– Лондонда MSc Process Systems саласы бойынша білім алған, қоршаған ортаны қорғау технологиясы саласында PhD кандидаты, Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы төрағасының кеңесшісі Әділ Жармұхамбетовпен кездесті. 2019 жылы «Ел үміті» жобасы бойынша салалық менеджерлер командасын басқарған ол командасының бес мүшесімен бірге Экология министрлігінің су ресурстары департаментіне ақысыз негізде идеялар негізін, жобалар мен сараптамалар әзірлеген;

– «Есо Jeli» жобасына қосылған, Алматы қаласынан келген танымал экоактивист, Recycle Birge қозғалысының негізін қалаушылардың бірі, «Greenup.kz» қоғамдық қорының директоры Әлия Салменова «Экоерікті. Менің жолым» тақырыбында вебинар өткізді;

– Назарбаев университетінің экология саласындағы PhD кандидаты, халықаралық ғылыми жарияланымдар авторы, Экотренерлер мектебінің, Экологтар мектебінің, «Жасыл Драйвер» эконоесшілер мектебінің сарапшысы, «Жаңа бастаушыларға арналған саналы тұтыну» курсының авторы Вероника Дашковамен «Қазақстан көлдерінің сұлулығын сақтайық» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Қатысушылар Қазақстанның ағынсыз көлдеріне әсер ететін антропогендік факторлар, климат өзгерісінің әсері, гидробиологиялық қауымдастықтар және фитопланктон құрылымын зерттеудің жаңа әдістері, өзгерістерді талдау және болжау мақсатымен көлдерге мониторинг жүргізу туралы ақпараттарға қанықты.

– NURIS (Nazarbayev University Research and Innovation System) бизнес-инкубаторының жетекшісі, сертификатталған стартап трекері, Shell NXplorers бағдарламасының сертификатталған фасилитаторы, Манчестер университетінде (Ұлыбритания) "Communications Systems Engineering" мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін, Назарбаев университетінде MBA дәрежесін алған Асылжан Упашева идея, жасампаздық, табандылық секілді табысты стартаптың басты қағидаттарын атап өтіп, маңызды мәліметтермен таныстырды.



- Елордалық NIS оқушысы Сәнім Зейінғабыл - Қазақстан Республикасының ресми эко-амбассадоры



Нұр-Сұлтан қаласындағы НЗМ (IB) 12-сынып оқушысы Сәнім Зейінғабыл еліміздің ұлттық деңгейдегі ресми эко-амбассадоры атанды.

Эко-амбассадор - экологиялық бастамалар мен жобаларды дамытуда маңызды рөл атқаратын тұлға. Табиғат пайдаланушыларына экологиялық жобаларды ілгері бастыру, экологиялық сананы дамыту, күнделікті өмірде экологиялық қағидаттарды сақтауға қолдау көрсету секілді ерекше міндеттер жүктелген.

Сәнім мектептегі экологиялық клуб жетекшісі бола отырып, қозғалыс жұмысын дамытып жандандыру ісін қолына алады. 2021 жылы әлемнің бес елінен келген 400-ден астам өкіл қатысқан «Экологиядағы өмір» Халықаралық жазғы эко-мектебінің жетекшісі әрі команда көшбасшысы болды. Сәнім Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептің Эко-клубы мен Америкалық мәдениет бұрышы бірлесіп ұйымдастырған атаулы Жер күні мерекесін атап өтуге арналған республикалық экохакатонында да осыған ұқсас жобалар жасады.

6.3. Халықаралық емтихан нәтижелері

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 12-сынып оқушыларының ағылшын тілін меңгеру деңгейін, сапасын анықтау мақсатымен жыл сайын International English Language Testing System (IELTS) халықаралық емтиханы алынады.

2021 жылы барлық Зияткерлік мектепте 23 қазан мен 6 қараша аралығында санитарлық-дезинфекциялық және эпидемияға қарсы іс-шаралар ескеріле отырып, дәстүрлі жазбаша форматта IELTS емтиханы өткізілді.

IELTS емтиханына барлық зияткерлік мектептің 12-сыныптарының 2455 оқушысы қатысты. Желі бойынша IELTS-тің орташа балы 6,5 балл болды.

Мектептердің IELTS халықаралық емтиханын тапсыру нәтижелері

№	Зияткерлік мектеп атауы	Емтиханға қатысушылар саны	Жалпы орташа балл
1	Нұр-Сұлтан қ. ФМБ	144	6,7
2	Көкшетау қ. ФМБ	109	6,7
3	Алматы қ. ФМБ	139	7,0
4	Орал қ. ФМБ	119	6,7
5	Өскемен қ. ХББ	99	6,5
6	Шымкент қ. ФМБ	142	6,4
7	Қарағанды қ. ХББ	132	6,5
8	Қостанай қ. ФМБ	84	6,4
9	Семей қ. ФМБ	130	6,4
10	Ақтау қ. ХББ	122	6,1
11	Ақтөбе қ. ФМБ	158	6,3
12	Алматы қ. ХББ	155	6,5
13	Шымкент қ. ХББ	141	6,3
14	Нұр-Сұлтан қ. ХБ	128	7,0
15	Павлодар қ. ХББ	104	6,7
16	Петропавл қ. ХББ	121	6,1
17	Атырау қ. ХББ	140	6,1
18	Қызылорда қ. ХББ	109	6,2
19	Талдықорған қ. ФМБ	99	6,1
20	Тараз қ. ФМБ	88	6,4
БАРЛЫҒЫ		2 455	6,5

2021 жылғы нәтижелерді талдау нәтижесінде Зияткерлік мектеп оқушыларының 58,3%-ы 6,5 және одан жоғары балл, 35,9%-ы 7 және одан жоғары балл жинағаны анықталды.

Нұр-Сұлтан (ФМБ және ХБ), Өскемен, Семей қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 5 оқушысы ең жоғары – 8,5 балл жинады.

Scholastic Assessment Test (SAT) халықаралық емтиханы

Жетекші шетелдік университеттерге

түсу үшін Зияткерлік мектептердің түлектері SAT халықаралық емтиханын тапсырады, онда оқушылардың жоғары оқу орындарында оқуға қажетті академиялық қабілеті тексеріледі.

2020-2021 оқу жылында 12-сыныптың 611 оқушысы SAT1 тестін тапсырды және 1281 балдық орташа нәтиже көрсетті (бүкіл әлем бойынша тест тапсырғандардың 89%-ынан жоғары). Зияткерлік мектептердің 170 оқушысы SAT2 пән тестіне қатысып, мынадай нәтижелер көрсетті:

Оқу жылы	12-сынып оқушыларының саны	SAT 2 тестін тапсырды	SAT 2 (әр пән бойынша ең жоғары балл 800)				
			Мат 1	Мат 2	Физика	Химия	Биология
2020-2021	2 305	170	712	717	686	701	678

Сонымен қатар Зияткерлік мектептердің 25 оқушысы SAT (дәлелді оқылым және жазылым, Математика) тесті бойынша 1500 және одан жоғары балл жинады, ал 15 оқушы SAT пәндік тестінде екі және одан да көп пәндер бойынша ең жоғары балл (800) жинады.


6.4. Жоғарғы оқу орындарына түсу

2020-2021 оқу жылында 20 Назарбаев Зияткерлік мектебін 2 305 түлек бітірді. Олардың көпшілігі (1716 адам – 74,4%) Қазақстанның жетекші жоғары оқу орын-

дарына түсті, оның ішінде 677-сі (29%) Назарбаев университетіне бакалавриат және университет алдындағы даярлық Foundation бағдарламаларына оқуға түсті. Қалған 560-ы (24%) шетелдік жоғары оқу орындарын таңдады.

Жалпы, 98,7%-ы жоғары оқу орындарына түсті, олардың 94,3%-ы еліміздің және шет елдің мемлекеттік, университеттік гранттарын ұтып алды. Түлектердің 1,3%-ы ЖОО-ға түрлі себептермен (академиялық демалыс, ауырып қалу, тілдік курстарға түсу, қайтыс болу себебінен) түскен жоқ.

Зияткерлік мектеп түлектерінің оқуға түсуі, үлесі



Төменде Үздік-10 немесе Зияткерлік мектеп түлектері түсуге тілек білдіретін еліміздегі ең танымал жоғары оқу орындарының тізімі берілген. Аталған жоғары оқу орындарының рет саны біраз жыл бойы өзгеріссіз қалып келе жатқанын атап өткен жөн. Тізімдегі ЖОО-ларды 90%-дан астам түлек таңдаған.



2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша, 6 түлек «Айви лигасы» университеттеріне оқуға түсіп, гранттарын ұтып алған. Бұл лига АҚШ-тың ең көне 8 жоғары оқу орнын біріктірген әлемдегі танымал университеттер бірлестігі болып саналады:

– Талдықорған қаласындағы ФМБ түлегі Ертанатов Сезім Назарұлы Гарвард университетіне (Harvard University);

– Нұр-Сұлтан қаласындағы НЗМ (ХМ) түлегі Жаныбекова Дина Маратқызы және Нұр-Сұлтан қ. ФМБ НЗМ түлегі Оспанова Шырын Айдосқызы Пенсильвания университетіне (University of Pennsylvania);

– Утеулиева Бақыт Маратқызы Корнелл университетіне (Cornell University);

– Тараз қ. ФМБ НЗМ түлегі Құлжанов Дамир Ермекұлы және Қарағанды қ. ХББ НЗМ түлегі Симбинова Сабира Самалқызы Браун университетіне (Brown University) оқуға түсті.


Нұр-Сұлтан қ. НЗМ түлегі Уркумбаев Эльдар Эркинович Массачусетс технологиялық институтының (Massachusetts Institute of Technology) грантын ұтып алды, Алматы қ. ФМБ НЗМ түлегі Камалова Дильназ Ялкунжановна Станфорд университетіне (Stanford University) оқуға түсті. Аталған жоғары оқу орындары 2020 жылдың қорытындысына сәйкес әлемнің 84 еліндегі 1000-нан астам жоғары оқу орындарының арасында QS халықаралық рейтингісі бойынша 1 және 2 орынға тұрақтаған.

78 түлек халықаралық QS рейтингісіндегі топ-100 қатарындағы университеттерге оқуға түскен.

2010 жыл және 2021 жыл аралығында 18 түлек «Айви лигасы» университеттеріне, 432 түлек QS рейтингісі бойынша топ-100 қатарындағы университеттерге оқуға түскен.

560 түлектің арасында ең танымал елдердің ішінде жақын және алыс шет елдері бар.

2020-2021 оқу жылында түлектер арасында шетелдің ең танымал жоғары оқу орындары, үлесі





ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ АШЫЛУЫ

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында, 2021 жылы 26 қарашада Түркістан қаласында химия-биология бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» филиалы ашылды.

Білім беру мекемесінің ашылу салтанатына ҚР премьер-министрі Асқар Мамин мен Өзбекстан үкіметінің басшысы Абдулла Арипов қатысты. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Назарбаев университетінің президенті Шигео Катсу мектеп оқушылары мен мұғалімдерді ашылу салтанатымен құттықтап, Назарбаев Зияткерлік мектебінің бүкіл өңір үшін маңызы мен рөлін ерекше атап өтті. NIS жүйесінің стандарттары бүгінде ЭЫДҰ тарапынан танылып, PISA нәтижелерімен расталып отыр.



https://baigenews.kz/news/v_turkestan_otkryli_nazarbaev_intellektualnuyu_shkolu/

Мектеп 720 оқушыға арналған, басқа қалалардан келген балаларға арналған 120 орындық жатақханасы бар.

Мектепті ғимаратын жобалауда оқуға арналған, көмекші бөлмелер және ақпараттық кеңістіктерге ерекше мән берілген. 70 оқу кабинеті, психология кабинеті және психологиялық босаңсуға арналған кабинет, спорт залдары мен алаңдар, медициналық кабинеттер, кең оқу залы бар кітапхана, жеке сабақтарға арналған кабинет, хореография залы, қосалқы үй-жайлар, жылыжай, биология сабақтарына арналған алаң және т.б. оқушылардың толыққанды білім алуына мол мүмкіндік туғызады.

Мектепте Ақпараттық орталық құрылған. Бұл ашық әмбебап аймақ (open space) ретінде құрылымдалған сыныпта Зияткерлік және жалпы білім беретін мектеп оқушылары үшін әзірленген цифрлық білім беру платформалары: NIS Online платформасы, NIS Lab виртуалды зертханасы, «Дрондар лабораториясы» оқу-әдістемелік кешені және т.б. көрсетілетін болады.

• 7-сыныпқа оқушыларды конкурспен іріктеу

7-сыныпқа оқушылар қабылдау 2021 жылы 17 және 18 маусымда қолданыстағы форматқа сай конкурс тәсілімен жүргізілді.

7-сыныпқа конкурс тәсілімен іріктеу форматы

Күні	Тест бөлімі	Тапсырмалар саны	Уақыт (минут)	Ең жоғары балл	Шекті балл	Бірыңғай тестілеудің ең жоғары балы және мектеп, оқыту тілі бойынша бос орындар санына қарай грант бөлу (максимал балл – 1300)
Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді зерделеу қабілетін бағалау тесті						
17 маусым	Математика	40	60	400	140 (35%)	
	Сандық сипаттамалар	60	30	300	120 (40%)	
Тілдік тест						
18 маусым	Қазақ тілі	20	120	200	-	
	Орыс тілі	20		200	-	
	Ағылшын тілі	20		200	-	

Жалпы, 1 705 оқушы өтінім берді, оның 1 584-і ғана конкурсқа қатысты: 1181-і - қазақ тілінде, 403-і - орыс тілінде.

Үміткерлердің жауаптарын талдау қорытындысына сәйкес 909 (57%) үміткер шекті балл жинап, комиссия қарауына жіберілді. Осылайша, бір орынға 4,7 үміткер бақ сынайтын болды. Бұл ретте орыс тілінде оқытатын сыныптарға қарағанда, қазақ тілінде оқытатын сыныптарға конкурстың жоғары (тиісінше бір орынға 5,3 және 3,7 адам) болғанын айтып өткен жөн.

2021 жылғы 23 тамыздағы комиссия отырысының қорытындысы бойынша 192 оқушы грант иегері болды (үміткерлердің жалпы санының 12,1%-ы).

Кешенді тестілеуде үміткерлердің орташа баллы 713 болды (ең жоғары баллдың 54,8%-ы), нәтижесінде Түркістан қаласындағы НЗМ желі бойынша топ-5 мектептің қатарына кірді.

Пәндер бойынша негізінен конкурсқа қайта қатысқан үміткерлер жоғары балл алды:

- математика пәнінен (400 б.) - 12 үміткер;
- сандық сипаттамалар бойынша (300 б.) - 2 үміткер;
- қазақ тілі бірінші тіл ретіндегі пәннен (200 б.) - 9 үміткер;

- қазақ тілі екінші тіл ретіндегі пәннен (200 б.) - 23 үміткер;
- орыс тілі бірінші тіл ретіндегі пәннен (200 б.) - 1 үміткер;
- орыс тілі екінші тіл ретіндегі пәннен (200 б.) - 5 үміткер;
- ағылшын тілінен (200 б.) - 3 үміткер.


• 8, 9-сыныптарға оқушы қабылдауға конкурспен іріктеу

Екі кезеңмен (2021 жылы 22 және 25 маусымда) өткізілген 8 және 9-сыныптарға іріктеуге 2 086 оқушы өтінім берді.

Конкурс тестінің 1-кезеңіне 1 995 оқушы қатысты. 1-кезеңде жалпы баллдың 40%-ын және одан артық пайыз жинаған 1 033 үміткер 2-кезеңге қатысуға жолдама алды. Байқаудың 2-кезеңіне 1 021 оқушы қатысты.


2-кезеңде әрбір пән бойынша 30% және одан артық көрсеткішке жеткен 239 үміткердің жұмысы комиссия қарауына жіберілді. Оның нәтижесі бойынша 168 оқушы грант иегері атанды.

8-сыныпқа оқушыларды конкурстық іріктеу



- Конкурспен іріктеу нәтижелері төменде берілген.
8-сыныпқа оқушыларды конкурспен іріктеу

9-сыныпқа оқушыларды конкурстық іріктеу



9-сыныпқа оқушыларды конкурспен іріктеу

8-сыныпта оқуға талаптанған үміткерлер саны бір орынға 16,3 адамнан, 9-сыныпта бір орынға 8,4 адамнан келді, комиссия қарауына жіберілген жұмыстар арасындағы конкурс бір орынға - 4,4 (8-сынып) және 11,4 (9-сынып) адам болды.

Бірінші кезеңнің максимал балы - 75 балл, екінші кезең - 60 балл.

Конкурспен іріктеуге қатысқан үміткерлердің орташа балы:


- 1-кезең бойынша 8-сыныпта - 30 балл, 9-сыныпта - 30,5 балл;
- 2-кезең бойынша 8 сыныпта - 12,5 балл, 9 сыныпта - 17,3 балл.

• Мұғалімдерді конкурспен іріктеу

2021 жылдың наурыз-қазан айлары аралығында конкурстың 6 рәсімі өткізіліп, оған 795 педагог қатысты. Конкурсқа «Қазақ тілі мен әдебиеті» (124), «Ағылшын тілі» (107), «Математика» (95) пәндерінің мұғалімдері көп қатысса, «Өзін-өзі тану» (14), «Экономика» (5), «Музыка» (3), «Алғашқы әскери дайындық» (1) пәндері мұғалімдерінің аз өтінім бергені байқалды.

Педагог қызметкерлерді іріктеу конкурсының 1-кезеңін өткізу үшін 425 тест тапсырмасы әзірленді. Оның 40-ы контекстік ресурс. Аталған тапсырмалардың барлығы сараптамадан өткізілді.

1-кезеңнің қорытындысы бойынша 180 (23%) кандидат шекті балл жинап, келесі кезеңге өтті.



Конкурспен іріктеуге қатысқан кандидаттар саны
(2021 ж. наурыз - қазан)

Конкурстың 1-кезеңінің нәтижелері бойынша ұсынылғандардың арасында «География» (58%), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (38%), «Ағылшын тілі» (35%) пәндері бойынша жинақтаған балл көрсеткіші

орташа балдан айтарлықтай жоғары болды. «Өнер», «Музыка», «Алғашқы әскери дайындық», «Өзін-өзі тану» және «Экономика» пәндері бойынша үміткерлердің бірде-бірі шекті балл да жинай алмады.



Пән бойынша конкурспен іріктеудің 1-кезеңінің нәтижесі

Түркістан қаласындағы жаңа ашылған Зияткерлік мектепке 795 үміткердің 38-і қабылданды.

- Әдістемелік қолдау көрсету

Мектеп мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында БББО қызметкерлері NIS-Programme негізгі мектебінің пәндері бойынша 22 вебинар өткізді. Вебинарлар барысында мұғалімдер оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын талдады, сабақ өткізу барысын жоспарлауды үйренді.

Оқу, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын арттыру мәселелерін қарастырып, оқыту мақсаттарына жету жолдарын пысықтау үшін тапсырма мысалдарын талдады.

Сонымен қатар жаңа мектептің мұғалімдеріне көшпелі оқыту семинары, сондай-ақ Түркістан қ. НЗМ-де «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі», «Математика», «Физика», «Биология» пәндері бойынша тренингілер өткізілді.

ҚОСЫМША
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСТАР МЕН ОЛИМПИАДАЛАР ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

**17-ші Халықаралық Жәутіков олимпиадасы,
2021 жыл, 7-12 қаңтар, Қазақстан**

1

Асылбек Олжабаев

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, алтын медаль және I дәрежелі диплом иегері

2

Таир Сатубалдин

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, I дәрежелі диплом және алтын медаль иегері

3

Тамирлан Бектемисов

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, I дәрежелі диплом және алтын медаль иегері

4

Нурасыл Абдиразак

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, алтын медаль және I дәрежелі диплом иегері

5

Альдинаш Сейтенов

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

6

Махмұт Омар

(Талдықорған қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

7

Рахим Баймурзин

(Қарағанды қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

8

Ерсултан Пітебай

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), физика, II дәрежелі диплом және күміс медаль иегері

9

Мухаммадариф Сахмолдин

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), информатика, II дәрежелі диплом және күміс медаль иегері

10

Альтаир Ашуров

(Нұр-Сұлтан қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), информатика, күміс медаль мен II дәрежелі диплом иегері

11

Ернар Садыбеков

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), информатика, III дәрежелі диплом және қола медаль иегері

12

Темирлан Исмагулов

(Нұр-Сұлтан қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), физика, III дәрежелі диплом және қола медаль иегері

**Математикадан 33-ші Халықаралық
Азия-Тынық мұхит олимпиадасы (АТМО),
2021 жылы, 9-10 наурыз**

1

Рахим Баймурзин

(Қарағанды қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

2

Нұрасыл Әбдіразақ

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

3

Махмұт Омар

(Талдықорған қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

4

Альдинаш Сейтенов

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

5

Асылбек Олжабаев

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

6

Тамирлан Бектемисов

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

7

Арсен Нәрік

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

8

Таир Сатубалдин

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

9

Денис Сон

(Қостанай қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері.

**2021 жыл, 9-10 наурыз «Жібек жолы»
20-шы Халықаралық математика
олимпиадасы**

1

Асылбек Олжабаев

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

2

Махмұт Омар

(Талдықорған қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

3

Альдинаш Сейтенов

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

4

Таир Сатубалдин

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

5

Рахим Баймурзин

(Қарағанды қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), III дәрежелі диплом және қола медаль иегері

6

Тамирлан Бектемисов

(Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы

Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 7 /

Нұрасыл Әбдіразақ (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 8 /

Әлімжан Тұрдалы (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

Математика, физика және информатика пәндері бойынша оқушылардың «Туймаада» 28-ші Халықаралық олимпиадасы, 24 шілде - 3 тамыз, 2021 жыл, Якутск қ., Саха республикасы

/ 1 /

Альтаир Ашуров (Нұр-Сұлтан қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), информатика, алтын медаль және I дәрежелі диплом иегері

/ 2 /

Мухаммадариф Сахмолдин (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), информатика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

/ 3 /

Ернар Садыбеков (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), информатика, құрмет грамотасының иегері

/ 4 /

Нұрасыл Әбдіразақ (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

/ 5 /

Альдинаш Сейтенов (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 6 /

Акерке Нұрахметова (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 7 /

Артур Николаенко (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), физика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 8 /

Алишер Еркебаев (Ақтөбе қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), физика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 9 /

Арсен Нәрік (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, құрмет грамотасының иегері

Географиядан Еуропа олимпиадасы (EGEO), 19-21 маусым, 2021 жыл, Белград қаласы

/ 1 /

Рустам Валеев (Ақтөбе қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), география, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

/ 2 /

Еркебұлан Тазабек (Шымкент қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), география, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

Географиядан 17-ші Халықаралық олимпиада (IGEO), 11-16 тамыз 2021 жыл, Стамбул қаласы, Түркия

/ 1 /

Рустам Валеев (Ақтөбе қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), география, алтын медаль және I дәрежелі диплом иегері

/ 2 /

Еркебұлан Тазабек (Шымкент қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), география, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

2021 жыл, 23-30 маусым, жасөспірімдер аралығында өткен 25-ші Балқан математика олимпиадасы, Молдова

/ 1 /

Дамир Нұрланов (Павлодар қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері.

Информатика пәнінен 33-ші Халықаралық олимпиада (IOI), 2021 жыл, 19-28 маусым аралығы, Сингапур ұлттық университеті

/ 1 /

Мухаммадариф Сахмолдин (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), информатика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 2 /

Альтаир Ашуrow (Нұр-Сұлтан қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), информатика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері.

Қыздарға арналған 10-шы Еуропа математика олимпиадасы (EGMO), 15-19 сәуір, 2021 жыл, Кутаиси қаласы, Грузия

/ 1 /

Акерке Нұрахметова (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), математика, қола медаль және III дәрежелі диплом иегері.

Химия пәнінен 55-ші Халықаралық Менделеев олимпиадасы, 20 сәуір, 2021 жыл, Ресей

/ 1 /

Хайдар Қаирбек (Павлодар қаласындағы Химия-биология бағытындағы

Зияткерлік мектеп), күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

/ 2 /

Азамат Жаксылыков (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 3 /

Санжар Бисенәли (Нұр-Сұлтан қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 4 /

Әлмір Әлмуханов (Қарағанды қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

62-ші Халықаралық математика олимпиадасы, 14-24 шілде, 2021 жыл, Санкт-Петербург, Ресей

/ 1 /

Таир Сатубалдин (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

/ 2 /

Асылбек Олжабаев (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

/ 3 /

Рахим Баймурзин (Қарағанды қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері.

Биологиядан 32-ші Халықаралық олимпиада (IBO), 2021 жыл, 18-23 шілде аралығы, Португалия

/ 1 /

Ерасыл Темірбеков (Өскемен қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), биология, күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері.

**Математикадан 38-ші Балқан
олимпиадасы (ВМО), 2021 жыл,
6-10 қыркүйек, Кипр**

1

Сатубалдин Таир (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

2

Абдразақ Нурасыл (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері

3

Баймурзин Рахим (Қарағанды қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), қола медаль және III дәрежелі диплом иегері.

Химия пәнінен 53-ші Халықаралық олимпиада (IChO), 2021 жыл 24 шілде - 2 тамыз, Осака қаласы, Жапония

1

Хайдар Каирбек (Павлодар қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері

2

Санжар Бисенали (Нұр-Сұлтан қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері.

Физикадан 51-ші Халықаралық олимпиада (IPhO), 2021 жылғы 17-25 шілде, Вильнюс қаласы, Литва

1

Ерсұлтан Пітебай (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), күміс медаль және II дәрежелі диплом иегері.

14-ші Президент олимпиадасы, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ., 15-18 қараша, 2021 жыл

Алтын медаль иегерлері

1

Төлеген Мәлік (Ақтөбе қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп)

2

Әлішер Кабардияди (Қарағанды қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп)

3

Сұңқар Болат (Ақтөбе қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп)

4

Әліжан Ибраев (Қостанай қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп).

Күміс медаль иегерлері

1

Ақбота Тәңірбергенова (Нұр-Сұлтан қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп)

2

Жәнібек Шапатов (Өскемен қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп)

3

Артем Герман (Петропавл қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп)

Қола медаль иегерлері

1

Абдрахман Сейітхан (Шымкент қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп)

2

Шерзод Мухтаров (Шымкент қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп)

3

Рахат Ағасұлтанов (Көкшетау қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп)

4

Сұлтан Қани (Қызылорда қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп)

5

Шыңғыс Сариев (Нұр-Сұлтан қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп)

6

Нұрмерей Айдос (Нұр-Сұлтан қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп)

7

Жандос Байкаримов (Павлодар қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп).

Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механика бойынша зерттеу жобалары 11-ші Халықаралық байқауы, 2021 жыл, 1-3 наурыз

1

Бахтияров Алим (Павлодар қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), «Өндірісте және агро-техникада пайдаланылатын натурал сандарды бөлу» жобасы, қолданбалы математика, алтын медаль және I дәрежелі диплом

2

Какимова Майя (Павлодар қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), «Өндірісте және агро-техникада пайдаланылатын натурал сандарды бөлу» жобасы, қолданбалы математика, алтын медаль және I дәрежелі диплом

3

Джумадильдаев Медет (Алматы қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), «Ramanujan congruences for tangent numbers» жобасы, математика, алтын медаль және I дәрежелі диплом

4

Өмірзақ Әлішер (Қарағанды қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп), «Айналмалы гомотетиялар композициясы» жобасы, математика, алтын медаль және I дәрежелі диплом

5

Нугманова Арилана (Қостанай қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), « $1/p$, $2/p$, ..., $(p-1)/p$ (p-жай сандар) түріндегі бөлшектерді жіктеу» жобасы, математика, алтын медаль және I дәрежелі диплом

6

Хайрулла Ақжібек (Ақтөбе қаласындағы Физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп), «Комплекс сандардың геометриялық есептер шешуде қолданылуы» жобасы, математика, күміс медаль және II дәрежелі диплом

7

